№2 (1468)
17 – 23 қаңтар
2019 жыл

ISSN 1999-5857

ANA TILI

1990 жылғы наурыздың 22-сінен бастап шығады

Ұлт Тағзиясы

Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады

www.anatili.kz www.facebook.com/anatilikaz www.twitter.com/anatilikz e-mail: anatili_gazeti@mail.ru

КӨЗІҢНІҢ ҚАРАШЫҒЫНДАЙ

ҚАЗАҚЫ ТАЗЫ – ҚАЗЫНАМЫЗ

Әдеттегідей қауырт жұмыс күні болатын. Қабылдауда отыратын қыз ішкі телефон арқылы хабарласып, бір адамның сөйлескісі келетінін айтты. «Қандай мәселе туралы?» деген сұраққа, «Ұлттық мәселеге байланысты» деді. Тақырып біз көтеріп жүрген тұлғатануға келіңкіреместе де, іздеп келіп тұрған адамға ең құрығанда жөн сілтермін деген оймен «Қосыңыз» дедім. Тұтқаны көтеріп едім, арғы жақтағы ер адам амандық-саулықтан соң өзін «Владимир Владимирұлы, кинолог пын, ұлтым – неміс» деп таныстырды. «Айтатын мәселе – маңызды, қазақ халқы жеті қазынаның біріне балаған өзінің қасиетті тазысынан айырылуы мүмкін» деді. Жүрегім шым ете қалды... Қазақ тазысының бүгінгі жай-күйіне алаңдаған немісті көргім келді. Кездестік, бір сағат көлемінде сөйлестік. Кейіпкеріміз:

– Сіз қазақ тазысының Мысыр пирамидаларымен құрдас екенін, оның үш мың жылдық тарихы бар екенін, қазақ үшін жеті қазынаның бірі екенін, аштық жылдары бір тазы бір ауылды асырағанын, соғыс кезінде қазақы төбеттердің адам жанын арашалап қалғанын, баяғы заманда қазақ байлары қыздарының жасауына тазы бергенін, тіпті тазының неге «тазы» деп, төбеттің неге «төбет» деп аталатынын жақсы білетін боларсыз. Қазақ тазыларының әр өңірдегі түрлерінің неге әртүрлі болып келетіні, төбеті бар отарға қасқырдың неге жоламайтыны, төбеттің өз иесіне қарсы неге ұмтылмайтыны да белгілі. Қазақтың ырысы болып саналған мақұлықты қорғау, көздің қарашығындай сақтау керектігі туралы бірде-бір заңның жоқтығы өкіндіреді. Елбасының Қазақстанда туризмді дамыту бастамасын жүзеге асыру үшін халықаралық стандарттарға сәйкес ірі аэропорттарда иісшіл иттердің болуы керектігін, «ЭКСПО – 2017» кезінде халықаралық стандартқа сай болу үшін Англиядан төрт иісшіл иттің не үшін әкелінгенін көпшілік біле ме екен? Біздің иттерімізді үйретуге ешбір жағдай жасалынбайды. Бұл тақырыпты көтеріп, баспасөз беттерінде бірнеше мақала жазылғанымен, қолында билігі бар адамдарға айтылғанымен, ешбір нәтиже болмай отыр. Көршілес Ресей мемлекеті асыл тұқымды иттерін сақтап, қорғау үшін оны ұлттың мақтанышы деп арнайы заңды бекітуді қолға алған, соның ішінде қазақ тазысы да есепте жүр, егер ол заң жүзінде бекітілсе, қазақтың сан ғасырлар мақтанышы болып келген қасиетті тазысы өзге елдің асыл қазынасына айналмақ. Ол – өзге ел үшін нағыз асылды табу, қазақ елі үшін асылын жоғалту. «Рухани жаңғыру» дегенді күнде айтасыздар, рухани жаңғыруға өзекті тақырыптың бірі осы қазақтың тазысы мен қазақы төбет екенін білесіз бе? Мұндай тарихы тым терең жатқан ешбір елде жоқ, керек десеңіз, Европа, Ресейдегі асыл тұқымды иттердің барлығы осы қазақы тазыдан тараған, – деп ағыл-тегіл ақтарылып барып тоқтады.

(Жалғасы 11-бетте)

Бүгінгі санда:

Мұхамеджан ТАЗАБЕК:
Сириядан қайтқандар перғауын емес... 3-бет

Ауылдан ажырап қалмайық 8-бет

Қош бол, кітап... 11-бет

ТЫЛСЫМ



ҒАЛАМ

сарынынан ескен туыстық үн

...Адамдар мәйегіндегі ДНК кереметтің де өзгеретіні айтылып жүр... Әйтсе де, уақыт тұңғиығына сәуле түсіретін тірі құбылыстар бар. Соның бірі – адамзаттың тіл әлемі, рухани, материалдық дәстүрлер тамырластығы. Тіл әлемге тарау үдерісінде ірге бөлектеп, мыңжылдықтар деформациясына көп ұшыраса да, өзінің түп негізінен белгілер сақтай алған, жады өлмес, негізін уақытқа алдырмас қасиетті, жанды құбылыс. Сонысымен ол аса құнды тарих күәгері, тарихи дерек.

10-бет

ОЙТОЛҒАМ

НАМЫС ПЕН АР

Жоғарыдағы тақырыпты қозғауға көңілді әрі-сәрі еткен екі жағдай әсер етіп отыр. Сірә, екеуіне де селқос қарауға болмас. Қарағандыдағы оқиға бәрімізге жақсы белгілі. Ең алдымен айтарымыз мұндай дүрбелеңді қолдай да, қорғай да алмаймыз. Елімізге қажеті – бейбіт өмір, тыныштық, адамдардың тату-тәтті тірлігі.

Нұрперзент ДОМБАЙ
«Ана тілі»

Көмірлі шаһардан жастардың қырқысуы салдарынан жиырмадан жаңа ғана асқан қазақ жігіті көз жұмды. Жергілікті тұрғындардың дүрлігіп, қала орталығына жиналуына да себепкер болған бауырымыздың қазасы. Ол өз қандасының қолынан емес, өзгенің қолынан қаза тапты. Жұртты ашындырғаны да осы.

Дәл қазір бұл оқиғаға баға беруден аулақпыз. Көп пікір айтылып жатыр. Алайда біз тергеудің қорытындысын, соттың шешімін күтуге тиістіміз. Кім кінәлі, аяғы адам өліміне апарған жанжал не себепті орын алды – бұған жауап алатын сот те алыс болмас. Ал біздің тілге тиек еткелі отырғанымыз осы оқиғадан туындайтын Намыс жөнінде.

Жер бетіндегі қандай ұлт өкіліне болмасын өз жері, өз елі қымбат. Қазақ та солай сезінеді. Кешегі бабаларымыз бойтұмардай аманаттап кеткен жерді, елді қорғап, сақтау бүгінгі ұрпақтың ең асыл борышы. Енді келіп сол қасиетті жерінде сырттан келген әлдекімдер күш көрсетіп, жағаңа жармасып жатса бұған қалай төзуге болар еді. Бойында намысы бар кез келген адам мұндайда жайбарақаттық танытпасы бесенеден белгілі.

Біз, қазақ, анау қытайға, үндіге, орысқа қарағанда санымыз көп халық емеспіз. Тіпті мына көрші өзбек халқынан да азбыз. Міне, содан ғой, «Әр қазақ – менің жалғызым» дейтініміз. Сол «жалғызымыздың» жаны мен арын бәрімізге қымбат.

Қазақ – бейбіт халық. Даласы қандай кең болса, көңілі де сондай кең. Бірақ кеңдікті кемдік деп түсінбеген абзал. Төзімділікті момындыққа баламаған дұрыс. Осы жерде ұлы бабамыз Қазыбек Келдібекұлының мына сөзі есімізге оралады: «Біз – қазақ деген кырда қой бақкан елміз, жүйрік жаратып, қымызға бие байлатқан елміз. Дәм-тұзды ақтай білген, достықты сақтай білген, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз! Төрімізден құт-береке қашпасын деп, жерімізді шетін жау баспасын деп, туырлыққа – ту іліп, қыннан қылыш суырып, көк найзаның ұшына күдері үкі таққан елміз!» деп келеді де, сөзін одан әрі былай жалғастырады: «Дұшпанға еш бас ұрмаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз! Асқақтаған хан болса, сөз ұқпайтын пан болса, қанға – қан, жанға – жан алатынымызды жасырмаған елміз!».

Қазақтың кім екенін, халқымыздың мінез-құлқын, қасиетін, ерекшелігін білгісі келетіндерге – Қазыбек бабамыздың осы сөздері төте жауап. Осындай рухты сөздерді бойға сіңіріп өскен халықтың Қарағандыдағы бір бөлігі басын көтеріп, ашу-ызасын білдіріп жатса, мұны түсіну керек. Жамандыққа жоруға тиіс емеспіз. Намыс ұшқынының бұл да бір белгісі деп ұққанымыз жөн.

Намыс қай кезде де керек. Оның керек емес жері жоқ. Ретті келіп тұрғанда соның ең бір қажет жері туралы айта кетейік. Ол ұлт тіліне қатысты. Несін жасырамыз, бұл күнде тілге қатысты қазақ арасында екіге бөліну бар. Бір қазақ өзінің туған тілінде өмір сүріп жатса, екінші бір қазақ қазақша сөйлеуді міндетім деп санамайды.

Өзге тілдерді білгенге ешкімнің қарсылығы жоқ. Қайта қолдаймыз. Алла тағала қазақ етіп жаратқаннан кейін қазақша сөйлеу, қазақ боп өмір сүру парыз емес пе? Жарық дүниеге тағы бір қайтып келетін болсақ, онда кешірімді болар еді. «Бұл жолы болмаса, келесі жолы қатырамын ғой» дейтіндей. Алайда өмір бір-ақ рет беріледі. Сондықтан өмірге қазақ болып келгеннен кейін қазақтығымыздан айнымай, өзгеге құлі болмай, біз де басқалардан кем емес ұлт, халық екенімізді білдіріп, өз еліміздің – Қазақ елінің тұғыры мықты, беделі биік, абыройы асқақ болуы жолында бірлесе, ынтымақтаса тіршілік етсек, бұл жарық дүниеге келгендегі басты мақсатымыздың орындалғаны емес пе?!

(Жалғасы 2-бетте)

DANALYQ MÁIEGI

ABAI

QYRYQ ÚSHINSHI QARA SÓZ

(Jalǵasy. Basy ótken sanda)

Kimde-kim syrttan estip bilý, kórip bilý sekildi nárselerdi kóbeltip alsa, ol – kóp jiǵany bar adam: synap, oryndysyn, orynsyzyn – bárin de baǵanaǵy jiǵan nárselerinen esep qylyp, qarap tabady. Bulaı etip bul hareketke túsingen adamdy aqyldy demiz. «Qudaı taǵala ózi aqyl bermegen soń qaıteik?» demek, «qudaı taǵala senimenen meni birdeı jaratyp pa?» demek – qudaı taǵalaǵa jala jaýyp, ózin qutqarmaq bolǵandyǵy. Bul – oısyz, ónersiz nadan adamnyń isi. Oǵan qudaı taǵala kórme, esitpe, kórgen, estigen nárseńdi eskerme, esińe saqtama dep pe? Oıyn-kúlkimen, ishpek-jemek, uıqytamaqpen, maqtanmen áýre bol da, ishińdegi qazynańdy joǵaltyp, haıýan bol degen joq.

Keıbireýler aıtady: «Aqyl jıbılı bolmasa da, talap – jıbılı. Talap bergen adam aqyldy tapty, talaby joq kisi taba almady», – deıdi. O da beker. Talap balada da bar, oǵan talas qylýǵa bolmaıdy. Baǵana aıttyq qoı, qýaty basynda kishkene bolady, eskermese joǵalyp ta ketedi, eskerse, kútip aınaldyrsa, zoraıady dep. Jan qýatymenen adam hasıl kylǵan ónerleri de kúnde teksersең, kúnde asady. Kóp zaman teksermeseń, taýyp alǵan ónerińniń joǵalǵandyǵyn jáne ózińniń ol mezgildegiden bir basqa adam bolyp ketkeniń bilmei qalasyń. Qaı joǵalǵan óner: «al, men joǵaldym» dep, habar berip joǵalady. Endi qýsań, baǵanaǵy áýelgi tabýyńnan qıynyraq tıedi.

(Jalǵasy kelesi sanda)

ЖИЫН

Тарихи мұра – асыл қазына

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының мәжіліс залында Ғалымдар кеңесі мен «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының жиналысы өтті.

Азаматтың суреті

Жиын таяуда өмірден өткен ғалымдарды, «Әділет» қоғамының мүшелерін бір минут үнсіздікпен еске алудан басталды. Мұнан соң Тіл білімі институтының басшысы Ерден Қажыбек сөз сөйлеп, жиналыс мақсатымен таныстырды.

Институт басшысынан кейін сөз алған «Әділет» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ғарифолла Әнес Жаңалық ауылында ашылған саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған музей жайын тілге тиек етті. Музейге ғылыми кеңес керек екенін, ол үшін тарихшылармен, архив мамандарымен жұмыс істеу мәселесін жолға қоюды ұсынды. «Репрессия тақырыбының ашылғанына 30 жыл болды. Ашаршылық, халық көтерілісі, 37-38 жылдардағы үлкен террор тақырыптарын дұрыстап зерттеп, халыққа жеткізу керек. Себебі соңғы кезде Алаш арыстары туралы әртүрлі алып-қашпа әңгімелердің шығып жатқаны жасырын емес. Биыл Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Тәлжан Шонанов, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожановтың 125 жылдығын, Құлайберген Жұбановтың 120 жылдығын атап өткен кезде белсенді идеологиялық жұмыс жүргізбесек, тағы сондай әңгімелер шығуы мүмкін. Сондықтан ғалымдарға арқа сүйейміз» дей келе, Ғ.Әнес сөз соңында екі ұсыныс білдірді. Бірі – 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай дәстүрлі түрде халықаралық конференция өткізу. Екіншісі – әр ғылыми институттан «Әділет» қоғамының жұмысына жауапты өкіл сайлау. Мұны ғалымдар бір ауыздан қолдады. Жиынға қатысушы басқа да ғалымдар мен ғылыми институт басшылары Алаш арыстарының мұрасын іздестіру, зерттеу және насихаттау мәселелерін талқылады.

Майя МҰРАТБЕК



БАҒЫДАН БАСТАУ АЛҒАН БАЙ ШЕЖІРЕ

Негізінде адам санасы сәулеленіп отырмаса, жадымыздың да көмескі тартып, көнені ұмытып, жаңаны жатырқап, бойкүйездікке қарай бейімделе түсетініміз айқын. Осы ретте, Елбасымыздың бұдан бір жарым жылдай бұрын жария болған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының маңызы айырықша екенін уақыттың өзі дәлелдеді.

Азаматтың суреті

Әдетте келер күннің бағдарын айқын белгілеп алмай, ілгері қозғалу — мақсатсыз жолға шыққанмен бірдей. Сол тұрғыдан қарағанда Елбасымыздың рухани жаңғыруды бәрімізден алдымызға міндет етіп қоюы ең алдымен келешектің кемелділігін ойлағандық, сондай-ақ өткенімізді түгендеп, барымызды жоғалтып алмай, айналамызды түгендеп отыру қажеттігіне нұсқау деп білеміз.

Ал сол «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретінде қарастырылып отырған жаңа жобалар аңғаршықы бағытты тереңдету көрінісін береді.

Ең алдымен айтарымыз — Президентіміздің осы еңбегінде қолданылып отырған «Ұлы дала» терминінің өзі біздерге, қалың жұртшылыққа ерекше қуат, айырықша серпін береді. Өйткені бәріміз де дала баласымыз. Сол далада өстік, жетілдік, өркендедік.

Қазақтың ұшы-қиыры жоқ, көз жеткісіз кең даласы әр перзентіне сол өзіндей кендікті, мәрттікті сыйлағандай. Ал «Кең болсаң — кем болмайсың» деген ата-бабаларымыздан қалған көсем сөз бүгінгі күні де өз мәнін жойған жоқ. Кеңдік дегеніміз сөз кеңінен жайылып, барынды жанжағына шашып, берекені кетіру деген нәрсе емес. Кеңдік дегеніміз — болып жатқан құбылыстарға байыппен қарауды, соның бәрін зерделеп, сана сүзгісінен салмақтап өткізіп, «жеті рет өлшеп, бір рет кесуді», яғни тиянақты шешім қабылдауды білдіреді.

Біз үшін Ұлы даламыздың ұсынар үлгісі де көп, бауырына басқан құпиясы да жетерлік. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында «... Біздің ұлттық тарихымыздың көкжиегі бұған дейін айтылып жүрген кезеңнен тым әріде жатқанын айқатайды» дей келе, «Европацентристік көзқарас сақтар мен ғұндар және басқа да бүгінгі түркі халықтарының арғы бабалары саналатын этностық топтар біздің ұлтымыздың тарихи этногенезінің ажырамас бөлшегі болғаны туралы бұлтартпас фактілерді көруге мүмкіндік берген жоқ» деген тұжырым айтылады.

Ойланарлық, ой саларлық жәйт. Біз кейде, шынын айтқанда, тарихымыздың арғы-бергі жағын түгендеп болып қалғандай күйді бастан кешетініміз бар. Ал дұрысына келгенде, басқамызды айтпағанда, тарихшыларымыздың алдына үлкен міндет қойылып отыр. Елбасының ең басты ойы — «жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдау» екен.

Мұны бәрімізге де шын жүректен құптаймыз, өйткені бұл бәріміздің ойымыздағы, жүрегіміздегі тілекпен ұштасады. Ал ол қалай орындалады, бұл басқа мәселе. Жаһандық тарихта әр ұлттың, халықтың өзін ешкімнен кем санамайтыны, өз рөлін жоғары қою сезімі әркімнің де санасында тұратындығы жасырын емес. Бұл жерде нақты ғылыми деректерге сүйену ғана ақиқаттың жолын ашады. Елбасының айтып отырғанының өзі де осы.

Жеті қазақта қастерлі сан болып есептелетіні бәрімізге мәлім. Жеті саны киелі деп те айтылады. Ендеше, Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» деген атауды да бекерге таңдамағаны белгілі.

Әдетте дала ұғымын ауызға алғанда, атқа мінген қазақ баласы көз алдыңызға келетіні айқын. Сондықтан да «Атқа міну мәдениеті» әңгімесі бәрімізге де жақын. Осы тарауды оқығанымызда құлағымызда даладағы дүбір естілгендей, көз алдымызға арғымақтың арынды шабысы келгендей болды. Ал басты идея — атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығының жер жүзіне Ұлы даладан таралғанын тағы да нықтап айту көңілімізге қонады.

Сондай-ақ ән стилі тақырыбы да жанымызға жақын. Өйткені қоршаған ортамен тығыз байланыста өмір сүрген халқымыздың ажырамас бөлімі — табиғаттан тұстастық біліңеді бұл жерде.

Ел мен елді байланыстыратын — қарым-қатынас жасау, араласу. Осындай жақындасудың бір негізін қалаған Ұлы Жібек жолының тарихтағы орны ерекше. Осы жолдың негізгі бөлігі Ұлы дала үстімен өтуінің өзі бүгінгі күні жаңаша зерделеп, тиянақтай түсуді қажет етеді деп білеміз.

Елбасының тарихи сананы жаңғырту ауқымында «Архив-2025» жеті жылдық бағдарламаны жасау жөніндегі ойы да құптарлық. Соның жөнінде бірге ұлы даланың ұлы есімдерін насихаттау, түркі әлемін жандандыра түсу, ұлы даланың ұлы өркениеттерін өрістету тұрғысындағы бағыттары біздің еліміздің еңсесін биіктетуге, күллі әлем алдындағы тұлғамызды асқақтатуға қызмет етеді деп ойлаймыз.

Елбасының «Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту — еліміздің табысты болуының кепілі» деген қорытынды сөзі бәрімізге ортақ мудде-мақсат деп білеміз.

Қ.БІРМАНОВ,
Ақтөбе облысының ардагерлер кеңесінің төрағасы

МӘДЕНИЕТ

Аудармашылар бас қосты

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бағыттарының бірі «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы жалғасын келеді. Осы жоба аясында қазіргі қазақ әдебиеті антологияларын БҮҮ-ның 6 тіліне аудару жұмыстары жүріп жатыр.

Аталған жоба тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті мен мәдениеті, музыкасы мен бейнелеу өнерін, хореография, кино және театр саласындағы жетістіктерді әлемге танытуды мақсат етеді. Соның ішінде, аталған жоба аясында қазіргі қазақ прозасы мен поэзия жинақтарын 6 тілге аудару қолға алынды. Осы жұмысқа қатысып жатқан Ұлыбритания, Испания, Франция, Ресей және Қытай аудармашылары мен әдебиетшілері, аударма және баспа ұйымдарының өкілдері шығармаларды қазіргі қазақ әдебиеті антологиясына енген авторлармен кездесу үшін Алматыда бас қосты.

Ұлттық аударма бюросының атқарушы директоры Рауан Кенжеханұлы қазіргі қазақ әдебиетін әлем оқырмандарына өз деңгейінде жеткізу Ұлттық аударма бюросына жүктелгенін айта келе, шетелдердегі озық аудармашылардың осы жұмысқа тартып отырғандарын жеткізді.

– Қазіргі кезде алты тілдің төртеуіне жолма-жол аудару жұмысы аяқталып, қытай, араб тілдеріне жолма-жол аудару жұмысы жүріп жатыр. Бұл жинға аудармашылар мен авторларды қатар шақырып, түсінбеген сұрақтарға аудармашылар жауап алып, авторлар өз шығармаларының қалай тәржімаланып жатқанын білсін деп отырмыз. Аудармашы мен автордың түсінісіп, шығармашылық байланыста болғаны бұл істе өте маңызды, – деді Р.Кенжеханұлы.

Аудармадағы тәжірибе барысында британдық әріптестер «мәдени индукция» (Cultural Induction)тәжірибесін қолдануды ұсынды. Ол аудармашылар мен редакторлардың түпнұсқа мәтін (елдің) мәдениеті мен оның мазмұнына терең үңілуіне жол ашады. «Бұл тұрғыда аудармашыларға артылар жүк салмақты» деген ҚР Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет жобаға сәттілік тіледі.

Балалық шағының біраз уақытын Алматыда өткізген мәскеулік Александра Шевелеваның әдеби мәтіндерді аудару мен редакциялаудағы тәжірибесі он бес жылдан асады. Бүгінде Испанияда тұратын талантты аудармашы қазақ ақындарының стилі мен сөз саптауының ерекшеліктеріне тоқталды.

– Қазақ поэзиясы испан әдебиетімен салыстырғанда метафораларға бай, фольклорлық бояуы мол, астарлы мағынасы басым күрделі көрінді. Буын мен тармақ санынан да айтарлықтай айырмашылықты байқауға болады. Қазақ ақындарының стилі де, сөз саптауы мен ой жүйелеуі де өте ерекше екен. Талғампаз ақын Олжас Сүлейменовтің терең толғамдары, Танакөз Толқынқызының өрнекті өлеңдері, Ақберен Елгезектің мистикалық, Бақытхан Қанапияновтың лирикалық поэзиясы бізді, аудармашылардың өзін, тілдік қана емес, эмоционалдық тұрғыдан сан түрлі сезімге бөледі. Бұл бір елдің поэзиясы үшін ғажап құбылыс, – деді А.Шевелева.

Айта кетейік, жоба ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының үйлестіруімен жүзеге асуда. Қазіргі таңда ағылшын, француз, орыс және испан тілдеріндегі жолма-жол аударма жұмысы аяқталды. Қытай және араб тілдеріндегі жолма-жол аударма жұмысы жүріп жатыр.

Ақбота ҚУАТОВА

ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында мектепке дейінгі білім беру сапасын жақсарту, баланың ақыл-ой мен шығармашылық қабілетіне жете мән беріп, жас кезінен бала бойына жаңа дағдыларды қалыптастыру қажеттігіне назар аударады.

БАЛАБАҚША – ТӘРБИЕ БЕСІГІ

Азаматтың суреті

Бағдагүл БАЛАУБАЕВА
«Ана тілі»

Қай кезеңде болмасын балабақша мәселесі, баланы балабақшаға орналастыру жайы өзектілігін жойған емес. Ресми статистикаға сүйенсек, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгенге дейін 7 жасқа дейінгі балалардың шамамен 70%-ы балабақшамен қамтылса, егемендіктің алғашқы жылдары нарыққа бет алған тұста, «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» кетіп, балабақша да қараусыз қалды.

1991 жылы елімізде 8743 балабақша болса, оның жартысынан астамы (4868) «оңтайландыру» кезеңінде жекешелендірілген, бір бөлігі бос қалған, қираған. Тұтастай алғанда, 2000 жылға дейін республикадағы балабақша саны 1144-ке дейін азайды.

Тәуелсіздік жылдарында етек-жеңімізді жиып, ес жия бастағанда білім саласына да көңіл бөлуді қолға алдық. Балабақша саны артып, мектепке дейінгі білім беру жүйесі жандана бастады. Бұған демографиялық ахуал да өз әсерін тигізді. Мәселен, 1990-1999 жылдары туу көрсеткіші күрт төмендесе, 2000-2013 жылдары бала туу көрсеткіші орта есеппен 13 мың адамға артты.

2007-2009 жылдары 2557 мектепке дейінгі ұйым ашылса, оның 612-сі – балабақша. Ал 2009 жылы 4972 мектепке дейінгі ұйым жұмысын бастап, оның ішінде 2003 балабақша бүлдіршіндерге есігін айқара ашты. Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту мектепке дейінгі балалар санының 38,7%-ын құрған.

Елбасы «Қазақстан – 2050 стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында 2020 жылға дейін балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен 100% қамтамасыз етуді міндеттеп, осыған байланысты «Балапан» бағдарламасын іске асыру мерзімін 2020 жылға дейін ұзарту және мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістерін әзірлеуді тапсырған еді.

Бұл тұрғыда елімізде көптеген шаруалар атқарылып жатыр. Қазақстанның 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын іске асыру үшін әзірленген «Бизнестің жол картасы – 2020», Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2020 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы аясында мектепке дейінгі білім беру мекемелері өмірге келді.

Бөбекжай, балабақша, отбасылық бөбекжай, санаторлық бөбекжай, «мектеп-балабақша» кешені, мектепке дейінгі шағын орталық атты атау иеленген мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің жұмысы күн өткен сайын жанданып келеді.

Алматы қаласында бүгінгі күні 800-ге жуық мектепке дейінгі білім беру орны жұмыс істейді. Оның 300-ден астамы мемлекеттік «Балапан» бағдарламасы бойынша қызмет көрсетеді. Статистикаға сүйенсек, 2014 жылы – 8900, 2015 жылы – 8870, 2016 жылы – 9230, 2017 жылы – 9560 бүлдіршін балабақшаға қабылданған. Соған қарамастан, күн өткен сайын балабақшаға деген сұраныс үдей түсуде.

Бала – біздің болашағымыз, еліміздің ертеңі. Ертеңгі ел тізгінін ұстар ұрпағымыздың дені сау, болашағы жарқын болуы үшін іргетасы да нық қалануы тиіс.

М.Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде: «Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзеймін десең сындырып аласың. «Баланы – бастан» деген сөздің мәнісі осы. Тәрбие деген – баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Яки отырса басқа, тұрса аяққа ұрып, көрбала қылып өсіру де емес. Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса – өзін, асса – барлық адам баласын адал жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұғиық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы, аламзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару. Баланы мұндай адам қылу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйрете білу керек» депті.

Ендеше, ұрпақ бағбанына айналып отырған балабақша тәрбиешілеріне де көңіл бөлінсе деген тілек бар.

ОЙТОЛҒАМ

НАМЫС ПЕН АР

(Басы 1-бетте)

Өз тілімізде сөйлемей, өзге тілде шұлдірлеп жүрсек, мұның түбі жақсылыққа апармайды. Елдің, халықтың жер бетінен тұздай құрып кетуінің бір себепкері – ұлт тілінің ұмыры қыска болуы. Саналы жұрттың біразына белгілі бұл жайтты есте ұстай жүрсек дейміз.

...Таяуда Алматы облысы Райымбек ауданына қарасты Сарбастау поселкесінің бір топ тұрғындары әлеуметтік желі арқылы бейнеүндеу жариялады. Бұған себеп болған қазақы әшекейлерді тағып, жаланаш фото, видеоларға түсіп, елді шулатқан қарақөз қыздарымыздың бірі – Шырын Нарчаева. Олар бұл қыздың қазақ халқын, сонымен бірге бүкіл әйел қауымын масқаралап отырғанын айта келе былай дейді: «Біз оның бұл әрекетін тоқтатуын, сөйтіп, дұрыс жолға түсуін сұраймыз. Өйткені оның бұл ісін басқа қыздар да қайталамасына кім кепіл?». Осы іспетті пікірлер көптеп кездеседі. Белгілі өнерпаз Ерболат Құдайберген тіпті жоғарыдағы биліктің бұл жайтқа немқұрайлы қарамаулары өтінеді.

Расында да, Шырын қыздың бұл әрекеті көп адамның ренішін туғызды. Он сегізге жаңа толған қыздың жаланаштанып, омырауын көрсеткені, ол аз болғандай жаланаш денесіне атадан балаға мұра болып келе жатқан қазақтың қасиетті зергерлік бұйымдарын тағынғаны жаныңды сыздататындай-ақ көрініс.

Қазақ қызды бұлай тәрбиелемейтін. Қазақ қызды ұлттың ары, ұяты деп білді. Сондықтан қыз тәрбиесіне ес білген кезінен баса мән берді. Бақылау, қадағалау қатты болды. «Қызға қырық үйден тию» деген тасқа басылмаса да күнделікті тіршілікте берік қағидаға айналған заңдылық үстемдік етті. Кешегі уақыттары қазақ әйелдері денесі түгілі шашының бір талын да сырт көзге көрсетпеуге тырысатын.

Қазір тіпті «ұят» деген сөзді мазаққа айналдырғысы келетіндер табылып жүр. Олар әрине асфальтта өсіп, қазақы тәрбиені бойына сіңірмегендер.

Ұят деген де ардың бір мағынасы. Қазақ сан жылдан бері «ұят болады» деген сөзді ұл-қызының құлағына құю арқасында ұрпақтың бойында адамгершілік, имандылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастырды.

Ұят малда ғана болмайды. Адамның малдан ерекшелігі – ұяттылығы. Ұятты күлкі етіп, әжуа қылғысы келетіндер өзіне де, ұлтына да абырой әпермейді.

Жастардың кейбіреулері бар өнеге, өркениет батыста деп түсінетін секілді. Бұлай ойлайтындар қателеседі. Батыстан алатын да, алмайтын да нәрселер бар. Әсіресе, тәрбиеге байланысты олардан үйренетін тағылым аз. Мақтанғанымыз да, асыра дәріптегеніміз де емес, ғасырдан ғасырға үзілмей жалғасып келе жатқан ұлтымыздың салт-дәстүріне, әдет-ғұрыптарына, өнегелі қасиеттеріне жететіндері жоқ. Бұл дәстүр, бұл тәрбие сан сынақтан, елеуіштен өткен. Әбден жеріне жетіп «тазаланған», сұрыпталған. Оған кінә тағалмайтынымыздың да, өгейлік танытпайтынымыздың да, сырт беріп кете алмайтынымыздың да сыры содан.

Біздің тәрбие жер бетіндегі қандай ұлтқа да темірқазық бола алады. Өзгелер ұл-қыздарына дәл біздегідей жол көрсетіп, бағыт-бағдар беріп, келеңсіз қылықтарды бойларына жолатпайтын болса адамзаттың бағы жанатынына күмән келтіре алмайсыз. Демек, өзгенің қансырын таңсық етуден аулақ болған жөн.

Намыс пен ар – қазақ үшін ең қымбат құндылықтар. Намыс пен ар болса ұлттың тұғыры да мәңгілік. Олай болса намысымызды қорлағысы, арымызды дастарысы келетін қандай да әрекеттерге дер кезінде тосқауыл қоюға тиістіміз. Өйткені бабаларымыздың бізге қалдырған өсиеті осындай. Өсиетке адалдық – ұрпақтан.

Мұхамеджан ТАЗАБЕК, «Асыл арна» телеарнасының бас директоры:

СИРИЯДАН ҚАЙТҚАНДАР ПЕРҒАУЫН ЕМЕС...

Азаматтың суреттері

– Әңгімемізді «Асыл арна» телеарнасынан бастасақ. Арна қалай құрылды? Идеясы қайдан келді? Құрылтайшысы кімдер? Ұстанып отырған саясаты қандай?

– «Асыл арна» – дер кезінде қолға алынған жоба. Елбасының тікелей қолдауымен құрылды. Яғни «Асыл арна» идеясының басында президентіміз тұр деп айтсақ болады. Жасыратыны жоқ, қазір айтылып жүрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының іргетасы 2007-2008 жылдары қалана бастаған-тұғын. Сол тұста жадымыздан өше бастаған дәстүрлерімізді жаңғыртатын, ата дінімізді насихаттайтын, түп тарихымызбен жүйелі түрде таныстыратын елге пайдалы жоба жасағымыз келді. Ұсынысымыз Ақордадан қолдау тапты. Міне, содан бері он жыл өтті. Биыл осы айтулы күнге орай кітап шығарғалы отырмыз. Арнаның әуелгі бағыты таза діни жағдайда болатын. Шыны керек, бұрынғы Кеңес Одағы аумағында бұрын-соңды болмаған діни арнаның жұмысын жүйелеу оңай болған жоқ. Өзімізде түсірілген бейнематериалдар тапшылығынан түрікте, арабта, Кавказ елдерінде таспаланған көріністерді көбірек пайдаланамыз деп, «ойбай, бұлардың шетелмен байланысы бар екен, арабтардан ақша алады екен, түрік болуды насихаттамақ екен, шешендерге іш тартады екен» деген сыңайдағы шылғи өтірік сөз естуге де мәжбүр болдық. Имандылық тақырыбындағы фильмдер, деректі дүниелер, тарихи бейнехроникалар, мультфильмдер Қазақстанда жасалған жоқ, тіпті ТМД аумағында да ондай ауқымды шаруа атқарылмаған – шеттен алмасқа амалымыз қайсы? Негізсіз байбалам салғандардың кейіннен ұялып, кешірім сұрағандары да болды. Зайырлы қоғамда дінге негізделген рухани телеарнаны ашудың қандай қиындығын, оны жүргізу жұмыстарының нәзіктігі мен күрделілігін сезінген адам ренжудің орнына бізге рақмет айтар еді.

Сосын «басқа елдердің діни арналары қалай жұмыс істейді екен?» деген сауалға жауап іздеп, тәжірибе жинауға бел байладық. Алдымен Үндістанның Мумбай қаласында Ислам дінін насихаттайтын арна бар екенін естіп-біліп, арнайы барып, жұмыс үрдісін тамашаладық. Сөйтсек, ол үндінің діни сауаты да, дүнияуи білімі де жоқ қарапайым мұсылмандарына Исламның әуелгі қағидаларынан бастап балаға әріп танытқандай ежіктеп үйрететін телеарна екен. Құдайға шүкір, қазақ – жүз пайыз сауатты халық. Егер олардың жүйесін қолданатын болсақ, бесінші сыныптың білімді оқушысына қайтадан әліппе ұстатқандай күйге түсер едік. Сосын Малайзияның, Иорданияның, Түркияның, т.б. елдердің арналарын қарадық. Еуропа елдеріндегі Ислам арналарының тәжірибесін зерттедік. Байқасақ, бәрі де өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес еңбек етіп, өз халқының таным-талғамына, ұғым-түсінігіне сай бағыт ұстанып, сол рәуіште телехабарлар жасайды екен. «Ендеше, біз де ешкімге еліктеп-елікпей, ешкімнің жолын қайталамай, өз көрерменіміздің – өз қазағымыздың рухани сұранысын өтеуіміз қажет» деген қорытындыға келдік. Зиялы қауым өкілдерімен кеңесе келе, «Асыл арнаны» отбасылық құндылықтарды, руханиятымызды насихаттайтын арнаға трансформацияладық.

– Діннің мемлекет саясатында алатын орны қандай?

– Адам денесінде рухтың алатын орны қандай болса, кез келген мемлекет үшін оның руханиятының алатын орны дәл сондай. Дін – қай кезде де сенімнің өзегі. Адамзат тарихына қарасақ, қандай да бір сенім, дін және адамдар құлшылық ететін орын әманда болған. Яғни қоғам үшін, сол қоғамды құрып отырған қауым үшін ең бірінші кезекте сенімнің болуы маңызды. Сонда ғана онда мақсат, құндылықтар пайда болады. Ал сенім болмаса, құндылықтардың бәрі тез ауысып тұратын айнымалы өмірдің ағымына айналып кетеді.

Біз күрделі кезеңдерді бастан кешірдік. Бір кездері шариғи іргетасымызға сызат түсіп, ғұламалар насихатына ноқта салынды, қате түсіндірілді, жоққа шығарылды, дәстүрлі мектептер жабылды. Соның салдарынан рухани есік-терезелеріміз ашық қалып, көптеген шетін көзқарастар енді. Ағартушылық жұмыстың аздығынан жастарымыз радикалдық ағымдардың арбауына түсті. «Асыл арнаны» осы олқылықтардың орнын толтыру үшін де қолға алған болатынбыз.

– «Жусан» операциясы негізінде Сирияға аттанып кеткен бірнеше отандастарымыз елге қайтарылды. Олардың ендігі тағдыры қандай болады? Елде қалай тәрбиеленеді?

– Бұл – тәуелсіз ел екеніміздің, бізде мемлекеттік жүйенің жұмыс істеп тұрғанының белгісі. Кез келген азаматының тағдырына бейжай қарай алмайтын мемлекет құрғанымыздың және сол елді басқарып тұрған Елбасы еңбегінің бір ғана кішкентай көрінісі.

«Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң». Кешегі тек ішсек, жесек, қарнымыз тойса, жарық жанып тұрса, үйге жылу кірсе дегеннен басқаны ойлатпаған тоқсаныншы жылдардағы жағдай бала тәрбиесіне, отбасылық құндылықтарға уақыт бөлуге мұрша қалдырған жоқ. Одақ ыдырағаннан кейінгі жылдары кешегі темір жүйе мен шектен шыққан еркіндіктің арасында қақтығыс пайда болды. Осы қақтығыстан жаңғырық шығып, жаңқалар жан-жаққа ұшқан кезде адамдар әртүрлі толқынның жетегінде кетті. Бұрын ағайын-туыс болып әр баланың тағдырына алаңдап, қызын қырық үйлі ауыл боп аялайтын болса, тоқсаныншы жылдары ағайын-туыс түгілі туған әке-шешесі өз баласының немен айналысып, қайда жүргенін қадағалай алмайтын жағдайға жеттік. Сол кезде адамдар кеудесін сыққан, ішінен шыңғырып шыққан рухының үніне құлақ тосты. Жауабын табамын деп жүріп, шатасты, қателесті.

Қазіргі әлем – бір жасушалы организм сияқты. Өзге материктегі оқиға дүмпуінің демі сіздің де бетіңізді шарпиды. Басқа бір құрлықта қолдан құрастырылған қағида бір күні сіздің де есігіңізді қағады. Әлемде бізді өзіне тәуелді еткісі келетін алпауыт топтар бар. Көгілдір экрандағы коучтері, әлеуметтік желідегі шейхтары арқылы бізге жат идеологияларды төбемізден төмен қарай төгіп насихаттап, интернетте иін тіресіп тұрған жастарымызды сыртқа сирағынан сүйретіп әкетіп жатты. Шекарасыз ақпараттың тасқыны, мультимәдениеттің басымыздан бақайшығымызға дейін орнығуы, телерадиодан күндіз-түні берілетін жат мәдениет жаңбыры адамдарды рухсыздандырды, жалаңаштандырды. Қымбат құндылықтарымызды қымтап тұрған рухани киімдерімізді шешті. Соның да себебінен әртүрлі жағдайларға ұрынып қалдық. Мыңжылдық рухани тарихымызға қарасақ, баланың дінге қатысты алғашқы сұрағына әке-шешесі, ата-әжесі, ауыл молдасы жауап беретін. Балада қажеттілік пен талпыныс күшейсе, қолынан жетектеп, мешітке, медресеге, талабы одан да ұлғайып жатса, үлкен шаһарға, алыс-жақын шетелге ақ батасымен білім алуға аттандыратын. Ондай баланың рухани иммунитеті қалыптасып, еш уақытта ешқандай ағымға алданбай, дінді кезең-кезеңімен үйренетін. Өкінішке қарай, тоқсаныншы жылдары рухани, діни бағыттағы мәселелерді дұрыс жүйелей алмадық, кадрларды толық даярлап үлгермедік. Бірақ жастар рухани ізденістерін тоқтатпады. Сол кезде дәстүр бұзылды. Баланың алғашқы «Құдай бар ма, жоқ па?», «Құдай әділ ме, әділетсіз бе?», «Кедей неге қиналып жүр? Бай неге тасынып жүр?» деген сауалдарына ата-әжесі, әке-шешесі емес, интернет шейхтар жауап берді. Сөйтіп, шарапатты өзгелерден көрген жас өзге өрістің бәрін сырттан іздей бастады.

Сириядан қайтарылған отандастарымыз да кезінде осындай себептердің бірімен шекара асып кеткен шығар деп ойлаймын. Олардың ендігі тағдыры тікелей өзімізге байланысты. Жақсы баланы әркім тәрбиелейді. Қиын баланы қуатты ел ғана қанатының астына алады. Егер біз шын текті болсақ, оларды шеттетпей, бауырымызға тартып, түсіндіруіміз, мемлекетшілдік сананы сіңіруіміз керек. Бұл да – нашаның немесе алкогольдің апатына душар болған адамды емдеу сияқты дүние. Әлбетте, бұл шараларды мемлекет үйлестіруі керек. Елімізде қаншама оңалту орталықтары, дінтанушылар мен теологтар, психологтар мен заңгерлер, жұмыс беруші орындар бар. Солардың басын біріктіре отырып, әр адамға жеке тәсіл қолдану керек. Отанға деген құрметін лаулатып, қоғамға пайдалы адамға айналдыруға тырысуға тиіспіз. Өйткені пайғамбарымыздың (с.ғ.с) да жолы – сол. Құранда Алла Тағала Мұса (ғ.с) пайғамбарға: «Әй Мұса! Сен Перғауынға бар. Оған жұмсақ және сыпайы сөйле. Бәлкім, ол түсінер» дейді. Перғауын кім еді? Балаларды қырып, өзін Құдай жариялап, адамзат баласы көрмеген қатыгездігін паш еткен адам болатын. Ал Мұса (ғ.с) – Құдаймен тікелей сөйлескен пайғамбар. Перғауындай зұлымның өзіне Құдай Тағала сол кездегі адамзаттың абзалы – пайғамбарын жіберіп, өнеге сөз айт деп бұйырып отыр. Ендеше, Сириядан қайтқан қазақтар – Перғауыннан жаман емес. Біз – Мұсадан артық емеспіз.

– Әңгіме ауанын өзгертсек. Филологсыз, айтыскер ақынсыз, менеджерсіз. Бірақ жастар сізді діндар тұлға ретінде көбірек таниды. Дінге бетбұрысыңыз қалай басталған еді?

– Кешегі Алаш туын көтерген Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаевтардың жолына қарасақ, олар тек ақын болуды, талантымен таңғалдыруды көздемепті. Құдай берген қабілетін ұлт дамуы жолында пайдаланатын құрал ретінде қолданған екен. Айтысқа қатысып, айтыс сахнасында ғана елдің мұңын айтып, елден мақтау естіп, бас бәйгемді алып, алаңсыз жүре беруіме болатын еді. Ақындығым азайып қалған жоқ, талантымды ешкім тартып ала алмайды. Бірақ сахнада қазақтың атамұра өнерін жалғастырып жатқан жүздеген іні-қарындастарым бар. Айтыс иесіз емес. Жүрсін көкем жол бастап бара жатыр. Ал жастарға ағалық көрсететін алаңдарда, өкінішке қарай, ел ағалары өте аз. Сол аға менмін деп отырғам жоқ, бірақ сондай болуға тырысып жүрмін. Бұл жолда бірінші сөзім мен ісім сәйкес келуіне мән бердім. Сөйтсем, Құдай алдында орындалмаған парыздарым, отбасы, туыстарымның алдында атқарылмаған қаншама амалдарым бар екен. Сөйтіп, осыдан 20 жылдай бұрын намазымды, оразамды реттеп, жастықтың жалынымен жасалған қателіктеріме өкініп, есімді жидым. Құранды аударған дін қайраткері Халифа Алтайдың қасында жүріп, 3 жыл шәкірт болдым, медресесінде білім алдым. Солайша «Асыл арнаның» ашылуына, ағартушылық сипаттағы айтыстардың ұйымдастырылуына, қаншама адамдардың отбасылық мәселелерінің оңынан шешілуіне себепкер болатын даңғылға бұрылдым. Бірақ мұның бәрі сатылы түрде дамыды. Мысалы, қазақтың дәстүрлі би-шешендерінің, қазыналы ақсақалдарының жолына қарасаң, олар бірінші кезекте алты Алашқа ақыл айтпаған. Абайдың жолын қарайықшы. Ол Тәкежанның мінезіне сабыр қылған. Қасындағы Қиясбайға мейірімділік көрсетіп, өңгертіп жіберетін жерде өнегесін айтқан, айдатып жіберетін жомарттық танытқан. Інісі Оспан ақыл сұраған. Сөйте келе іні-қарындас, туған-туысқаны Абайды аға деп құрметтеген. Содан кейін қайын жұртынан, көрші рудан ақыл сұрап келетіндер қатары көбейген. Бір уақытта аталастары болыс болуын өтінген. Өлеңін басып шығаруды сұрайтындар пайда болған. Тіпті Абай алғашқы кезде өлеңдерін өз атынан жарияламады. Елге ақын, ақылшы, ағартушы болып көрінуге тырыспады. Осының бәрінен кейін «Арғын, найман жиылса, таңырқаған сөзіме» дегендей, арғын-найман мойындап, қала берді, қаймана қазақтың баласы бүгінде рухани ту қылып көтеретін жағдайға жетті. Сондықтан кез келгеніміз, «ұлт», «ел», «қаймана қазақ» деп ауыз толтырып әңгіме айтардан бұрын артымызға бір қайырылып қарауымыз керек. Отбасың сенімен мақтана ма, әлде ұяла ма? Немесе інілерің сенен ақыл сұрап келгенде, ойын қанағаттандырып, жүрегін тыныштандыратын жауап бере алдың ба? Мәселе сонда. Әулетің мойындап тұрса ғана жалпы қауымға жол көрсетуге хақылысың. Отының басы, ошағының қасына береке ұялата алмай жүріп, ұлтқа ақыл айту – кәдімгі популистік.

– Биыл Елбасы бастамасымен «Жастар жылы» болып жарияланды. Барлық жерде жастармен жұмыс істеуге көңіл бөліне бастады. Бірақ жастарға не керек екенін тамырын тап басып анықтаған ешкім жоқ. Сіз жастарды қалай көресіз?

– Жастармен жұмыс – науқандық жұмыс емес. Сосын тек жұмыс, оқу, баспана сияқты материалдық жағдаймен шектелмеу керек. Әлбетте, мемлекет ол мәселелерге басымдық беріп отыр, Алла қаласа, шешіледі де. Дегенмен, жастарға сенім ұялататын, бойындағы қабілетін аша түсетін, қиындық болса да шөкпей, жарып шыға алатындай жігер беруіміз, ертеңге деген сенім ұялатып, бағыт-бағдар беруіміз керек. Себебі соғыстан кейін қалалар қираған, экономика тұралаған, құдықтар суалған, құндылықтар жойылған кезде де бір адамдар жастарға сенім берді. Сол жастардың бойындағы қажыр-қайратын оята алғанның арқасында олар өзіне баспана табу үшін емес, соғыстан кейін тұралаған елді аяққа тұрғызу үшін жанын, қанын, терін, ұйқысын қиып жұмыс істеді. Ал қазір біз жастарды бүлінгенді түзетуге, қирағанды қалпына келтіруге шақырмай-ақ қояйық, тек өзін қиратып, өмірін бүлдіріп алмауына, отбасы мен кәсіптің кілтінен айырылып қалмауына жол көрсетсек, түрлі игіліктерге қол жеткізуіне мүмкіншілік жасасақ, Жастар жылының мақсаты толық орындалар еді.

– Әйтсе де бүгінде жастарға тіл тигізетіндер көп. Мотивациясы жоқ дейді. Қазір балаға «Сабақ оқымасаң, аула сыпырып кетесің» деп айта алмаймыз. Себебі бұл стереотип бұзылған. Жоғары білімі жоқ табысты адамдар бар: Стив Джобс, Марк Цукерберг… Қаншама дипломы бола тұра, қара жұмысшы болып жүргендер де аз емес. Парадокс неден туып отыр?

– Қай заманда да үлкендердің жастарға қарым-қатынасы өзгермеген. «Жастарды түзету керек, тәрбиелеу керек» деген ұстаным бұрыннан бар, бола береді де. Өйткені, үлкендер өздерінен кейінгілер үшін қашан да уайым шегеді. Әлгі папирустарда «жастар бұзылып бара жатыр» деген жазу табылыпты деген сияқты...

Өкінішке қарай, жастардың үлкендерге деген қарым-қатынасы құбылып тұр. Бұрын жастар жасы үлкенді тыңдайтын, білмегенін сұрайтын. Енді «Үлкендер ештеңе білмейді. Олар – ескінің адамдары. Біз жаңаның басымыз, өз жолымызды табуымыз керек» деген көзқарас пайда болды. Себебі өзгерістер уақыты жылдамдады. Бұрын қоғамда елді жалт қарататын жаңалықтар сирек болса, қазір өте жиі болып жатыр. Оны игеруге үлкендердің жылдамдығы жетіңкіремейді. Ал жастар тез меңгергендіктен, өздерін білімдірек санайды. Бұл – қате түсінік. Жастарда білім үлкендерге қарағанда көбірек шығар, бірақ бір қазан сүтті бір қасық айран ұйытатыны секілді, таудай білімің болса да, оны тырнақтай тәжірибе пайдаға асырады. Сондықтан біз үлкендердің тәжірибесі мен жастардың ұшан-теңіз білімін байланыстыруымыз керек. Әйтпесе екі буынның мәселесін екі бөлек қарастыра берсек, елде береке болмайды. Мәселен, Италия, Жапония, Норвегия сынды дамыған елдерде жетпістегі қарт пен жиырмадағы жігіттің көзқарасы мен өмірлік ұстанымдарында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Ал біз секілді бір қоғамдық формациядан екіншісіне ауысып жатқан және онысы әлемдік глобализация заманына тап келген қоғамда жетпістегі қария мен жиырмадағы жігіттің көзқарасы аспан мен жердей. Бізге үлкендер мен жастарды жақындастыратын жобалар керек.

– Мәселен қандай жобалар?

– Мысалы, «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» деген құндылықтар бізді байланыстыруы керек. Өйткені ол – біздің тамыр-тарихымыз. Соның аясында түрлі кездесулер, сұхбаттар, дөңгелек үстелдер, заманауи пішіндегі жиындар ұйымдастыруымыз керек. Біз «Асыл арна» арқылы сондай дүние жасауға барынша тырысып жатырмыз.

– Десе де, қазіргі таңда жастар теледидар көру, радио тыңдау, газет оқудан гөрі, әлеуметтік желі, интернет жетістіктерін жиі пайдаланады. Әлемжелі әзірге еркін ой-пікір білдіретін жалғыз алаң болып отыр. Осы сана үшін арпалыста қай тарап жеңеді?

– Сарылдап аққан судан, желден энергия өндіріп, игілікке пайдаланғанымыз сияқты әлеуметтік желіні де дұрыс жолға, ізгілікке қолдануымыз керек. Қазір БАҚ ақпараттың жылдамдығына қатты мән береді. Осының пайдасынан зияны көп. Менің ұғымымда ақпараттың жылдамдығы белгілі бір құзырлы орындар үшін, соған тағдыры байланған тұлғалар үшін ғана маңызды. Қалған халыққа ақпараттың жылдамдығы емес, дәлдігі, шынайылығы керек. Қазір бір жерде шулы оқиға орын алса, адамдар соны видеоға түсіріп, таратуға, тікелей эфирге шығаруға тырысады. Сол екі ортада қаншама жалған болжамдар жасалады. Қаншама адамның жүйкесі бүлінді. Ал енді адамзаттың, оның ішінде қазақтың мыңжылдық тарихына көз жүгіртсек, бәрі керісінше. Кісі қайтыс болса, хабарды жеткізуге емес, жеткізетін адамды табуға асыққан. Үйіне келген адамды қонақ қылып күтіп, қондырып, эмоциясын басып, таңертең атқа мінгелі тұрғанда ғана қандай бұйымтаймен келгенін сұрайтын. Сонда бір күнгі қарым-қатынас, қаншама ақпарат алмасудан кейін ол адам айтайын деп келген бұйымтайынан, ойынан айнып қалуы да мүмкін. Ал қазір кез келген ақпаратты шикілей, пісірмей, нәрін сіңірмей, чаттанчатқа аттандырып жіберетін болдық. Содан да болар, кісі қадірін білмейтін, бір-бірімізді сағынбайтын, бір-біріміздің жан-дүниемізге үңілмейтін болдық.

– Мұның барлығы жаһанданудың, әлемдік трендтердің енуінен болып жатыр ғой. Еуропада ақпаратты жылдам жеткізеді деген соң, біздің журналистика да соған бейімделуде. Жалпы, жаһанданумен бірге қоғамға феминизм, сексизм сынды түрлі көзқарастар да енді. Ұят туралы әңгіме айтқандарды «ұятмен», «нацист» дейтіндер пайда болды. Жаһандану мен ұлттық құндылықтар арасында текетірес жүріп жатқандай...

– Әуе жолдарында турбулентті аймақ деген болады. Ұшақ сол ауа ағымына кіріп, кедергіге ұшыраған кезде сілкінеді. Ақпарат легі тасқындап, мәдениеттер жақындап, жаһандану басталғалы бері адамзат та турбулентті зонаға енді. Әлемді мазасыздық биледі: анда соғыс, мұнда теракт, дағдарыс, экономикалық тұралау болып жатыр. Оның сыртында жалаңаштану белең алып, ұлттық ұятпен алысатындар шықты. Сақтанбасақ, байқамасақ, құндылықтарымыздан әп-сәтте ажырап, жұтылып кетуіміз мүмкін. Ешкімнің ештеңесі кетпейді. Мықтылар қалады, әлсіздер жоғалады. Жоғалмау үшін жанталасу керек. Жұтылмаудың жолы – ата дәстүрде, бабалар жолы – Исламда.

Ал біздің қоғамда феминизм бұрыннан бар. Ол пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) заманынан келе жатыр: «Жақсылық жасасаң, анаңа, анаңа, анаңа», «Ең жақсы еркек – әйелімен жақсы болған еркек», «Дүниеге қыз келсе, қызыңды құрметте, қызыңды сыйла», «Сыйлық әкелсең, бірінші ұлыңа емес, қызыңа бер». Бұл – қазаққа сіңісті болған феминизм. Атам заманнан бері әжеге төрден, қызға оң жақтан орын берген. Қызды өз үйінде қонақ деп, ұзатылғанда келін деп, ана деп, қартайғанда әже деп құрметтеген. Ел арасында әйел батырлар, шешендер, датқалар, билер бар. Ел басына күн туып, ерлер атқа қонғанда барлық салмақ аналарымызға түсіп, ұрпақтың тәрбиетәлімі, жауапкершілігі солардың мойнына жүктелді. Бірнеше буынды әйелдер тәрбиелеп шығарды. Сондықтан дәл бүгінгі күні қазақ қоғамында, бірлі-жарым ішкен, жолдан тайған, қиянатқа ұшыраған отбасылар болмаса, негізінен әйелдің дәрежесі ең биік деңгейінде тұр деп ойлаймын.

– Бір сұхбатыңызда «Биліктің қолында халықты бақытты қылатын функция жоқ» депсіз. Ол қандай функция?

– Бақыт адамның сыртынан емес, ішінен басталады. Жүректің тыныштығы, пейілдің кеңдігі, көзқарастың дұрыстығы, біреудің жылуын сезінуің, өзіңнің біреуге махаббатыңды арнай алуың, біреудің сені сағынуы деген сияқты іштен пайда болатын сезімдер арқылы бақыт тұтанады. Ал мемлекетіңнің тыныштығы, ұлтыңның тегеурінділігі сол бақытыңды тек ұлғайтады. Мемлекет сенің ішкі сеніміңе, сезіміңе, ішкі рухани тазалығыңа араласа алмайды. Сондықтан онда адамды бақытты қылатын функция жоқ. Жақсы жігіт дұрыс ортаны өзі қалыптастырады. Әлсіз жігіт қана өзінің болбыр, босбелбеулігіне айналасын кінәлайды.

Негізі халық пен билік су мен бу секілді. Судан бу шығады. Ол жаңбыр, қар болып, қайтадан суға қосылады. Мысалы, жер бетінен 1000 тонна бу көтерілсе, жерге 1001 тонна жаңбыр жаумайды. Сол 1000 тонна ылғал ғана түседі. Тура сол сияқты, халық кімді тәрбиелеп шығарса, сол билікке барады. Біз оларды тендерден ұтып, базардан сатып әкелген жоқпыз. Немесе Елбасы билікте жүргендердің бәрін сырттан сұрап әкелген жоқ. Олар – осы елдің адамдары. Біреудің бажасы, ағасы, көршісі...

– Билік десе, заң еске түседі. Біздің заң шығарушы органдарға қай саладағы заңды реттеу керек деп ойлайсыз? Өзіңіз заңның орындалуын қаншалықты қадағалап жүресіз?

– Парламент қандай заң шығарса да, адамның ішкі тәртібі мен жауапкершілігі өзгермейінше, заңға деген қарым-қатынасы өзгермейді. Қоғамның заңға бағынуының екі-ақ жолы бар: адамдар заңды түсінуге мәдениетті түрде, жауапкершілікпен келеді немесе тоқпақтың күшімен мойынсұнады. Мысалы, қазір жол ережесін бұзғаны үшін салынатын айыппұлды көтерді. Бұл ешкімге жаққан жоқ. Өйткені жылдамдықты сәл арттырсаң, артынан айыппұл кеп тұрады. Мұны тоқпақ дейді. Заңмен тоқпақтап отырып, сен қаласаң да, қаламасаң да соған көндіреді. Иә, көніп қалдық. Бұрынғыдан гөрі адамдар жол ережесін сақтайтын болды. Ал мәдени жолмен келуге ұзақ уақыт керек.

– Сұхбатымызды «Ана тілінің» дәстүрлі сауалымен аяқтасақ. Қазақ тілінің мәртебесі туралы ойыңыз қандай? Тіл мәртебесін қалай көтеруге болады?

– Бұл тұрғыда бір үміт, бір қаупім бар. Үмітім: көзі ашық, білімді, қазақ тілін қатты құрметтейтін және сол тілде сөйлеп, сол тілде ойланғысы келетін жастар өсіп келе жатыр. Осы жастар буын алмаса келе қоғамның ықпалды адамына айналғанда өзінің өмірі, ісі, көзқарасы арқылы тілге қажеттілік туындатып, тіліміз бұдан биік дәрежеге жетуі мүмкін. Қаупім: қазақ тілінің ең асқақтаған кезі осы болып, мәртебесі бұдан да төмендеп кетуі де мүмкін. Себебі жаһандану заманында ағылшын тіліндегі игіліктердің есігі ашылып жатыр.

– Үмітіңіз шындыққа айналуы үшін не істеу керек?

– Әр қазақ өз отының басында балашағасымен қазақша сөйлесіп, қазақша сөйлейтін сапалы ұрпақ тәрбиелеу керек. Қазақша сөйлейтін балаң қоғамда ештеңеге жарамаса, оның тілін де ешкім керек қылмайды. Ал сенің қазақша сөйлеп, қазақша ойлайтын балаң елдің кәдесіне жарап, қоғамға қажет тұлғаға айналса, оның тіліне де қажеттілік туады. Оны өз өмірімде байқадым. «Асыл арна» жұмыстарымен қаншама министрлермен, кәсіп иелерімен байланысқа түсіп, жұмыс жүргізуге тура келді. Осы он жылдың ішінде жүрген жерімде мүмкіндігінше қазақша сөйлеуге, түсіндіруге тырысамын. Орыстармен де, қазақша білмейтін қазақтармен де үлкен есіктердің ар жағындағы жиналыстарда болдым. Бірақ орыс тілінде сөйлеуіме көп қажеттілік туындаған емес. Біздің қоғамда адамдар бәсекеге қабілетті тұлғаның тілімен санасады. Сондықтан «Қазақ тілі ешкімге керек емес» деп құр байбалам сала бермей, сол тілді алып жүретін тұлғаның сапасын күшейтуіміз керек.

– Әңгімеңізге рақмет!

**Әңгімелескен
Әсел САРҚЫТ
«Ана тілі»**

ҒЫЛЫМҒА АРНАЛҒАН ҒҰМЫР

Филология ғылымының докторы, профессор,ҚР Жоғары мектебі ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, белгілі лингвист ғалым, саналы ғұмырының 55 жылын тіл ғылымына арнап, қазақ тіл білімі мен жалпы тіл білімінің түрлі мәселелерін зерттеп, 500-ге жуық еңбек жазған Байынқол Қалиұлы 2019 жылғы қаңтардың 23-і күні мерейлі 80 жасқа толады. Қазақтың ең құнды қазынасы бай да шұрайлы тілін зерттеуге бар күш-жігері мен жарты ғасырдан астам уақытын жұмсап талмай еңбек етіп келе жатқан ғалымды мерейлі жасымен құттықтап, ұзақ өмір тілей отырып, көпшілікке оның ғылыми жетекшілігімен диссертация қорғаған алғашқы шәкірті, белгілі тілші-ғалым Шерубай Құрманбайұлының ұстазы жөнінде жазған мақаласын ұсынып отырмыз.

САТЫДАН БАСТАЛҒАН ӨМІР САТЫЛАРЫ

Бүгін сексеннің сеңгіріне көтеріліп отырған еліне танымал белгілі тілші-ғалым Байынқол Қалиұлының өміріндегі алғашқы қадамдары, асқар таулар баурайына кіріге орналасқан Саты деп аталатын аядай ғана ауылдан басталады да, білім мен ғылымның биік асуларына қажымай-талмай сатылап көтеріле беруден тұрады.Ол 1948 жылы Саты ауылындағы жеті жылдық мектептің табалдырығын аттап, жетінші сыныпты аяқтағаннан кейін Жалаңаштағы орта мектепке барып, оны 1958 жылы жақсы бітіреді. Туған жері мен өскен ортасы адамның қалыптасуына зор ықпал етеді. Адам жаны қашан да сұлулыққа құштар, биікке ұмтылғанды ұнатады. Болашақ ғалымның балалық шағы өткен туған жері – Жаратушының мейірімі түскен табиғаты таңғажайып мекен. Шілде кезінде ұшар басында қар жатса, етегінен бастап орта шеніне дейін қарағайы мен қайыңы, аршасы мен тобылғысы, шетені мен жыңғылы араласқан тау беткейлеріне қарасаң көз тоймайды. Бұл өлкенің мүлгіген тыныштық құшағындағы таулардың ақ ұлпа жамылған қысы да, қар астынан бәйшешегі гүл ашып, жылғаларынан жылт-жылт етіп тарамдалып аққан бұлақ сулары сыңғырлап жататын көктемі де көрікті. Жұпар иісі аңқыған арша мен мәңгі жасыл қарағай-шырша түсіне шетеннің қып-қызыл шоқ жемісі, итмұрын-қарақат, жыңғыл-қайың ағаштарының сарғыш, қызғылт-қоңыржапырақ жемістерінің түрлі бояулары табиғи үндестік тауып, сан құбылып кететін күзі тіпті ғажап!

Осы таудың терең сайларындағы күміс тостағанға құйылған кәусар бұлақтың суындай мөлдіреген Көлсай мен Қайыңды сияқты көрікті көлдерін көрген жан табиғаттың мұндай көз тартар сұлулығына сүйсінбеуі мүмкін емес. Осы өлкеде, аспанмен астасқан асқар таулардың бөктерінде қоныс тепкен шағын ауылда туып-өскен талапты жас ұланның тазалыққа, адалдыққа бас иіп, көкке қол созып, биікке ұмтылмауы мүмкін емес еді. Солай болды да. Алдымен ата-анасынан, одан кейін осы туған жерінің топырағынан дарыған қасиеттері оны алға шақырып, арман биігіне, білім шыңына жетеледі. Тау баласының таудай талабы оны оқу бітірген жылы ҚазМУ-дың студенті атандырды. Ғылым биігіне ұмтылған талапты жас 1963 жылы ҚазМУ-дың филология факультетін жақсы бітірді. Сөйтіп, Сатының ұланы өзі таңдап алған білім-ғылым жолындағы алғашқы белестерінің бірін бағындырып, тағы бір сатыға көтерілді.

ҒЫЛЫМНЫҢ БИІК БЕЛЕСТЕРІ

Университетті бітірген жылы аспирантураға қабылданады. Ол кезде оқу бітіре салып аспирантураға түсу үлкен жетістік еді. Бұл оның ғылымның алғашқы сатысына аяқ басқаны еді. Осы жолда оны үздіксіз ізденістер мен қажырлы еңбек арқылы ғана бағындыруға болатын жаңа белестер күтіп тұрды. Ғылым жолындағы нағыз ізденіс енді басталды. Жастайынан еңбектенуге үйренген, еңбекпен пісіп өскен аспирант тыным таппай ізденді. Ізденісі нәтижелі болды. Аспирантурасын бітіре салып, 1967 жылы академик І.Кеңесбаевтың жетекшілігімен «Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі қысаң дауысты дыбыстардың редукциясы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Сол жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл білімі институтының түсіндірме сөздік бөліміне жұмысқа қабылданды. Кіші ғылыми қызметкерден бастап бөлім меңгерушісіне дейінгі қызметке сатылай көтеріле отырып, осы институтта 1995 жылға дейін 29 жыл еңбек етті. Түсіндірме сөздік бөлімінде ол қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігін жасауға басынан аяғына дейін қатысып, автор, жауапты редактор ретінде осы сөздіктің бүкіл жауапкершілігін арқалады.Тапсырылған жұмысын бар ынтасымен атқарған жас маман сөздік жасаудың теориясы мен тәжірибесін дәл осы кезеңде жан-жақты меңгеріп, нағыз сөздікші, лексикограф ғалым ретінде қалыптасты. Ұзақ жылғы еңбек еленіп, сөздіктің негізгі жұмысын атқарған авторларға 1988 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Сөздіктің 8 томының редакторы болған әрі осы сөздіктің 74 баспа табақ бөлігін жеке өзі жасаған Б.Қалиұлы еңбегі жанған лауреаттардың алдыңғы қатарында тұрды. Осылайша ол 49 жасында ғылым саласында ең жоғарғы мемлекеттік марапатқа ие болды. Бұл оның ғылым жолындағы тағы бір белесті бағындырған елеулі жетістігі, көтерілген тағы бір сатысы еді.

Ғалым 1988 жылы өзі ұзақ жылдар бойы жинап, арнайы зерттеп жүрген өсімдік атаулары жөндегі «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» деген монографиясын жариялады. Араға екі-үш жыл салып, 1991 жылы осы монографияның негізінде докторлық диссертациясын сәтті қорғады. Сол жылдан бастап, университетке ауысқанға дейін терминология бөліміне басшылық етті. Қай істі қолына алса да барын салып кірісетін жауапкершілік иесі бұл салада да өнімді еңбек етті.Көптеген мақалалар жазды, терминологиялық сөздіктер жасады. Мемтерминком хатшысы, мүшесі ретінде белсенді қызмет атқарды. Ұлт тілінің сөздері негізінде жасалған терминқорды қалыптастыру – оның басты мақсаты, негізгі ұстанымы.Қашанда уәдесіне берік, ұстанымы мықты ғалым осы бағытынан тайған емес.

Ол о баста өзі таңдап алған мамандығына, сүйікті кәсібіне адал болды. Басқа жолға бұрылмады, бар саланы игеріп әмбебап болам деп жан-жаққа шашырамады, шен-шекпенге қызығып мансап қумады. Тіл білімінің тізгінінен ажырамай, ұлтының тіліне қызмет етті. Саналы ғұмырын ғылымға, қазақ тіл біліміне арнады. Әр күніне есеп бере жүріп ондаған кітаптар, жүздеген мақалалар жазды. Ғалымның көз майын тауысып жасаған сапалы сөздіктерін мыңдаған оқырман пайдаланып, монографиялары мен оқулықтарын ғылыми қызметкерлер мен студенттер, көпшілік қауым қажетіне жаратып отыр. Басқаларын айтпағанда, ол барлық томдарын жасауға автор ретінде қатысып, 8 томының жауапты редакторы болған он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (1974-1986) мен жеке өз авторлығымен жасалған «Өсімдік атауларының түсіндірме сөздігі» (2012), «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (2014) және әріптес, шәкірттерімен бірлесіп ақиық ақын М.Мақатаевтың сөз байлығын зерттей отырып жасаған «Мұқағали тілі сөздігі» (2019) сияқты іргелі еңбектерін

пайдаланбайтын қазақ кемде-кем болар. Мыңдаған тіл тұтынушыларының қолынан табылатын ғылыми құндылығы жоғары мұндай еңбектер жариялау әр ғалымның қолы жете бермейтін үлкен жетістік, жанкешті еңбектің нәтижесі. Мұны мерейлі жасқа келген ғалымның қуанышы десек орынды.

Филология ғылымының докторы, профессор Байынқол Қалиұлы өзінің ғылымдағы еңбек жолында аспирантура – кіші ғылыми қызметкер – аға ғылыми қызметкер – жетекші ғылыми қызметкер – бөлім меңгерушісі сияқты қызметтердің барлық сатыларынан өтіп, кандидаттық, докторлық диссертацияларын қорғап, ғылымның биік белестеріне, сол иеленген лауазымдары мен алған ғылыми дәрежелеріне лайық іргелі еңбектерімен, қазақ тіл білімінің дамуына қосқан қомақты үлесімен, адал қызметімен қол жеткізген нағыз тіл маманы, шынайы ғалым.

ҰЛАҒАТЫ МОЛ – ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛ

1967 жылдан Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында кіші ғылыми қызметкерден бастап бөлім меңгерушісіне дейінгі қызметтерді атқарып, тапжылмай 29 жыл жұмыс істегеннен кейін Байынқол Қалиұлы 1995 жылдан бүгінгі күнге дейін 25 жыл Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде кафедра меңгерушісі, профессор лауазымдарын иеленіп, табысты еңбек етіп келеді. Байағаң ғалымдық пен ұстаздықтың тізгінін тең ұстаған ғалым-ұстаз. Отыз жылға жуық ғылыми-зерттеу институтында қызмет етіп, іргелі зерттеулер жүргізіп, көлемді сөздіктер жасағандықтан тілші ғалымдар қауымы оны негізінен лингвист ғалым ретінде жақсы таниды да, ұстаздық қыры көп сөз бола бермейді. Алдымен тілші-ғалым болғанымен, ол ширек ғасыр жоғары оқу орнында еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі педагог. Байынқол Қалиұлының ұстаздық қызметін екі қырынан қарастыруға болады. Біріншіден, ол жоғары мектепте ұзақ жылдар бойы студенттер мен магистранттарға дәріс оқып, семинар сабақтарын жүргізген, оларға арнап көптеген оқулықтар мен оқу құралдарын, әдістемелік құралдар жазған, курс жұмыстары мен диплом жұмыстарына жетекшілік еткен ЖОО-ның профессоры. Өзі ширек ғасыр еңбек етіп келе жатқан Абылай хан атындағы университеттен өзге де бірқатар республикадағы және кейбір көрші елдердің жоғары оқу орындарында 1992-2007 жылдар аралығында арнаулы курстар жүргізіп, дәрістер өткізді. Екіншіден, көптеген жоғары білікті ғылыми кадрлар даярлаған, оларға ғылыми кеңесші, жетекші болған ғалым-тәлімгер. Тоқсаныншы жылдардың ортасынан бергі жиырма жылдай уақыт ішінде Б.Қалиұлы 2 докторлық, 23 кандидаттық диссертация қорғатты. Осы 25 тіл маманы Қазақстанның әр түкпіріндегі жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарда және басқа да мекемелерде қызмет етіп жүр.

Сонымен қатар профессор Б.Қалиұлы өзі жүргізген курстар бойынша студенттерге арналған «Тіл біліміне кіріспе» (1997), «Сөз мағынасының негіздері» (2002. А.Жылқыбаевамен бірге), «Жалпы тіл білімі» (2005, 2009), «Қазіргі қазақ тілі» (2011), «Тіл білімі теориясының негіздері» (2014) сияқты бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарын жариялады. Жариялаған еңбектерінен ғалым-ұстаздың филолог мамандарды дайындауда оқытылатын негізгі, іргелі пәндерді жүргізіп, сол пәндер бойынша оқулықтар дайындағанын көруге болады.Тіл ғылымы бойынша мықты кәсіби дайындықтан өткен терең білім иесі, нағыз лингвист ғалым болмаса, тіл білімі ғылымы бойынша мұндай оқулықтар жазуға кез келген тіл маманының бара бермейтіні белгілі.

Оған «ҚР Білім беру ісінің үздігі» (1998), «Ыбырай Алтынсарин» (2017) төсбелгілері мен ҚР Жоғары мектебі ҰҒА-ның корреспондент мүшесі (2018) атағының берілуі Б.Қалиұлының ұстаздық қызметінің жоғары бағаланғаны, еңбегінің ескерілгені болса керек.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ШЕЖІРЕСІ

Саналы ғұмырын қазақ тіл біліміне арнаған, елге танымал ғалымның бүкіл еңбегін бір мақалаға сыйғызу мүмкін емес. Белгілі ғалым Байынқол Қалиұлының өмір жолы мен ғылыми еңбектері туралы түрлі энциклопедиялар мен жинақтардан, оның 50, 60, 70, 75 жасқа толған мерейтойларына арналған мақалалардан қажетті ақпаратты алуға болады. Дегенмен, белгілі тіл маманының ғылыми ғұмыры туралы барынша қамтыған бір еңбекті айрықша атауға болады. Ол ғалымның өмірі мен ғылыми шығармашылығы жөнінде жан-жақты әрі нақты мәлімет беретін оның 80 жасқа толатын мерейтойы қарсаңында 2018 жылы «Өнегелі өмір» сериясымен шыққан «Байынқол Қалиұлы Қалиев» деп аталатын көлемді (420 бет) кітап. Кітап құрылымы мен жүйесі жағынан осы сериямен шыққан еңбектерден едәуір ерекшеленеді. Белгілі тілші-ғалым жайында білгісі, оның ғылыми еңбектерімен кеңірек танысқысы келетін көпшілік осы кітаптан іздегенін таба алады. Байынқол Қалиұлы туралы бұл еңбекті оның тағылымды, өнегелі өмірінің шежіресі деуге болады. Кітап алғысөзінен кейін, ғалымның өмірбаяны мен ғылыми, педагогтік және қоғамдық қызметі туралы нақты мәлімет беріледі. Одан кейінгі «Б.Қалиевтың тіл біліміне қатысты еңбектері мен сол еңбектер туралы пікірлер» деп аталатын бірінші тарау – «Ғылыми еңбектері», «Ғылыми мақалалары», «Оқулықтар», «Сөздіктер», «Публицистикалық шығармалары», «Сұхбаттар» деген алты тармаққа бөлініп, әр еңбектің негізгі мазмұны мен құрылымы жөнінде мәлімет беретін алғысөздерден кейін сол еңбектерге жазылған әріптес ғалымдардың пікірлері беріліп отырады. Бұл тараудан ғалымның бүкіл ғылыми шығармашылығы мен қаламынан туындаған басқа да еңбектерімен танысып, нақты мәлімет алумен бірге ғалым еңбектері жөнінде ғылыми қауымның әр кезде жазған пікірлерімен танысуға болады. Бүгін сексеннің сеңгіріне көтеріліп отырған ғалым 55 жыл бойы тынымсыз еңбек ете жүріп, 11 монография, 6 оқулық, 25 сөздік, 18 кітапша, 5 мақалалар жинағын, 364 ғылыми мақалалар жариялапты. Сонда оның қаламынан туындаған 475 еңбектің жалпы көлемі – 978,5 баспа табақ болады екен. Ғалым еңбектерінің жалпы көлемін оның ғылымға арнаған ғұмырының 55 жылына тең бөлсек, ол әр жылда 18 (17,80) баспа табақ еңбек жазып, жариялап отырған. Зер салып қарасақ, осы цифрлардан жарты ғасырдан астам уақыт ішінде атқарылған қыруар еңбектің кең ауқымы мен зіл батпан салмағы сезіледі.

Кітаптың екінші тарауы «Әріптестері мен замандастары Б.Қалиұлының өзі және еңбектері туралы: құттықтаулар, ойлар, пікірлер» деп аталады. Бұл тарауда ғалымның 50, 60, 70, 75, 80 жасқа толған мерейтойларында жазылған мақалалар мен пікірлері қамтылған. Осы мақалалар мен әріптестер пікірлерінде Байынқол ағаның ғылыми еңбектерінің мән-маңызы мен адамгершілік қасиеттері туралы жан-жақты айтылған. Оны тіл мамандары зерттеген салаларына, жазған зерттеулеріне қарай – сөздікші, лексиколог, фонетист, терминолог, фразеолог, этнолингвист деп таниды. Айтса айтқандай-ақ, ғалым осы салалардың қай-қайсына да аз еңбек сіңірген жоқ. Ол қай салаға қалам тартса да кәсіби дайындықпен келетін, қандай істі қолға алса да соны аяғына жеткізбей тыным таппайтын, нені зерттесе де ерінбей еңбектенетін аса еңбекқор, қай мәселені қарастырса да оны жан-жақты қамтитын нағыз ізденімпаз, нысанаға алған тақырыбын терең зерделейтін зерделі зерттеуші. Соған сәйкес оның авторлығымен жарық көрген еңбектердің қай-қайсысының да өзіндік орны бар. Олардың әрқайсысы жеке-жеке әңгімеге арқау етуге тұрарлық еңбектер. «Сонда да солардың бар таңдамасы» деген қағидат тұрғысынан қарай бастасақ, біз үшін ғалымның лексикология, лексикография саласындағы зерттеулерінің, әсіресе ол жасаған сөздіктердің орны айрықша. Байынқол Қалиұлы – нағыз сөздікші, сөздік жасаудың хас шебері. Ол сөздік жасаудың қыр-сырын, теориясы мен практикасын жетік білетін және бұл іспен шындап айналысқан, ғылымдағы ғұмырының ұзақ жылдарын тікелей осы салаға арнап, сөздік өндірісінің қазанында қайнап, оның бар машақатын, қызығы мен шыжығын көзімен көріп, жан-тәнімен сезіне жүріп өсіп-шыңдалған білікті маман. Істің мән-жайын біліп қоюмен ғана шаруа тына қоймайды. Сол істі жақсы көру және оның бар қиындығына төзе білетін де қасиет қажет. Дәл осы істе оған теңесетін, сөздік жасау ісінің қиыншылығы мен бар ауырлығын қажымас қара нардай арқалай отырып діттеген жеріне дейін жеткізетін төзімді де еңбекқор жанды табу өте қиын. Мұндай тұжырымға біз сөздікшінің авторлығымен жасалған сан түрлі сөздіктерін саралау арқылы ғана емес, оның сөздікті қалай жасайтынын өз көзімен көрген, онымен бірлесіп кейбір сөздіктерді жасауға қатысқан телавтор ретінде келіп отырмыз.

ҒАЛЫМНЫҢ КІСІЛІК КЕЛБЕТІ

Адамның өмірден өз орнын табуы, жетістіктерге жетуі оның тәрбиесіне, біліміне, дарынына, мінезі мен бойындағы басқа да қабілеттеріне, адамгершілік қасиеттеріне тікелей байланысты. Қоғам өмірінің қай саласында қызмет етіп, қандай кәсіп иесі болса да бойындағы жеке қасиеттері оны сол ортада танытады. Ғылым мен шығармашылық қауымының ортасында да солай. Байынқол Қалиұлының ғылымдағы жетістіктері мен ғылыми қауым ортасындағы өзіндік орны туралы да соны айтуға болады. Ол жөнінде: «Мен Байынқолды еңбекқор ғалым деп атаған болар едім. Ғалым үшін екі нәрсе керек. Біріншісі – ақыл, ой, қабілет керек. Екіншісі – еңбек. ...Байынқолдың бойынан мен осы екі қасиетті де көремін» деп жазыпты, қазір тоқсанның бесеуіндегі қадірлі ақсақалымыз, қазақ тіл білімінің көрнекті тұлғасы, академик Әбдуәли Қайдар. Өзі басқарған институтта көп жыл қатар еңбек еткен әріптесін аға буын өкілі Әбекең жақсы білетіндіктен, оның бойындағы қасиеттерін де көре білген екен. Ғалымның мерейтойына орай «Өнегелі өмір» сериясымен жарық көрген кітапта басқа да әріптес, замандастары тарапынан әр кезде жазылған мақалаларда оның мінезі мен адамдық қасиеттерінің көп қырлары ашылған. Алпысқа толғанда өзін көп жылдан бері білетін белгілі ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Б.Хасанов: «Рас, Сіздің үніңіз жұмсақ, бірақ «мақұлбай» емессіз. Әділін айтар кезде айылын жимаған, мұндайда «бәрекелді» дерлік болып келетін, қара қылды қақ жарған әділсіз, Байеке! Сіз, бір сөзді екі қайта дегізбеген, доса діттеген жерден табылатын, қайыры еш уақытта тарылмаған азаматсыз!» деп жазыпты. Әділ айтылған сөз. Байекеңнің біреудің сөзіне ермей, қашанда өз ұстанымын ұстанатыны да, ойын бұқпантайламай пікірін бетке айтатындығы да, бұра тартпай әділ сөйлейтіні де, уәдесіне беріктігі де рас. Оның көп мақұлдады демей, принципті мәселелерде өз дәйек-дәлелдерін алға тартып, жеке-дара шығып пікір білдіретін кездерінің де аз болмағанын әріптестер қауымы жақсы біледі.

Әдетте белгілі суретшілер өздерін жақсы тану үшін өз автопортретін салады. Ақындар Қ.Аманжоловтың әйгілі «Өзім туралы» жыры сияқты өз өмірі жайлы өлең жазады. Жазушы, журналистер мен өзге де шығармашылық кәсіп иелерінен де осындай туындыларды көруге болады. Осы дәстүрмен Байынқол Қалиұлы «Үзеңгілестерім менің» деген кітабында «Мен кіммін?» деген сұраққа жауап беріп, өз автопортретін жасапты. Әрине, адамның өзін-өзі танып, бойындағы бар қасиеттері мен мінез-құлқын дөп басып, шынайы бейнелеуі қиынның қиыны. Солай десек те, автордың өзі жайлы жазғанын біз еш қоспасыз, нағыз ғылыми дәлдікпен жасалған автопортрет деп қабылдадық. Алғы сөз орнына жазылған автордың осы өз бейнесін оқығанда, оның бүкіл болмысы көз алдымызға келіп, өзін көріп отырғандай әсерде болдық. Оны жақсы білетіндер оқыптанысса, «мынау шынымен-ақ біз білетін Байекең ғой» деп, сол жазбадан авторын көретініне көп күмән келтірмейміз.

Өзіміз білетін Байынқол ағаның бір қасиеті – асқан ұқыптылығы мен құнттылығы. Бұл қасиеттері туралы өзі былай деп жазыпты: «Маған тән жақсы қасиеттердің бастысы – ұқыптылық пен құнттылық болса керек. Барлық достар мен туыстарға, барша бұйымдар мен заттарға ұқыптылықпен, құнттылықпен қараймын. Нәтижесінде достар мен туыстардың сағы сынбайды. Бұйымдар мен заттардың шеті кетілмейді». Бұған біздің еш күмәніміз жоқ. Байағаңның бір парағының шеті қайырылған кітабын, ұшы мұқалып қалған қарындашын, сынған қаламын, өз орнында тұрмаған затын көрмейсіз. Оның жүрген-тұрған жері, кабинеті мен жұмыс үстелі, портфелінің іші нағыз ұқыптылықтың үлгісі. Оның бір кітабын, қаламын немесе жазған бір парақ пікірін сұрасаңыз сол кітаптың сөренің қай жерінде, қаламының үстелінің қай суырмасында, ал бір бет қағаздың портфелінің қай бөлігінде тұрғанын дәл айтып, қазір тауып бере алады. Ол ең қымбат нәрсесі алтын уақытына да дәл осылай өте ұқыпты қарайды. Уақытын босқа өткізуге еш жол бермейді. Қыруар еңбек жазып, бастаған ісінің бәрін аяғына жеткізуі – оның осы ұқыптылығы мен жауапкершілігінің нәтижесі екені анық.

Қажет жерінде табандап тұратын мінезділігіне, біршама тұйықтығына қарамастан Байекең менмендікке, тәкаппарлыққа бой алдырмайтын өте қарапайым жан. Біреуге қиянаты жоқ, ешкімнің ала жібін аттамайды. Жасыңыздың үлкен-кішілігіне, лауазымыңыздың жоғары-төмендігіне қарамастан онымен тең сөйлесу еш қиындық туғызбайды. Ол қашанда арық айтып, семіз шығуға тырысады. Біз білетін Байекеңнің тағы бір қасиеті – өтірік айтқанды суқаны сүймейтіндігі және өзі де ешқашан өтірік айтпайтындығы. Біз оның бар болмысын терең танып, барынша ашып бере алмасақ та, жанында аз-кем жүріп, тәлімін көрген әріптес-шәкірті ретінде өзіміз білетін кейбір өзіндік ерекшеліктеріне, адамгершілік қасиеттеріне ғана тоқталып өттік.

Қажырлы еңбегі мен үздіксіз ізденісінің, бір бағытты берік ұстанған мақсаткерлігінің, адамгершілік қасиеттері мен табандылығының арқасында ол ғылымның биік белестеріне көтерілді. Сатыдан басталған өмір сатыларында ол асып-саспай, абдырамай ақырын жүріп, әр қадамын анық та нық басудан жаңылған жоқ. Солай жүргендіктен де өмірдің ұзақ сапарында,ғылым шыңына ұмтылғанда тайғанап құлап, жығылып-сүрініп, жарты жолда қалып қоймады. Өзі межелеген белестеріне тек тынбай еңбектену арқылы ғана жетіп, жоспарлаған істерін аяғына дейін атқара білді. Жүрегінің түгі, табанының бүрі болғандықтан ол пікірін жалтақтамай анық айтып, ашық жазып, ғалымдық ұстанымы мен азаматтық бет-бейнесін де сақтай отырып сексеннің сеңгіріне сергек те абыройлы қалпында шықты.

Осы шыққан биігіңіз аласармасын, бейнетіңіздің зейнетін көріп, ұзақ жылғы қажырлы еңбегіңіздің жемісін жеңіз, жүз жасаңыз қазақ тіл білімінің қажымас қара нары, қадірлі Байынқол аға!

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ,
филология ғылымының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі

АТАМЕКЕН АТАУЫН АРДАҚТАУШЫ

(Топонимдік фольклорды зерттеген ғалым Абат Пангереев туралы бірер сөз)

Кеңестік кезеңде де, одан кейінгі тәуелсіздік жылдарында да еліміздің әдебиеттану ғылымын, әсіресе әдеби құндылықтардың тамырын терең зерделеп, оның ұлттық сипатын, көркемдік табиғатын жан-жақты айқындап, жас ұрпақтың санасына сіңіруге атсалысқан ғалымдар аз болмады. Солардың бірі – белгілі фольклортанушы, ұлағатты ұстаз, филология ғылымының докторы, профессор Абат Пангереев.

Әдетте, ғылым адамының басты қасиеттері, әсіресе ой-санасы, ішкі өресі, мақсатшылдық ұстанымдары, адами қарым-білігі, дарын-қабілеті ата-ананың қанымен, балаң өмірдің аңсар-арманымен келсе, ал мамандық алып, алдына мақсат қойып, ғылымның сүрлеуіне түскен жастың жеке шұғылданып жүрген саласын толық меңгеруіне тек өзіне тән табандылығы, ізденгіштігі, мамандығына деген адалдығы, ең негізгісі, еселі еңбегі қажет болады. Шынайы ғалымға қатысты бұл қасиеттердің бәрі де Абат Шамұлының бір бойынан табылады. Ол ең алдымен, ұлы бабалардың киелі қоныстарының бірі Ойыл өңірінде туып, атақты Әжібай биді, Алтай, Аралбай батырларды, дарабоз-арулар Ботагөзді, Байке мен Бикені жаратқан шұрайлы жердің топырағынан нәр алды. Күрескер ақын Шернияз Жарылғасұлы, ақ тарының атасы атанған Шығанақ Берсиев туып-өскен қасиетті өңірдің ауасын жұтып, Нұрсұлу Тапалова, Ишанбай Қарақұлов, Әнуар Дербісәлин, Рабиға Сыздық сынды өрелі өнерпаздар мен көрнекті ғылым қайраткерлерін қанаттандырған қарапайым да қастерлі елдің аялы алақанының жылуын сезіп өсті. Екіншіден, ана сүтімен дарыған еңбекқорлық, жауапкершілік, сергектік, талапқорлық секілді қабілет-қасиеттері оның ғылым жолына бет бұруына, талмай ізденуіне, ұзақ жылдар бойы біліктілігін жетілдіріп, қалыптасып, елімізге танымал фольклортанушы ғалым болуына септігін тигізді.

Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін аяқтап, алғашқы қызметін ұстаздықтан бастағысы келген жас маман 1985 жылы Ақтөбе облыстық мектеп-интернатының есігін ашқан еді. Арада бірер жыл өткенде ұстаздыққа да, өтіп жатқан тынымсыз тіршілікке де көндігіп, ысыла бастаған мұғалім өзін ғылым саласында сынағысы келді. Сөйтіп, Ақтөбе педагогикалық инстутының «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен методикасы» кафедрасына оқытушы қызметке ауысты. Осында жүріп алдымен филология мамандығына, кейін осы сала бойынша факультеттің ашылуына белсене араласып, өзі алғашқы декандардың бірі болды. Бірақ ғылымнан да қол үзбей жүріп, атақты профессор М.Мырзахметовтың жетекшілігімен «Қазақ поэзиясында жер-су ұғымдарының бейнеленуі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

Осы алғашқы жылдардан бастап Абат Шамұлының ой-санасын туған жердің, Алтайдан қарт Каспийге дейін созылып жатқан ұлы даланың әрбір ойы мен жазығы, сай-саласы, тау-қыраты, өзен-көлі, тіпті тасы да қызықтырды. Соның әсерінен студенттермен бірге ел аралады, ғылыми іссапарларға барып, түрлі экспедицияларға қатысып жүріп мекендік (топонимдік) фольклордың үлгілерін жинады. Оларды ғылыми жүйеге түсіріп, алғашқы еңбектерін жариялап та үлгерген зерттеушіні сырттай бақылап жүрген академик С.Қасқабасов ақыл-кеңесін айтып, бұл тақырыптың іргелі зерттеуге айналуына бағыт-бағдар берді. Нәтижесінде «Қазақтың топонимдік фольклоры» атауы таңдалып, ұзақ жылдар бойғы ізденістердің арқасында еңбек 2010 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының диссертациялық кеңесінде сәтті қорғалды.

Мәселен, бір ғана мекендік аңыздар (әпсаналар, хикаяттар, әңгімелер) белгілі бір жер-судың, өзен-көлдің, тау-тастың аталу себебі, сол жерлердегі оқиғалардың сол атауларға байланысын баяндайтын халық әңгімелері болғанымен, олар қазақтың ауызша тарихында айрықша орын алады. Себебі әрбір тау мен тастың атауы тегін қойылмаған, олардың жеке-жеке деректік аңызы бар. Олардың ұлт тарихын қалыптастырудағы маңызы өте зор. Академик С.Қасқабасов: «Топонимдік деп біліп жүрген аңыздарда да тарихи негіздер, фактілер болады. Ал тарихи деп жүрген аңыздарда топонимикалық мотив кездеседі. Аңыз жанрындағы шығарманың өзі емес, ондағы сарын ғана топонимдік сипатта болуы мүмкін. Сондықтан «топонимдік аңыз» деген атауды шартты түрде ғана алу керек те, оған белгілі бір жерге, мекенге байланысты оқиғаны баяндайтын әңгімелерді жатқызу қажет. Екінші сөзбен айтқанда, топонимикалық аңыз деп жер-судың, тау-тастың пайда болуы мен атын мифтік ұғыммен немесе мифтік кейіпкердің іс-әрекетімен емес, бір оқиғамен, я болмаса белгілі қайраткер атымен байланысты түсіндіретін әңгімені айтамыз» деп алғаш рет мекендік аңыздардың халық прозасындағы рөлін, ғылыми сипатын ашып берді.

Мекендік аңыздармен терең таныса отырып, олардың кейбір үлгілерінде жер-су атауларының шығу тегі белгілі шынайы оқиғаларға, тарихта танымал болған тұлғаларға орайластыра баяндалатынын аңғару қиын емес. Мысалы, Абат Шамұлы жинаған «Кілемжайған» атты аңызда Кенесары хан әскерлерінің Кіші жүз аумағына шегінгенінде атақты Жанқожаның қарындасына үйленеді. Кейін өзге әйелдерінің күндестігінен зәбір көріп, ордадан аластатылады. Бұған ашуланған Жанқожаның айбатынан сескеніп, әрі сый-құрмет көрсеткен Кенесары оның алдынан кілем жайып қарсы алғандығынан аталған «Кілемжайған» аталып кеткені айтылады.

Ақтөбелік М.Әлмұратовтан 1959 жылы жазып алынып, кейін Абат Шамұлының қолына түскен тағы бір аңызда Кенесары мен Наурызбай Орынбор, Челябі өлкелерінің аралығындағы қазақтарды да көтеріліске жұмылдыру мақсатында әскери жорықтар жүргізеді. Алайда бұл жерлерге қоныстанып алып, жерсініп кеткен шаруа-мұжықтар мен орыс-казактар қарулы қарсылық көрсетеді. Қалыптасқан жағдайға байланысты шұғыл іс-қимыл жасауға бейімделген, қарсыласына амал қалдырмайтын әскери әдіс-айла қолдануға машықтанған Кенесары Бреда станицасын мынандай тәсілмен басып алады: «Қазақ үйлерінен мысық жинайды. Түнде ел ұйқыға кеткен мезгілде елу мысықтың құйрығына майға батырған шүберек байлап, оған от тигізіп, поселкеге қарай қоя береді. Майға малған шүберек лаулап жанып, жаны түршіккен мысықтар үй-үйдің түкпір-түкпіріне ыршып тығылып, поселкені өрт алады. Ұйқыдағы халық төсегінен жалаңаш-жалпы шыға қашып, поселке азан-қазан болады. Осы кезеңді күтіп тұрған Кене ханның әскерлері оларды жусатып қырып салады. Бірлі-жарымдай болмаса, поселке түгел дерлік жанып кетеді... Осы күні сол Кенесары, Наурызбай өртеген Бреда станциясын қазақтар «Күйік» деп атайды.

Кенесары туралы келесі аңызда отаршылдардың аса мол, әрі қуатты әскерінің тегеуріңіне шыдамаған көтерілісшілер шегініп, Ақтөбе жағындағы Толыбай, Жантай өзендерінің сағасына барып бекінеді. Патша әскерлері Қойлыбай деген қарт батырды жолбасшы етіп алып, соңынан түседі. Қуғыншылар қос өзекте жатқан көтерілісшілердің үстінен шығып, кескілескен шайқас болады. Алғашында бірін-бірі ала алмаған қарсыластар екі жаққа шегініп, бекініске көшеді. Тұйықсыздан, шалт қимылдайтын Кенесары әскерлері ел аяғы басылған шақта жауды елеусіз ту сыртынан келіп шабуылдайды. Қауіпсіз жатқан орыстар қапелімде сасып қалып, тым-тырақай қаша жөнеледі. Қойлыбай биік төбенің басындағы қоста жалғыз қалады. Наурызбай бастаған бір топ сарбаз жетіп келіп, қимылсыз отырған қартты найзаға іліп көтеріп, орыстар кеткен жаққа лақтырады. Іле-шала жеткен Кенесары: «Бала, мұның қате болды. Жасы жеткен зиянсыз шал еді» деген екен. Кейін әлгі жер «Қойлыбай төбесі», шайқас өткен сай – «Қойлыбай қырғыны» аталыпты.

Бұл мысалға алынған аңыздар тек қазіргі Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданының аумағында өткен және көрсетілген жер-су атаулары өзгеріске түспей, бүгінге дейін қалпын сақтап қалған. Кенесары хан бастаған көтеріліс 1837-1840 жылдары Орта жүз, 1841-1845 жылдары Кіші жүздің Торғай мен Ырғыз өзендері аумағын, 1846-1847 жылдары Жетісуды, Іле мен Алатау өңірлерін шарпып, бүкіл Қазақстан көлемінде мойындалып, отаршылдыққа қарсы жүргізілген ұлт-азаттық көтеріліс 10 жылға созылған тарихи оқиға болғандығы баршаға мәлім. Жоғарыда көрсетілген жер-су атауларына байланысты аңыздар азатты, әрі азапты жылдардың бір белгісі ретінде жұрт жадында сақталып қалған. Топонимдердің саны – қазақ жерінің көлеміне сай ұшан-теңіз және олар бейберекет қойыла салмаған, әрбір атаудың тарихы, өзіне тән оқиғасы бар. Профессор А.Пангереевтің пікірімен тұжырымдасақ: «Жалпы, топонимдік аңыз ең алдымен, халық санасынан орын тепкен белгілі бір жер-судың, өзен-көлдің, тау-тастың неліктен бұлай аталғанына, ол жерлерде қандай оқиғалар болып өткендігіне жауап іздеуден бастау алады».

Осы ретте ғалымның ұлы даланың жер-суына байланысты жазған еңбектерін, әсіресе «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» монографиялық зерттеуін зерделей отырып, олардың өзектілігіне, ғылыми-теориялық негіздеріне қысқаша болса да тоқталып өткен жөн сияқты. Біріншіден, кейінгі жылдарға дейін халықтың ой-санасында, руханиятында танымдық, тарихи-деректілік, көркем образдық сипатымен сақталып қалған топонимдік фольклордың үлгілері бір ортаға жиналып, ғылыми жүйеленіп, іргелі түрде арнайы зерттелмеді. Сол себептен де бұл мұралардың көпшілігі жалпы оқырмандарға да, ғылыми ортаға да беймәлім болып келді. Тақырып жан-жақты зерттеліп, оған қатысты ондаған ғылыми мақалалар, монографиялар, оқулықтар басылым көргеннен кейін бұл еңбектер қарапайым өлкетанушылардың, жоғары оқу орындары студенттерінің, әдебиеттанушылардың, фольклортанушылар мен тарихшылардың арасында тың жаңалық ретінде қабылданып, тіпті ТМД елдері ғалымдарының тарапынан да оңды пікірлер білдірілді.

Екіншіден, іргелі зерттеу барысында халық жадында сақталып қалған топонимдік әңгімелердің жанрлық ерекшеліктері айқындалып, ғылыми сипаты нақтыланды. Әсіресе, оның аңыз, әпсана, хикаят, әңгіме түріндегі үлгілері жеке-жеке қарастырылып, өзге де фольклорлық жанрлармен байланысы, эпостық туындылардағы, әсіресе дастандардағы, тарихи жырлар мен өлеңдердегі қолдану аясы жан-жақты ашылды.

Үшіншіден, жер-су атаулары туралы халық шығармаларының ел тарихына қатыстылығы, әр кезеңдерде өмір сүрген хан-сұлтандар, би-шешендер, батыр-бағландар, ақын-жыраулар сынды танымал тұлғаларға, қоғам қайраткерлеріне байланыстылығы терең зерделеніп, олардың ұлттық тарихта алатын орны дәлелденді, тұжырымдар негізінде айқындалды. Сөйтіп, ілгергі кезеңде бұл тақырып тіл білімінің негізінде, әдебиеттану саласында зерттеліп келген болса, аталмыш еңбекте ғалым топонимдік мұраларды ұлттық фольклордың құрамдас бөлшегі ретінде қарастырып, ғылыми дәлелдеп, қазақ фольклортануында алғашқылардың бірі болып «топонимдік фольклор» деген ұғымның негізін қалады.

Профессор А.Пангереевтің кеңестік идеологияның салдарынан ел жадынан шыға бастаған ілгергі-бергі ақын-жыраулардың, жыршылардың, тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылығына деген қызығушылығы балалық шағынан бастау алды. Кейін студенттік, ұстаздық кезеңдерінде де олардың мұраларын жинау жұмыстары жалғасын тауып, біртебірте зерттеу нысанасына айналды. Олардың арасында «Ш.Бөкеевтің өмір туралы толғаулары», «Исатай – Махамбет көтерілісіне байланысты туған өлең-жырлар», «Шекті Мөңке бидің ғибраттары», «Алқалаған алты әлім, айтпаған сөзін қате деп...», «Қалың жұрт Шерниязды ұмытты ма?», «Әжібай би мен Арал батыр тұлғасы: аңыз бен ақиқат», «Ақындық тағдыр: үндестік пен жалғастық» (Б.Күлеев пен С.Торайғыров шығармашылығы негізінде), «Мағжан мен Бернияз шығармашылығындағы ұлт тағдыры», «Бернияз және Абай шығармашылығының сабақтастығы», «Б.Күлеев пен Рудаки шығармашылығындағы табиғат лирикасы», «Бернияз Күлеев поэтикасы», «Шернияз шығармашылығы Қ.Жұмалиев зерттеулерінде», «Шернияздың шешендік сөздері», «Шернияз дүниетанымындағы экзистенциалдық сарын», «Шернияз және оның дәуірі», т.б. еңбектері бар.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің филология факультетінде қызмет істеген 30 жылдың көлемінде Абат Шамұлының атқарған еңбегі зор. Студенттерге дәріс оқып ұстаз атанды, кафедра меңгерді, декан болды. Қазір де Абайтану және ұлттық руханият ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі міндетін атқарып келеді. Бірақ ол еш уақытта іргелі ғылымнан қол үзген емес. Ол ұстаздық пен лауазымдық қызметтерді атқара жүріп «Жер-су атауларының поэтикасы», «Шекті Мөңке бидің ғибраттары» (Ж.Асановпен бірге), «Әдебиет және топонимика», «Бернияз Күлеев поэтикасы» (А.Абдуллинамен бірге), «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері», «Әдебиеттануға кіріспе», «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік негіздері», «Қазақтың топонимдік фольклоры», «Фольклордың ұлттың негіздері», «Жер-су атаулары және ұлттық руханият» сияқты монографиялық еңбектер мен оқу құралдарын жазды.

Абат Шамұлы – бойына бірнеше қасиеттерді тоғыстыра білген зерделі зерттеуші. Оның әдеби жәдігерлерді жинаудағы, фольклортану саласындағы, әсіресе атамекен – жер-мұраның жоқшысы ретіндегі қажырлы еңбегі атап өтуге тұрарлық деп есептейміз. Ғалымның алдағы уақытта фольклортануда да, жас ұрпақты тәрбиелеуде де нәтижелі еңбектер атқара беретініне сеніміміз мол.

Тоқтар ӘЛБЕКОВ,
филология ғылымының кандидаты

ИМАН АЙНАСЫ

Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ,
ҚМДБ баспасөз хатшысы

ЖҰМАҚТЫ АЙДАЛАДАН ЕМЕС, АЙНАЛАҢНАН ІЗДЕГЕН ЛӘЗІМ

Қантөгіс пен озбырлықтың ошағына айналған Сирия... Жалған ұрандар мен жалаң үміттердің, шариғатқа қайшы сенімнің құрбаны болған 47 отандасымыз елге қайтарылды. Бейнелеп айтқанда, құзырлы мекеме өкілдері тағдыры тәлкекке түскен 47 адамды жер бетіндегі тамұқтан арашалап алды. Қазір оларға материалдық һәм моралдық тұрғыдан көмек көрсетілуде.

Қару асынып, бейбіт елдің берекесін қашырған озбырлардың мақсаты не? Қателік қайдан кетті? Не істемек керек? Осыған аз-кем тоқталсақ.

Сириядағы соғыс – жаһандық саяси текетірес. Сол текетірестің діни жағынан гөрі саяси мүддесі басым.

Біріншіден, мұсылман елдерін былай қойғанда, Франция, Англия, Ресей сынды мемлекеттердің азаматтары Сириядағы оқ пен оттың ортасында өмір сүруде. Лаңкесте ұлт болмайды дегені осы болса керек. Ал әлемдік бұқаралық ақпарат құралдары қоғамға «Ислам терроризмі» деген түсініктер мен көзқарастарды таңудан тайынар емес. Исламды үрейдің діні ретінде танытуда. Әсілінде солай ма? «Ислам» сөзі «бейбітшілік, амандық» деген мағынаны білдірсе, асыл дінді ұстанған адам қалайша «қанішер» болуы мүмкін? Лаңкес ешқашан мұсылман бола алмайды.

Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) өз хадистерінде нағыз мұсылманға тән сипаттарды егжей-тегжейлі түсіндіре келе былай деген: ***«Шынайы мұсылман тілімен де, қолымен де ешкімге зиянын тигізбеген жан. Шынайы мұсылман – өзіне қалаған нәрсені өзгеге де лайықты көрген кеңпейілді жан»***. Алла Елшісі тағы бірде: «Кемел мұсылман кім?» деген сауалға: ***«Кемел мұсылман – айнала-төңірегіне, қоғамға көмегі тиген пенде»*** деп жауап берген екен.

Екіншіден, Сирия асқандардың басым бөлігі – ғаламтор арқылы санасы уланғандар. Діннің негізін білген адам шетелдегі жеке тұлғалардың күмәнді уағыздарына алданбайды. Үйдің, ағаштың шайқалмауы іргетасы мен тамырына байланысты ғой. Сол секілді адамның діни сенімде адаспауына алғашқы білімі көп әсер етеді.

Өз елімізде орта және жоғары діни ілім алған адам жалған үміттер мен ұрандарға алдана қоймайды. Адам санасына бірінші дәстүрлі діннің құндылықтары егілсе, мұның нәтижесінде оның бойында теріс ағымға тойтарыс беретін иммунитет қалыптасады. Медреселеріміз колледж деңгейіне көтерілді. «Нұр Мүбәрак» университетінде магистрлік, тіпті докторлық ғылыми дәрежесін иемденіп шығуға болады.

Бүгінде еліміз бойынша мешіттердің жанында 966 діни сауат ашу курстары жұмыс істейді. Курстың негізгі қызметі – азаматтарға алғашқы дін негіздерін үйрету.

Өткен жылы ауылдық, аудандық, облыстық, қалалық, республикалық мешіт жанындағы діни сауат ашу курстарында 82 401 адам сауат ашты. Оларға Құран оқу, хадис, ақида, иман шарттары, Ислам әдептері сынды пәндерден дәріс жүргізілді.

Үшіншіден, өзге елдегі жеке адамның пәтуасына құлақ асу – үлкен қауіп. Шетелде қабылданған пәтуа біздің елдегі жағдаймен сәйкес келмеуі мүмкін. Өйткені халқымыздың сан ғасырлық өмір тәжірибесі негізінде қалыптасқан салт-дәстүрі бар. Біздің дінімізде шариғатқа қайшы келмеген салт-дәстүр құпталады. Ал жоралы жұртымыздың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан әдет-ғұрпы тұнып тұрған тәрбие мен ізгілік емес пе? Әр елдің өз дәстүрі мен діни жолы болады. Қарапайым мысал: бізде бата беру дәстүрі санамызға сіңіп кеткен. Ал мұндай игі дәстүр өзге мұсылман елдерінде қалыптаспаған. Пәтуа беруде жергілікті дәстүрдің ескерілетіні сондықтан. Демек, өзгенің пәтуасына құлдық ұру – қатерлі қауіп.

2018 жылы ҚМДБ Шариғат және пәтуа бөлімінің мамандары 5 922 адамның сұрағына жауап берді. Сұрақтардың басым бөлігі www.fatua.kz сайтына келіп түскен. Жеке пәтуа сұрап келген адам саны 1750-ге жеткен. Ал мүфтиятқа қоңырау шалып, көкейде жүрген сауалына жауап алған азаматтар саны – 1590.

Жуырда Астана қаласындағы 10 мешітте «Діни ақпарат беру» орталығы ашылды. Ал республикалық «Әзірет Сұлтан» мешітінде тәулік бойы жұмыс істейтін сенім телефоны (нөмірі: 33 30 30) іске қосылды. Қазір дінге қатысты көкейде жүрген кез келген мәселеге орай оңтайлы уақытта жауап алуға болады.

Төртіншіден, мүфтият тәуелсіздік жылдарында Египет Араб Республикасының, Түркияның, Малайзияның, Татарстанның, Өзбекстанның, Қырғызстанның Діни басқармаларымен ортақ меморандум қабылдады. Мақсат – тәжірибе алмасу, ортақ шараларды бірлесе жүзеге асыру, т.б. Мүфтият шетелде білім алғысы келетін азаматтарды бастапқы білімді өз елімізде алуға шақырады. Адамның діни сенімде адаспауына алғашқы білімі көп әсер етеді. Өз еліміздегі медресе мен университетте бакалавр дәрежесін алған шәкірт шетелде кез келген адамның құрғақ сөзіне ермейді.

Еліміздегі жоғары және орта білім беретін діни оқу орындарында Ислам бағытында ілім алуға толық мүмкіндік бар. Бүгінде «Нұр Мүбәрак» университеті мен медреселерді жыл сайын 500-ге жуық маман бітіріп шығады. Осы ретте жастарды отандық орта және жоғары білім ошақтарында діни ілім алуға шақырамыз.

Жұмақты айдаладан емес, айналаңнан іздеу ләзім.

«Ұлы даланың жеті қырында» «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты бөлім бар. Онда «Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады» дейді. Біздің де еңбекпен аты шыққан қос ұлы бабамыз бар. Мәселен, Ыбырай Жақаев өткен ғасырдың 40 жылдары бұрын тек Шығыс елдері ғана күтіп-баптап келген күріш дақылын өсіріп, «қазақы салы» деген сортын шығарып, қарны ашқан елін тойындырса, Жазылбек Қуанышбаев еділбай қойын өсіріп, қазақтың өзіндей қара қойдың тұқымын сақтап қалды. XIX ғасырда өмірге келіп, XX ғасырда дүниеден өткен осы екі алыптың есімін соңғы ұрпақ біле бермейді, «көзден кетсе көңілден де кетken» сыңайы бар. Ал көпілдір экран басындағылар бұл есімдерге қорқасоқтай қарап, хабар жүргізуге келгенде «Бұл тек облыс әкімдерінің ұсынысымен болатын жоба ғой» деп бардан жоқ жасап бағуда. Дикан мен қойшының ірілігі мен кісілік келбеті нағыз қазаққа тән қасиет деп білеміз. Қара кетпеннің қайсар иесі Ыбырайға құрметпен қарап өткен ел ағасы Д.А.Қонаев екеуінің арасындағы кішік көңілді көріп, ұлы даланың ұлы есімдерін бір сәт еске алып, ойға шомсақ...



ЖАҚАЕВ және ҚОНАЕВ

Данқты дикан Ыбырай Жақаев 75-ке толғанда ел басшысы Дінмұхамед Қонаев арнайы келіп құттықтап, қолын алды. Өткен ғасырдың қырқыншы жылдары соғылған диканның қыш үйі көне мұражай секілді. Дөңгеленіп тұрған қап-қара көнтрамарка-пеш таскөмірге жылынған қара қазақтың бейнесін көз алдыға тартқандай.

– Сексеуіл мен жынғыл да жағасыздар ма? – деп сұрады Димекең.

– Табылса жағамыз, – деп жауап берді Ыбырай.

– Жаңа үй соғып бермейсіздер ме, – деп Қонаев облыстың бірінші басшысы Бектұрғановқа қарады.

– Қара орнымнан қозғалмай-ақ қоййын. Осы үйден жаман болған жоқпын. – Ыбырайдың сөзіне Қонаев жымиып тұр екен.

– Көлігіңіз бар ма?

– Лөгкебайым бар.

– Жетпіс бес жылдығыңызға өз атымнан жаңа лөгкебай жіберемін.

Бір айға жетпей Қонаевтың жеке тапсырысымен жаңа үлгідегі «Уазик» келді. Ескісін ізімді басқан інім деп менің әкеме берді.

Шал көне үйде көз жұмды.

1949 жылы соғылған қыш үй мұражай болуға сұранып-ақ тұр.

Бірақ осыны сұрайтын біреу бар ма екен?

***

Ыбырайдың зайыбы дүниеден өткенде Дінмұхамед Қонаев ресми көңіл айтудан бөлек, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаев арқылы өзінің кішік көңілін білдірді. Жазекен:

– Қонаев таң атпай «Мәскеуге жол жүріп бара жатыр едім» деп тілипон соқты, өзінің көңіл айтуын маған тапсырды. – Шал үнсіз томсарып қалды. Сосын: – Аға, қамықпаңыз, әлі-ақ аяқтандырамыз, – деп тоқсанға тақаған ағасына қалжың аралас тоқтау айтты.

– Жаның ашып отырса екі қатыныңның біреуін бермейсің бе? – деді Ыбырай көңілі көтеріліп.

Осы сөзді сол кездегі Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Исатай Әбдікәрімовтен естіген Димекең ішек-сілесі қатып бір күліп алып:

– Осылай сөйлейтін шалдар азайып бара жатыр ғой, – деп мұнайып қалыпты.

***

Дінмұхамед Ахметұлы зейнеткке шыққаннан кейін үйіне барып, «Қонаев және Жақаев» деп тақырып қойған эссемді оқып бердім. Жарты сағаттай тыңдап, ара-арасында сұқ саусағын шошайтып, «Онда қасымда «Главриссовхозстройдың» бастығы бар еді» деген сияқты қосымшалар енгізіп отырды. Ең соңынан «Добро!» деп сұқ саусағын көтерді де, «Қалқам, Жақаев менен 21 жас үлкен, менің әкемнен төрт-ақ жас кіші, сондықтан Жақаевты алға шығар» деді көз алдына шалдың кескінін әкелгендей боп. Сөйтіп, «Жақаев және Қонаев» деген эссем өмірге келді.

Шүкшиып оқығандар шындыққа көз жеткізе алмай біраз дел-сал боп жүрді.

***

Ыбырай КПСС XXIII съезіне делегат боп барғанда Димекең Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің 1-хатшысы Өзбекәлі Жәнібековке: «Қарт кісіні шарштатып алма, өзің бірге жатып, бірге тұрып, бас-көз боп жүр» деп тікелей тапсырыпты. Өзекеңнің бізге күйеулігі бар, шағып сөйлейді, зейнетке шыққаннан кейінгі бір кездесуде сол әдетімен әңгіме бастады.

– Әкең съезд төрінде, Брежневтің қатарында отыр, түк түсініп отырған жоқ, – деп іліп өтті. Өзі кімге болса да «сен» деп сөйлейді, мен де жезделік жалынан шап беріп ұстай алдым.

– Ол сіз сияқты КазПИ-ді бітірген жоқ қой.

– Кешке дейін қақиып отырып, босқа шаршайды. Онан да кетпен шапқаны жақсы еді. Бөлмеге шөлдеп келеді де, «Шәй қой» дейді. Бір күні «Неге шәйді іше бересің?» десем, «Мәскеудің суын аяп отырсың ба?» деді. «Сендердің бір айтарларын бар ғой» деп, Өзекең күйеулігін көрсетіп, рақаттана күліп алды.

***

Ауыл шалдары Ыбырайды ортаға алып: «Осы сіз Қонаевты көп көресіз, өзі қандай адам, айтшы?» деп қолқа салыпты. Сонда айтқаны бір-ақ ауыз сөз: «Жұрттың ішіне пышақ айналмайды, Қонаевтің ішінде ерттеулі ат айналып жүре береді».

***

Дикан 75-ке толғаннан кейін кетпенді біржола қойсам деп, бірақ үн-түнсіз кетпей, бір ауыз ескертейін деп Қонаевқа келді. Сонда Қонаевтің айтқаны:

– Аға, сіздер Сталиннің көзін көрдіңіздер. Сіз 49-жылы алғаш Еңбек Ері болғанда, біз қызметке енді араласқан қылшылдаған жігіт едік. Менің де әкем бар, сізден төрт жас үлкен. Сол кісі осы Балқашта, Ақдала алқабында, қартайғанда егін егем деді. «Соны қайтесіз» десем, «Сенен ақыл сұрамаймын» деп бетімді қайтарып тастады. Сондай-ақ сізге не дейін? Өзіңіз білесіз, аға. 75-ке дейін кетпен шаптыңыз, енді жастарға ақылмы боп, білмегенін үйретіп жүрсеңіз, сонан артықтың керегі не? – деп, қызмет бөлмесінде отырып, ұрты томпайған шәйнектен шалға өз қолымен шәй құйды. Еркін отырыс, нағыз ер-азаматтың әңгімесі болды.

Дикан зейнетке шығысымен Сыр бойында жақаевшылар қозғалысы кең етек алды.

***

«Алматының Ақдала алқабына күріш өсіруге бола ма, Жақаевты әкел, топырағын көрсетіндер» деп, Қонаев Ауыл шаруашылығы министіріне пәрмен беріпті. Сонда мөп-мөлдір суға үңіліп тұрып диканның айтқаны жалғыз ауыз сөз – «Суы мөлдір екен». Министр сыр тартып сұрағанда айтқаны – «Мынау Сыр суындай қоймалжың емес, таза су ғой, ескірген судан егіс те ауырып қалады».

Осыдан кейін Ақдала алқабын игеру басталып кетті. Топырақпен жаны бір адамның аз сөзі артында мәтел боп қалды.

***

1972 жылы Қазақстан Жазушылар одағында «Әдебиеттегі еңбек адамының бейнесі» атты тақырыпта пленум өтті. Қос еңбек ардагері Ыбырай Жақаев пен Жазылбек Қуанышбаев құрметті қонақ боп шақырылды. 1-хатшы Әнуар Әлімжанов баяндама жасап болған соң алғашқы сөзді Ыбырайға берді. Сонда жәй басып мінбеге көтерілген сексеннің сеңгіріндегі дикан үш-ақ ауыз сөз айтты: «Дикан кетпенінe, қойшы қойына, сіздер қаламдарыңызға ие болсаңыздаршы» деп мінбеден түсе берді. Осы сөзді естіген Д.А.Қонаев бір жерде Ә.Әлімжановқа: «Жазушылардың не істеу керектігін кетпенші айтып кетті ме?» депті күлімсіреп. Сасып қалған 1-хатшы: «Иә, иә» деп басын изей беріпті.

Қуан БОҚАЙ

Сурет-шежіре

Түркияда

Кешегі Кеңес заманында Қазақстанды басқарған Дінмұхамед Қонаев 1992 жылдың 11 қазанында Түркияда Ыстанбұл қаласында болды. Ол кезде шетелде аккредитациядан тіркелген тұңғыш қазақ журналисі – Қазақ телевизиясы мен радиосының Түркиядағы тілшісі қызметінде жұмысты бастаған едім. Сондағы жергілікті қазақ диаспорасы өкілдерімен кездесуін өткізуге себепкер болып, ұйымдастырушы тікелей атсалыстым. Сол ағайындармен кездесуде Димаш ата: «Енді тәуелсіз ел болдық, әрине Алланың қолдауымен, атажұртқа, Қазақстанға, елге қайтындар, бір шаңырақтың астында бірге боламыз, сонда ғана тәуелсіздігіміз баянды болады» деп тебірене сөйлеген еді.

Сол бір көрініс бейнелейтін Ыстанбұлдағы тарихи сурет.

Мен де Дінмұхамед Қонаевпен бірге болған кездерімді, сұхбат алған сәттерімді үлкен бақытқа теңеймін. Өйткені алып жүректі азамат бүгінде елдің бағына айналған Елбасы Н.Назарбаевтай тұлғаны тәрбиелеген ұлы Қазақ. Қонаевтың аты мәңгі өшпейді.

Бақаназа

Қазақтың біртуар азаматы, елу жыл ел басқарған, ұлы тұлға Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады. Өйткені ол қазақ үшін, Қазақстан үшін айрықша еңбек етті. Димаш ата елін сүйді. Туған жерге қызмет етті.

1991 жылы Дінмұхамед Ахметұлы туған ел деп Балқаш өңірі Бақанас ауылына көп баратын еді. Сол бір сапарында мен де телекамераны алып, суретке түскен едік.

Ортада – Дінмұхамед Қонаев, Ержан Уайс, Құрылыс Тілешов, Тілек Алдабергенов, Аман Шабдарбаев, т.б. азаматтар.

Ержан УАЙС,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, тележурналист

ЛЕБІЗ

Ақтөбе облысы Байғанин ауданының Қаражар ауылында дүниеге келген Төлеуғали Адайбайұлы 1966 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина институтына түсті. Оқу орнын 1972 жылы бітіріп, дәрігер мамандығын алып шықты. Біз студент кезден бір-бірімізді біле бастадық әрі бір топта оқыдық.

ДОСЫМ – *мақтанышым*

Мен жатақханада жатсам, Төлеуғали туыстарының үйінде тұрды. Сабақты жақсы оқыды. Ылғи да кітапханадан шықпайтын.

1986 жылы біздің институттың ректоры болып Төрегелді Шарманов тағайындалды. Бұған дейін бірінші басшы өзге ұлт өкілі болып еді. Төрегелді ағай келгеннен кейін, қазақ тіліне күрт бетбұрыс жасалды. Ұлттық кадрларды дайындауда белсенділік таныттық. Студенттердің 60-70 пайызы қазақ жастары болды. Солардың ішінде Төлеуғали жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар болып, институтты бітірген 1974 жылы кафедрада қалды. Осында жүріп білімділігімен, адамгершілігімен көзге түсті.

Төлеуғалидың өмірі мен қызметінің жолы Ақтөбе медициналық институтынан соң Астанада жалғасты. Қазір осы қаладағы медицина университетінің Адам анатомиясы және операциялық хирургия кафедрасының профессоры қызметін атқарып келеді.

1990 жылы Новосібір мемлекеттік медицина институтында кандидаттық диссертация, кейін Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде докторлық диссертациясын қорғады. Кезінде Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің емдеу ісі, педиатрия, жалпы медицина факультеттерінің деканы, кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалатын Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы болып та жауапты жұмыстар атқарды.

Өз ісінің шебері әрі майталманы қазырлы еңбегінің арқасында Денсаулық сақтау министрінің Құрмет грамотасымен, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» және «Денсаулық сақтау ісіне сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен марапатталды. Университеттің «Үздік оқытушысы» атағына ие болды. Өзінің жеке ғылыми жетекшілігімен көптеген шәкірттер дайындады. 5 оқулықтың, 1 монографияның, 8 оқу құралының және 2 патенттің авторы. 300-ге жуық ғылыми еңбектері шетелде жарық көрді.

Төлеуғали еңбек жолындағы ұстаздары Клавдия Мельниковалы, академиктер Тұрақбай Үмбетов пен Алим Идрисовтарды ерекше мақтаныш етеді. Қол жеткен табыстарында олардың да үлесі бар деп сезінеді.

Ардақты азаматтың зайыбы Ғалия да медицина саласында еңбек етеді. Ол жоғары дәрежелі дәрігер-педиатр, денсаулық саласының үздігі. Ерлі-зайыптылар үш баланы өмірге әкеліп, олардан бүгінде жеті немере көріп отыр. Олардың төрімізгі саласында қызмет ететін үлкен ұлдары Асхаттан басқа Қайраты мен Назымгүлі де ата-ана жолын қуды. Қайрат жоғары дәрежелі хирург болса, Назымгүл – жоғары дәрежелі дәрігер-акушер.

Мен жүрегі кең, аузын ашса көкірегі көрінетін, әрдайым да сөзіне берік досымды мақтаныш етемін. Оның өзінің де, отбасының да аман-есен болғанын қалаймын.

Әбдіманап СМАҒҰЛОВ,
медицина ардагері

ДЕНСАУЛЫҚ

Дені сау бала – болашақ жемісі

Ана мен бала денсаулығын қорғау бойынша басымдық берілген стратегиялық шаралар 2016-2020 жылдарға арналған ҚР Денсаулық сақтау саласын дамытудың «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру арқылы өз шешімін тауып, соңғы жылдары бала мен нәресте өлім-жітімі көрсеткішінің төмендеуіне мүмкіндік берді.

Соңғы 10 жылда балалар өлім-жітімінің көрсеткіші 2 есеге (2017 жылы 1000 нәрестеге шаққанда 10,2) және нәрестелер өлім-жітімінің 2,6 есеге (2017 жылы 1000 нәрестеге шаққанда 7,9) төмендеді. Бұл туралы Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығында «ҚР педиатриялық қызметтің соңғы 10 жылдағы жетістігі» атты тақырыппен өткен жиында айтылды.

Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы басқармасы төрайымының міндетін атқарушы Жанар Сауранбаеваның айтуынша, ҚР денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының аясында Қазақстан Республикасында босандыру мен балалық шақ қызметінің тиімділігін арттыру бойынша біріктірілген үлгіні енгізу жөніндегі Жол картасы жүзеге асырылуда. «Балалар денсаулығын қорғау денсаулық сақтау саласының, мемлекет пен қоғамның ең өзекті және ең маңызды мәселелерінің бірі. Себебі балалардың денінің саулығы ересектер денсаулығының әлеуетін қалыптастырудың іргелі негізін құрайды. Еліміз Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ана мен баланың бірге болуы, тек қана емізу, күні жетіп туған және ересек балаларды бағып күтуге жіберуге арналған «Қауіпсіз ана» стратегиясын қабылдады» деді Ж.Сауранбаева.

Жиында Акушерия, гинекология және перинатология ғылыми орталығының жаңа туған нәрестелердің қарқынды терапиясы бөлімшесінің меңгерушісі Гүлайым Байтанатова неонатологиялық қызметтің соңғы он жылдағы жетістіктеріне тоқталды. «Туа бітті ақауымен дүниеге келген, хирургиялық көмекті қажет ететін нәрестелерді бірден Педиатрия орталығына жібереміз. Біз бұл орталықпен тығыз қарым-қатынастамыз. Жылдан-жылға тиімді перинаталдық технологиялар жақсарды. Соңғы 10 жылда перинаталды өлім-жітімі 30-дан 5,5 промилге, ерте жастағы неонаталды шетінеу 15-тен 3,2 промилге, неонаталды өлім-жітімі 20-дан 3,5 промилге төмендеді» деді ол өз сөзінде.

С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың доценті, Акушерия, гинекология және перинатология ғылыми орталығының неонатолог дәрігері Гүлмира Алтынбаева акушерия, гинекология және перинатология ғылыми орталығында жаңа туған нәрестелерге, оның ішінде Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының ұйғарымы бойынша 500 гр-нан жоғары мерзімінен ерте туған нәрестелерге алғашқы көмек көрсетілетінін атап өтті. Айтуынша, соңғы 10 жылда мерзімінен ерте туған нәрестелердің өмір сүру көрсеткіші едәуір жақсарып келеді екен. Білікті маман С.Асфендияров атындағы Ұлттық медицина университетінің неонатолог-резиденттерінің болашақ маман болып қалыптасуында Акушерия, гинекология және перинатология ғылыми орталығының ықпалы зор екенін жеткізді.

Педиатрия және балалар хирургиясы орталығының соңғы он жылдағы жетістіғіне арналған жиында сол орталықта емделіп, аяғынан тік тұрып кеткен балалардың ата-аналары да пікірлерімен бөлісіп, ақ халаттыларға алғыстарын білдірді.

Бағдагүл МҰРАТҚЫЗЫ

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының «Сананың ашықтығы» деп аталатын тарауында: «Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуі тиіс» деген еді. Сондай біртуардың бірегейі – Көтібар батыр. Алаш жұртына Көтібар батырдың есімі өзі басты кейіпкер болған «Айман-Шолпан» эпосы арқылы тегіс танымал. Эпостың астарында әрқашан шындық жатады. 1810 жылы Шектіліктер мен Тамалар арасында үлкен жер дауы басталған. Шешімі табылмаған даудың ағайынның арасын алшақтатар зардабы күн санап көбейе берген. Дау асқынған соң Көтібар 700 қолды бастап барып сес көрсетеді. Араға екі жақтың билері түсіп, мәмілеге келеді. Осы оқиғанын желісінен барып әйгілі «Айман-Шолпан» эпосы туады. Бұл оқиғаға қатысты мұрағаттық деректерде «Айман-Шолпанмен» салыстырғанда алшақтықтар мол. Әлбетте, ақын-жыраулар, өзіне қажетті тарихи оқиғаны көркем шығарма талабына орай әрлеп, әсерлейді. Не болғанда да, «Айман-Шолпан» жыры – Көтібардың дүлдүлдігін көрсететін, тарихи шындыққа негізделген, қазақ халқының тамаша туындысы.

ЕЛ ҚАМЫН ЖЕГЕН ЕР ЕДІ

Мұрағаттағы деректерге үңілсеңіз, Көтібардың көрген күні адам қызығарлықтай емес. Батырдың бар ғұмыры төрт бағыттағы арпалыспен өтіпті. Оның біріншісі және ең бастысы патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы күресі. Екінші бағыттағы арпалыс – Хиуа, Түрікпендер шапқыншылығына қарсы күрес. XVIII-XIX ғасырдың бірінші жартысында, Хиуа хандығы және Түрікпендер Кіші жүз жеріне, соның ішінде Үстірттің үстімен қазіргі Ақтөбе облысының Шалқар, Байғанин, Ойыл, Темір, Ырғыз аудандарына жойқын шапқыншылықтар жасап отырған. Ол жайында көптеген мұрағаттық деректерді келтіруге болады. Осындағы қырғын, алапатты шайқастар Көтібардың ары мен намысына сын болған. Олардан батыр сүрінбей өткен. Үшінші бағыттағы арпалыс – қазақ-башқұрт арасындағы шиеленісті қатынастар. Бұл шиеленістер сонау Әбілқайыр заманынан келе жатқан нәрсе. Бұнда да Көтібардың қылышы мұқалмаған. Төртінші бағыттағы арпалыс, Көтібар заманында, одан да әрі кезеңдерде қазақ қоғамының өмірінде кездесіп тұрған руаралық тартыстар мен айтыстар, барымталық шапқыншылықтар. Біз бұл мақаламызда осылардың алғашқысына тоқталмақпыз. Себебі бұл – оның өмірінің негізгі өзегі.

Көрнекі сурет

Патшалық Ресей кезіндегі бұратана халықтар тарихы жабайы, жартылай жабайылар тарихы, ал тарихи тұлғалар бастауымен болған құбылыстар тарихы жабайылардың өркениеттен жырақ іс-әрекеті деп империялық тұрғыдан қаралды. Патша қазақ жерін, елін тырп еткізбейтіндей етіп әбден құрсаулау үшін оның Батыс және Солтүстік, Солтүстік Шығыс беткейлерінде 2800 шақырымдық әскери шептерін тартты. Оның ұзына бойына – Жайық, Орынбор, Сібір тарабындағы 128 әскери бекіністерге, форпостарға және станицаларға орыс-казактарының 18 мыңнан аса адамын орналастырды. Бұлар патша үкіметінің үнсіз мақұлдауымен қазақ жұртына шапқыншылықтар жасады. Жайық бойының орыс-казактары әскери жаттығулар жүргізу керек деген желеумен Жем, тіпті Мұзбел, Шошқакөлге дейін жорықтар жасап, қазақ жылқыларын айдап алып кетіп отырды.

Сонымен қатар Жем, Борсық, Сам, Матай, Үстірт бағыттарына «зерттеу экспедициялары» деген желеумен қаруланған әскери керуендер шығарылды. Мұрағаттық деректерді және Қазақ елі туралы «Земли киргиз-кайсаков Малой Орды» деген көлемді еңбекті тексере қарағанда,1780-1820 жылдар арасында, яғни 40 жыл ішіндс 72 экспедиция шығарылған екен. Олар «қырғыз-кайсак елінде тыныштық орнатамыз, барымташылықты жоямыз» деген сылтаумен қазақ ауылдарына қырғидай тиіп, мал-мүлкін тонады. Соның бірі, 1818 жылғы Шекті елін қақ жара жүрген капитан Муравьевтың жорығы еді. Ол Назар ауылдарын баса-көктеп өтіп, Қабақ ауылдарына жетіп, оларды зеңбіректермен атқылап, 57 адамды өлтіріп, 10 мыңдай бас малды айдап кетті. Алайда Көтібар батыр бұны сұраусыз қалдырмай 200 орыс-қазақ, 100 башқұрттан тұратын әскери күшті талқандап, олардың тұтқындалғандарының бірсыпырасын Хиуа, Бұқараға асырып жіберген. Тарихи деректерге қарағанда, қолға түскен орыс әскерлерін қайыру жайлы Орынбор әкімшілігі Көтібармен қауышып, келісім жүргізуге талпынған.

Подполковник Л.Мейер: «Орынбор ведомствосына қарасты қырғыз-кайсактар даласында тәртіп орнату үшін, бір жағынан баска да саяси және коммерциялық ойлармен кырғыз-қайсақ даласына ірі күштер жіберіліп отырылуы керек. Ал бұл көп қаржыны талап етеді. Мәселен, 1821 жылы Жемнің арғы, бергі беттерін, Сақ-Матай бойларына инженер офицерлердің басқаруымен 2 зеңбіректі 235 әскери күш жіберілді. Ол бізге 28530 сомға түсті. 1823 жылы полковник Милородовичтің бастауымен 6 зеңбіректі 2519 әскер жіберілді. Бұл 26650 сомдық шығын әкелді. 1824 жылы полковниктер Назаров, Циалковский және Аржанухин бастаған 2220 әскерден тұратын 3 отряд жіберілді. Бұл 30000 сомға түсті. Осы қаржыларды ретін тауып қайтару керек» деп, Ресей қарулы күшінің ел тонау саясатын бүркемелеп, шығынға баттық деп байбалам салады (Л. Мейер.Киргизская степь Оренбургского ведомства. – СП, 1865).

Ал шындығында, осы жылдары Шекті елінен 20000 жылқы, 5600 түйе, 60000 қой-ешкі айдалып алынған. Бұл кездерде Көтібар бастаған шектіліктердің жасақтары патша әскери күштерінен қорғанып бақты, қарсы күресті. Туған елін қорғау жолында саналы түрде басын бәйгеге тігіп, жанын шүберекке түйген Көтібар 1500 адамнан тұратын шерігін төрт топқа бөліп, патшаның әскери күшіне тұтқиылдан тиіп, оларды күйрете, жайпай өтіп, зым-зия жоқ болып кетіп отырды. Көтібардың әскери күшін Ресейдің әскери әдебиетінде «Степной смерч» – «Дала құйыны» деп атаған. Сол кездегі Орынбор гарнизонының майоры Шапов Орынбор генерал-губернаторы П.К.Эссенге: «...русские солдаты страшно боятся от Степного смерча – Кутибара. Нет линии фронта, нет традиционных военных рубежей. Степь, кругом степь. Вдруг откуда не возмисть страшный гул, топот и заметая все ...также вдруг исчезает ...Наша военная наука бессильна против стремительного «Смерча» дикаря Кутибара» деп жазыпты. Осыған қарағанда Көтібардың өз заманының әскери қолбасшысы ретінде қазақ даласының болмысына сай ғажап әскери стратегия мен тактика ойластыра білгендігі көрінеді.

Көтібар қолдан келсе Ресеймен екі ортада тыныштық орнатуды көздеді. Бұған нақты мысал ретінде барон Е.К.Мейендорфтың Санкт-Петербургтегі Ресейдің тарихи мұрағатындағы жеке қорында сақталған жазбасы дәлел бола алады. Ол 1821 жылы Ресейдің Сыртқы істер және Әскери министрліктерінің құпия тапсырмаларымен Бұқар эмираттығына барып келісім сөз жүргізу сапарына байланысты Орынборға келді. Сол кездегі Орынбор генерал-губернаторы П.К.Эссен Е.К.Мейендорфқа Шекті елі арқылы өту үшін даңқты батыр Көтібарды жолбасшылыққа алып жүру керектігіне айтып кеңес берген екен. П.К.Эссен: «Из всех родов самые буйные –Чиклинцы. Его предводитель Кутибар самый опасный разбойник. Он много бедствий принес русским. Без него к южным странам нет дороги» деген екен. Озбырлыққа шек қойылар, патша өкіметінің шапқыншылығы бәсеңдер деген үмітпен Көтібар, Арыстан, Достан, Сарышонай, Қайдауыл батыр К.К.Мейендорфты Бұқараға дейін апарып, алып қайтып Орынборға шығарып салыпты. Сол Мейендорф: «Кутибар человек степенный, на удивление благородный, умный. ...Без него мы бы пропали» деп жазыпты. Көтібар бабамыздың өз заманында қағазға таңбаланған болмыс-кейпі осындай екен. Бұл батырдың халық санасында сақталған бейнесімен сәйкес келеді.

Орынбор мұрағатында «Об убийстве Жантуре хана» деген іс бар. Онда «...участвующий в убийстве Жантуре хана и в разграбившего имущества, Чиклинского рода Жекейского отделения киргиз Утегул Байдосов, скрывается в аулах известного бунтаряхищника Кутибара Басенова, расположающегося кочевья в песках, называмых в Барсуки...» дей келіп, айтқандарынан шықпайтын Жантөре ханның өлтірілуінің басты күнәкері Көтібар батыр дегенге саяды. Бұл құжатты Орынбор Шекара комиссиясының төрағасы Орынбор генерал-губернаторы Г.С.Волконскийгс жіберген екен. Осы хатқа губернатор: «Поймать и наказать этого дикаря» деп белгі қойыпты. Осыдан кейін 1810 жылдың мамырында Орынбор әскери күшінің гвардия майоры С.М.Татарскийдің бастауымен Көтібарды және Өтеғұл Байдосовты ұстауға екі бөлімнен тұратын үлкен әскери күш жіберілген. Бұны білген батыр тез арада Қабақ, Тілеу, Назар, Жекей, Жақайым, Жаңғылыш руларынан 500 атты жасақ жинап, оны Арыстан батыр, Көрпебай батыр, Тоқпан батырдың бастауларымен үш топқа бөліп, Жаман тау, Жақсы тау арасындағы жыңғылдарға орналастырған. Орыс әскерлері осыған тап болды. Көтібар әуелі 150-дей атты жасақ тобын жар кабақтан шыға қашқанға ұқсатып жөнелтеді. Бұны С.М.Татарский «қырғыз-кайсактар қашты» деп есептеп өзінің екі тобына түре қуғызады. Алайда Көтібардың үш тобы орыс отрядтарының артынан, екі бүйірінен, әлгі «қашып» бара жатқан маңдай тобы шорт бұрылып қарсы алдынан соққанда атты-казактар есінен танып, тым-тырақай қаша жөнелген. Соңында, Көтібар бастаған топ 370 ат олжалап, 42 солдатты тұтқынға алып жеңіске жетеді (З.Байдосов. Үш ғасыр перзенттері. – Ақтөбе, 2009ж.).

Отарлаушылар әртүрлі амал-айла қолданып бақты.Орынбор генерал-губернаторы князь Волконский Көтібарды марапаттау арқылы Орынбор губернаторствосының Хиуа мен Бұқар хандықтарымен шекара жағдайын нығайтқысы келді, екіншіден, Шекті елі арқылы өтетін керуен жолын өз ықпалында ұстауды мақсат етті. Бірақ олай болып шықпады, Көтібар өзінің жеке басының мүддесінен халқының мүддесін жоғары қойды. Күнде шапқынға, тонауға түсіп жатқан елімен бірге болды. Осы жылдар ішінде Ресейдің 1,7 миллиондық сауда товарлары, бұхарлықтардың 1,2 миллион сомдық керуендері тоналып, зәбір шеккен шектіліктерге таратылды. Ол кездегі әрбір бағлан койдың бағасы Орынбор Меновой дворында 1 сом болса, әлгі айтқан қаражат 2,9 миллион койға тең болар еді. Бұл шектіліктер үшін орасан көп материалдық байлық еді. Осының басында Көтібар тұрды. Әрине, бұны орыс тарихнамасында «қарақшылық» деп атады. Шындығында, бұл патшалық Рссейдің отарлық саясатына қарсы күрестің бір түрі еді. Қазақ жерін зерттеген, 1865 жылы Петербордa «Земли киргиз-кайсаков Малой орды» деген көлемді еңбек жазған Ресей әскери министрлігі Бас штабының подполковнигі И.Ф.Бларамберг: «Самые воинственные, т.е. наиболее вооруженные роды Кайсаков находятся там, где русские влияние еще слабо. Таков весь Чиклинский род, самый мятежный, наиболее запутанный в брантах. Особенно отделение Тлеу, Кабак, под отделение Карабаш...» деп жазуының өзі, бұлардың Ресейдің отарлық саясатына көнбегендіктен туындаған тарихи шындық екендігін дәлелдейді.

XIX ғасырдың алғашқы он жылдығының екінші жартысынан бастап Кіші жүз өңірінде хан тағы тартысына байланысты сүргелең белең алды. Бұл патша өкіметінің саясатының кесірінен Арынғазы хан мен Шерғазы ханның арасындағы елді дүрліктірген тартыс еді. Бұған Көтібардың, Достанның, Қаражігіт Бектауұлының және Арыстан батырдың тікелей қатысы бар. Әлім, Шөмен, Арғын, Жаппас, тағы баска бірсыпыра ру тайпалар Арынғазыны қолдады. Осы, тағы да басқа реттер үшін Шектінің белді көсемдерін камауға алу туралы барон, жоғарыда айтқан, Е.К.Мейендорф Сыртқы істер министрлігінің басқарушысы К.В.Нессельродеге жазған хатында: «Предложение Арынгазы и других к Волконскому выдать ему Кутебара, Арыстана, Достана, Утегула Байдосова, Кутибаша и других, находящихся в Оренбургской тюрьме было отклонно» ден көрсетеді. Көріп отырсыздар, Көтібар сол кездегі саяси күрестің қақ ортасында жүрген саяси тұлға. Мұны төмендегі деректер айқындай түседі.

Отарланған қазақ еліндегі ауыр тауқымет, жер қысымы, саяси теңсіздік пен кіріптарлық Кіші жүз және Орта жүздің бірсыпыра руларының колдарына қару алып, патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы күреске шығуына жетеледі. Осындай бір халық-азаттық қозғалысын Сырым Датұлы бастағандығы еліміздің тарихынан белгілі. Бұл қозғалысқа Шекті елінен Көтібар, Достан, Қаражігіт молда Бектауұлы, Сарышоңай, Қайдауылдар да қатысты. 1785 жылдың 7-інші сәуіріндегі Орал атты-казак әскери канцеляриясы Ресейдің әскери коллегиясының Президенті, II Екетеринаның наксүйері Г.А.Потемкинге: «Нұралы ханның тумасы Мырзатай Мәмбетов әр жерде Байбақты, Кете, Шекті, Табын, Шеркеш, Таз руларынан құралған «қарақшы», «жауыз» топтарды көрген. Соның ішінде Сырым Датұлы тікелей – 2700, Барақ – 2000, Тіленші – 1500, Көтібар мен Достан – 800 қолды басқарады. Олар Жем өзенінің арғы бетінде шоғырланған» деп жазған екен. Бұл құжат Москвадағы Ресей Орталық әскери мұрағатындағы Князь Г.А.Потемкиннің жеке корындағы 194 іс (дело), 37-39 парақтарда тұр. 1786 жылы Көтібар, Достан, Сарышоңай Сырымды Шекті еліне шақырып құрмет етеді. Достан бай Сырымға көтерілісшілердің керегіне жаратарсың деп 400 сәйгүлік сыйлайды.

Біздің бұл айтып отырғандарымыз, атақты Көтібар батырдың отарлық езгіге қарсы күрес жолында атқарған игі істерінің бір парасы. Ұштығы. Қағазға таңбаланбағаны немесе біздің қолымызға түспегені, заманнан заман озғанда ұмыт болғаны мұзтаудың көрінбес бөлігі іспетті екеніне күмән жоқ. Әйтсе де, атақты тұлғаның кім болғанын тану жолында бір кәдеге жарар деген ниетпен тасқа бастырып, таңбаға түсірдік.

Аманғали МҰХАНБЕТУЛЛИН,
Қазақстан Республикасының Құрметті өлкетанушысы

Жұманазар АСАН,
филология ғылымының докторы

СЕГІЗІНШІ ҚАЗЫНА

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың: «Маңғыстау тұрғындарына көп адамдар өмірінде тым құрығанда бір рет болып көруді армандайтындай жерде тұру бақыты бұйырған. Осы бір қасиетті жерде көптеген әйгілі адамдар, әулиелер жаны тыныштық тапқан. Лайым олардың рухы сіздерді қоршап-қорғап жүрсін. Сіздерді қолдап жүрсін, бақытты өмір жолына бағдар берсін!» деген сөздерін жолбасшылыққа алған авторлар үштігі – Сақып Керелбаев, Нұрлан Құлбаев, Бақытжан Қосбармақовтың «360 әулиелі Маңғыстау» еңбегі жарық көріпті. Әулиелер туралы мәліметтер әр кітапта, әр мақалада кездескенімен, толық күйінде тұңғыш топтастырылуы десек, асыра айтқандық болмас.

«360 ӘУЛИЕЛІ МАҢҒЫСТАУ»

Бұл туралы: «...Республика бойынша тіркелген ескерткіштерінің жартысынан астамы Маңғыстау аймағында шоғырланған, сондықтан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында туған жеріміздің тарихи-мәдени ескерткіштері мен нысандары, киелі әулиелері туралы кітап-альбом жазуды ұйғардық» дейді авторлар аталған еңбекті шығару мақсаты туралы.

«Информ-А» баспасынан 2000 данамен 74 баспа табақ көлемде шыққан жаңа еңбекте «Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы» мемлекеттік мекемесінің мұрағаттық фотосуреттері, С. Әжіғали құрастырған Маңғыстау мен Үстірттің архитектуралық және негізгі тарихи-мәдени ескерткіштерінің картасы, С.Майемеров фотосуреттері пайдаланылған.

Рухани жаңғырудың арқасында жарық көрген кітаптың қаржылық шығынына демеушілік көмек көрсеткен имангершілігі мол, қайырымды азаматтар «Ақтау BS строй» ЖШС басшысы Сұңғат Мұңалбаев, «АС құрылыс» ЖШС басшысы Жұмабай Әділбеков, «СМК-4» ЖШС басшысы Самат Мұсабаев, «Айком ЛТД» ЖШС басшысы Иса Бимырзаев, «Ондасын строй» ЖШС басшысы Бердіқожа Боранбаев, «Ақжол құрылыс» ЖШС басшысы Асылбек Жолдыбаев, «Альянс ЛТД» ЖШС басшысы Асқарбек Керелбаев, «Макс-КМ» ЖШС басшысы Ильяс Нұрбайқосов, жеке кәсіпкер Аманжол Нұғымановтарға авторлар алғыс білдіріпті.

Маңғыстаудың 360 әулиесі, кейде 362 әулиесі аталып, адамзат санасында өлке тарихымен бірге жасап келе жатқанымен, осы уақытқа дейін оның санын түгендеп, әліппелік рет бойынша атын тізбектеп мәлімет берген кітап болмағанын айттық. Ел аузында әулиелер саны 360, кейде 362 болып екі түрлі айтылып, жазылып келуінің басын ашып, осы еңбек біржақты нақты жауабын бергендей.

Ал қасиетті түбектің киелі 360 немесе 362 санына қатысты филология ғылымының докторы, профессор Жұмат Тілеповтің тұжырымына сүйенген автор: «Әулие» деп түрлі жағдайда адам баласына ерекше көмегі тиген, бойларында Алланың құдіретімен дарыған зайырлы қасиеттері бар адамдардың жекелеген топтары айтылады. Олар – көріпкелдер, сынықшылар, құмалақшылар, емшілер,аруағы қозғанда жауына мың адам болып көрінетін батырлар, кітап ашып сөйлейтін, адамның, перінің дуасын қайтаратын ғұлама молдалар, сөйлескенде перінің тілін табатын, т.б. ерекше дарын иелері» дей келіп, олардың (әулиелердің) адамзат қауымын жақсылыққа, рухани тазалыққа, мейірімге, иманға үндеушілер екенін, ауру-сырқаудан айығуға көмек бере алатын айырықша қасиет иесі болғандықтан халық оларды тірісінде құрмет тұтып, о дүниеге аттанған соң да зираттарына түнеп, есімдеріне «ата», «баба» сөздерін тіркеп атауды қалыптастырғанын айтады.

Кітап-альбом түрлі-түсті фотосуреттермен безендірілген және өңірдің географиялық жағдайы, тарихы мен экономикасы, мәдениеті туралы мәліметтік мақалалар берілген.

Үміт ЖӘЛЕКЕ

ЖИЫН

Жамбыл облысы Тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен «Латын графикасына көшу – уақыт талабы» атты кездесу өтті. Шараға Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Қуат Борашев, тіл мамандары, ауыл әкімдері, мектеп мұғалімдері мен БАҚ өкілдері қатысты.

Жаңа жазуға көшу – уақыт талабы

Жиынды Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Үміткен Найманова сөз сөйлеп ашып, қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің аса маңызды міндет екенін айта келіп, кездесуге арнайы қатысқан Тіл саясаты комитетінің төрағасы Қуат Борашевке алғысын білдірді.

Ал облыс әкімдігі тілдерді дамыту басқармасының басшысы Сұлушаш Құрманбекова Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласындағы 6 міндеттің бірі – қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру екенін атап өтті. Осы орайда терминология бағыты бойынша қызу талқылау жүріп жатқанын тілге тиек еткен Қуат Борашев негізгі атқарылған жұмыстарға тоқталды.

«Әрине, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін дайындау оңайға соққан жоқ. Бұл ретте Премьер-министр басқаратын арнайы Ұлттық комиссия құрылды. Аталған комиссияның бір жыл ішінде 6 отырысы өтті. Комиссия жұмысы төрт бағытқа негізделді. Олар – орфографиялық, әдістемелік, терминологиялық және ақпараттық-технологиялық бағыттар. Мен орфографиялық жұмыс тобы жағында болдым. Жыл ішінде орфографиялық топтың 12 кеңесі өтті. Кең көлемде ой, пікір, ұсыныс жинау үшін тіл саласының ғалымдары әр ауданға барды. Ауылдардағы жұрттың пікірін тыңдады. Бұл жерде де төл дыбыстар, дәстүрлі фонетика бар. Кириллица нұсқасында 42 әріп болса, қазіргі латын графикасында 32 әріп қалғанын білесіздер. Біраз әріп түсіп қалды. Ол туралы да ұзақ кеңестік. Біз әуелі осы жолдардан өткен Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан елдерінің зерттеулеріне сүйендік. Олар өтпелі кезең ретінде дәстүрлі орфографияны сақтап қалған екен. Бізде осы тәжірибеге сүйеніп, орфографияның 80 пайызын сақтап қалдық. Осыны Ұлттық комиссия мақұлдап, емле ережелерді бекітті» деді ол.

Қуат Қахарманұлының айтуынша, 2025 жылға дейін уақыт берілген. Осы кезге дейін 5 миллион тұрғын латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін танып, үйреніп жатыр.

Жамбыл өңірінде де латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиін онлайн курс арқылы үйрету мақсатында «qazalipbi.kz» бағдарламасы дайындалған. Бұл латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиін үйренуде интернет-технологиялар мүмкіндігін пайдалануға қол жеткіздік деген сөз. Осы орайда М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің доценті,филология ғылымының кандидаты Гүлзинат Қарымбаева аталған электронды бағдарламаның дайындалу, тиімділігі жөнінде кеңінен әңгімелеп, «qazalipbi.kz» бағдарламасының 18 сабақтан тұратынына, әр сабақта үш әріпті жан-жақты қамтитынына тоқталды.

Сонымен қатар облыстық «Aq jol» газетінің директоры – бас редакторы Көсемәлі Сәттібайұлы, «Знамя труда» газетінің директоры – бас редакторы Бекет Момынқұлов пен облыстық «Arai» жастар газетінің бас редакторы Дәулет Төленді өз ойларымен бөлісті.

Есет ДОСАЛЫ
Жамбыл облысы

Бүгінде қалада тұру біздің қоғамда үлкен мәртебе секілді. Ол адамның үйі бар ма, күйі не халде, оны сұрап жатқан ешкім жоқ. Тек, қалада тұрады деген атағы бар. Барлығына топырақ шашудан аулақпын. Неге жыл санап қалаға ағылған халық саны артуда? Ауылдан бәрі көшсе, кең байтақ даламыз иесіз, киесіз қалмай ма?! Қаладан неше жылда бір бөлмелі үй алуға шамалары жоқтар неге ауылға келіп, үш-төрт бөлмелі үйлерін алып, қазанын қайнатып, өмірін жайнатып отырмайды.

АУЫЛДАН ажырап қалмайық

Қазіргі қазақ ауылының тыныс-тіршілігі, жай-күйі қандай? Орыс пен неміс т.б. ұлт өкілдері көшкен ауылдардың орыны толды ма, әлде, әлі күнге ойсырап тұр ма?

Ауыл десе алдымен есімізге ауызсу түседі. Одан кейінгі мәселе – білім жүйесі. Кей пән бойынша ұстаздар мен оқулықтардың жетіспеушілігі. Күн сайын дамыған заманда ақпараттық технологиялардың тапшылығы. Елбасының соңғы халыққа Жолдауында ауыл жайы мен педагогтар мәртебесі сөз болды. Енді, соны жүзеге асыру облыс, қала, аудан, ауыл әкімдеріне міндет. Ауыл тұрғындары жаз айларында қалаға барып құрылыста істейді. Ал біркатары екі-үш тұяқ малдарын ермек қылады. Қыс айларында жұмыссыз. Соңғы жылдары Корея елінде жұмыс жасайтын қазақстандықтардың саны көбейіп кетті. Оның негізгі себебі – жұмыссыздық. Ауылда шағын кәсіпорындар ашу керек. Әр ауыл өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз ете алса ғана, біз дамыған отыз елдің қатарына енеміз. «Тойған қыз төркінін танымайды» дегізбей, қазақтың «менмін» деген мықты азаматтары өзінің туған ауылын неге көркейтпейді? Мүмкін бар да шығар, бірақ өте аз. Әрине, ұлтқа деген махаббат, ұлтқа деген сезім отбасы мен мектептен қалыптасатыны ақиқат. Осы орайда жұртының жүрегінен орын алған Жүсіпбек Аймауытұлының мына бір тамаша сөзі бүгінгі қоғамда да өз құнын жоймаған тәрізді. «Қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек». Басқа ұлттардың ауылдан өздері кетсе де, шұбарланған сөздері қалған. Кейбір ауылдар мен елдімекендерде ана тіліміздің халі мәз емес. Ол үшін әрине, қала көріп, көздері ашылған жаңашыл, жаңалыққа жаны құмар жас мамандар мемлекеттің күштеуімен емес, алда атқарар істерімен келіп, ауылдағы балапандарды қанаттандыру керек деп ойлаймын.

Қала мен ауыл. Екеуінде де жұмыс жасадым. Қазіргі таңда ауылда жұмыс істеймін. Ауылдағы оқушылар бос уақытында не істейді, қосымша қандай үйірмелерге барады? Осы мәселе өзекті болып тұр. Себебі ауылда балалардың шығармашылығын дамытуға көп жағдай жасалмаған.

Мемлекеттің күретамыры – ауыл. Адам денесінде тамыр қаншалықты маңызды орын алса, ұлт үшін де ауыл соншалықты маңызды. Ауылға мемлекеттен көбірек көңіл бөлінсе екен. Ауыл тұрмысы одан әрмен жандана түссе, қаладағы үйсіз, көңіл-күйсіз жүрген кей жас мамандар ауылға ат басын бұрар еді.

Ауыл өзінің кең даласы, кең пейілді адамы, қоңыр тіршілігімен ерекше. Қала – теңіз болса, ауыл – сол теңізге сай-саладан келіп қосылған тап-таза, мөп-мөлдір бұлақ іспетті.

Ауғанбай САНАҚҰЛЫ,
Бірсуат орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Ақмола облысы
Біржан сал ауданы

Сырттай білім сапасыз емес

БАҚ құралдарынан елімізде биылдан бастап сырттай білім алу тоқтатылады деген ақпарат оқыдым. Осы шешім қаншалықты дұрыс? Барлық адамның күндізгі бөлімде оқуына мүмкіндігі бола бермейді ғой. Жұмысы, отбасылық жағдайы, тағысын тағы себептер бар дегендей.

Естуімше, сырттай білімге балама ретінде «парт тайм» жүйесі қарастырылып жатыр екен. Бірақ ол қаншалықты өзін-өзі ақтайды әрі нәтижелі болмақ, әзірге белгісіз. Менің ойымша, сырттай білім алу жүйесінен түбегейлі бас тарту дұрыс емес. Талай замандастарымыз, мықты да талантты азаматтардың біразы сырттай білім алып та, еліне қызмет етіп жүр. Бұл жерде мәселе – әр адамның жауапкершілігін сезінуінде деп ойлаймын. Сырттай білім алушыларға тағылып жүрген сынның көп екенін де білемін. Десек те, бұдан барлығы бірдей сырттай білім алуға салғырт қарайды деген ой тумаса керек. Олардың арасында да сапалы оқуға талаптанып, жақсы маман иесі атансам деген ниеттегі жандар аз емес.

XXI ғасырда білім – басты құндылықтардың бірі екені ақиқат. Бірақ оған жету жолдары әртүрлі болуы мүмкін. Қалай болғанда да дәстүрлі сырттай білім алу жүйесінен түбегейлі бас тартуға асықпасақ екен. Білім саласының басшылары әлі де ойланар деген үміттемін.

Айсұлу ҒИЗАТҚЫЗЫ

Шетел әндеріне неге әуеспіз?

Қазір біздің эстрада саласында не көп, ән байқауы көп. Телевизиялық жобалар да аз емес. Түрлі бағыттағы өнерлі жастар бар шеберліктерін көрсетіп ән сайыстарына қатысып жатады. Өнер болған соң бәсекелестік, бір-бірінен озу деген болады. Ол – заңдылық.

Өнерге бір табан жақын болған соң осындай байқауларды қадағалап жүретінім бар. Өкінішке қарай, еліміздің белді-белді телеарналарынан көрсетіліп жүрген ән сайыстарында көбінесе шетелдің әндері орындалып жатады. Қазақтың бір тамылжыған әнін естісемші. Әлде мен қателесем бе? Үнемі қазақ әнін тыңдайыншы, қазіргі жас әншілер бұл әндерді қай деңгейде шырқайды екен деп ойлап отырамын. Бірақ үмітім ақталмайды. Бәрі шетінен шетелше ән айтуға құмар. Дауыстарының мықтылығын көрсеткісі келе ме, әйтеуір, қиянға шырқаған әндерге басымдық береді. Ал сонда өзіміздің қазақи, халық әндерімізді неге шырқамайды? Халқымызда кең тынысты, алты қырдың ар жағына жететін әндер баршылық. Тек соны айта білетін әнші болса болғаны. Меніңше, елімізде өтетін ән байқауларында ұлттық туындыларға басымдық берілуі керек. Шетел әндерін айтқанымен біздің өнеріміз өрлемейді, өркендемейді. Осыны жастарымыз ұғынса екен деп жазып отырмын. Award Award Тележобаларды ұйымдастырушылар да мұндай мәселеге жіті қараса деймін. Кезінде тәуелсіздікті аңсағанда, азаттықты армандағанда ұлттық құндылықтарымызды өз қолымызға алуға да ұмтылдық емес пе? Ал енді Тәуелсіздігіміз қолымызға тигенде осы мәселеде шабан тартып қалып жатсақ қалай болғаны? Ойланайық, ағайын! Әннің бәрі жақсы, бірақ өз тілінде шырқалған ән, өз сазгерің шығарған ән бәрінен де жақсы дер едім. Бұл ана тіліміздің аясын кеңейтуге де кеңінен жол ашатыны сөзсіз.

Байзолда КӨШКІНБАЙ

АҚТӨБЕ

Жас қаламгерлерге қолдау болса...

Елбасы биылғы жылды «Жастар жылы» деп жариялады. Қоғамда жастардың толғаулы да өзекті мәселелері аз емес. Жұмысқа орналасудан бастап, баспаналы болуына дейін...айта берсек көп. Менің айтайын дегенім, осы жылы жас ақын-жазушыларға да қолдау көрсетілуі керек. Қолдау мүлде жасалмай отыр демеймін, бірақ ол кешенді түрде ұйымдастырылғаны жөн. Есімі елге белгілі болмай жүргендер, алайда талантты, дарынды, болашағынан мол үміт күттіретін жас қаламгерлер ауылдық жерлерде де бар. Ал олардың шығармашылықтарын насихат орталықтарға келуге, өз шығармашылықтарын насихаттап, танытуға мүмкіндіктері бола бермейді. Сөйтіп, тасада қалады. «Бұлақ көрсең көзін аш» демекші, дер шағында көзі ашылмаған бұлақтың күні ертең таланты да солып қалатынын жақсы білеміз. Демек, ауыл аймақтардағы, әсіресе, шалғай ауылдардағы қабілетті жастарға қолдау жасалуы керек деп ойлаймын. Құдайға шүкір, ғаламтор жүйесінің дамыған заманында отырмыз. Әрбір жас қаламгердің туындыларын ғаламтор арқылы алдырып, кітап етіп шығарып беруге мүмкіндік бар ғой? Жалпы, осы орайда тағы бір айтқым келгені, ауыл жастарына көбірек назар аударуымыз керек. Ауыл – елдің алтын бесігі. Талanttардың көбі ауылдық жерлерден шығады. Бұған қаланың жастары ренжи қоймас. Қала жастарының дамуға, өсуге деген мүмкіндіктері көбірек. Ал ауылдың жағдайы басқа. Осы мәселелер жан-жақты ескерілсе дейсің....

Асыл МҰРАТ

Қостанай облысы

Жасыл желек неге оталады?

Қалалық жерлерде байқайтыным, жаңа үйлерді салғанда сол жерде өсіп тұрған жасыл желекті, жылдар бойы жайқалып тұрған бәйтеректерді аяусыз отап, қырқа салады. Осындайға кім рұқсат береді? Қазақстан жасыл желегі көп ел емес, салыстырмалы түрде қарағанда ағаштар саны бізде өте аз. Оны көбейтудің орнына, жайқалып өсіп тұрған ағаштарды нарықтың қылбырауына салып, көзін құрта салу ақылға сыймайды. Әкімдік тарапынан тиісті қадағалаулар неге жүргізілмейді? Бір ағашты заңсыз кескен адамға Еуропа елдерінде үлкен көлемде айыппұл салынады. Ал бізде бұл жағынан заңымыз осал ма, әйтеуір, жазаға тартылып, айыппұл арқалап жатқандарды естімейсің. Өркениетті ел боламыз десек, қалаларда өсіп тұрған әрбір ағашты көздің қарашығындай сақтауымызға күш салуымыз керек. Өйткені ол биология, физиология тілімен айтқанда қаланың өкпесі, тынысы. Қазіргі үй тұрғызу ісімен айналысатындар бұл жағына көп бас қатырмайтын сияқты, өйткені көбінің көздегені бір күндік пайда. Ал ағаштың адам баласына беретін пайдасы мың күндік, тіпті ғұмыр бойы да халық игілігі үшін қызмет ете береді.

Азамат ҚАҒИБАТ

«Уатсаптағы» өресіздік

Қазір не көп? Әлеуметтік желі көп. «Инстаграмм» мен «уатсаппен» келетін хабар көп. Тіпті өзіміз анекдот атандырған шағын әзіл-оспақ та көп. Жүйкеңіз бен жеке уақытыңыз, төзіміңіз бен ықыласыңыз жетсе, күні бойы диванда жайбарақат жатып, әрбір парақшасын ашып, оқи беріңіз.

Күні кеше «уатсап» арқылы келген екі адамның диалогын көзіміз шалды. Бірі – прораб әлде бригадир, келесісі – қарапайым жұмысшы. Сөзбе-сөз келтірсек, прораб жұмыскерден: «ана Рейхстагты сен алған жоқсың ба? Кім алды оны» деп сұрайды. Жұмысшысы: «Білмеймін» деп жауап береді. Ал прораб: «Отбойный молотокты» кім алғанын таптық» дейді де: «Рейхстагты точно сен алмаған болсаң, онда Рахымжан Қошқарбаев алған ғой негізі» деп өз-өзіне жауап қайтарады. Жұмысшысы ештеңе дей алмай, тұрып қалады. Сонда Рахымжан бұл жерде кім болып тұр? Объектідегі қарапайым жұмыскер ме?! Әлде жат елден келген жалдамалы адам ба? Мүлде түсініксіз!

Жалпы, бұл әңгімеде не мағына, не мән бар? Әріптестердің екеуі де тарихтан бейхабарлығын, ой-өрісінің тарлығын, ақылының таяздығын айшықтап, анық көрсетіп тұр-ау. Нақтырақ айтқанда, 1945 жылы небары 21 жасында шыбындай жанын шүберекке түйген, қайнаған жаудың ақордасына батылдықпен кірген, Рейхстагқа алғаш ту тіккен ержүрек Батыр атамызды келемеж етіп, есімін ашықтан-ашық қорлап тұр ғой. Мағынасыз-мәнсіз бұл әңгімеден бүгінгі жастар қандай өнеге, қандай тәрбие алады? Қайда бара жатырмыз? Патриоттық деңгейіміз, жеткен жеріміз осы болды ма?

«...Қайнайды қаның, ашиды жаның, мінездерін көргенде» деген өлең жолын Абай бабамыз осындайларға арнаған екен-ау. Ай аман, күн ашықта осындай мәдениетсіздікке салынғаннан, майдангер атаны мысқалдағаннан не ұтамыз? Өз сөзімізге өзіміз есеп бере алмай барамыз-ау. Бұған бір тыйым-тоқтау бола ма өзі?

Нұрлыбек ТӨРЕГЕЛДІ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Ақмола облысы
Ерейментау ауданы

Адал ұрпақ тәрбиелеу – ортақ міндет

Қазақта «Ел боламын десең – бесігіңді түзе» деген қанатты сөз бар. Сөздің басы бесіктен бастау алуында үлкен мән жатыр. Жалпы соңғы кездері мектепке дейінгі ұйымдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы үгіттейтін стендтер ілініп тұрғанын көрсеңіз, таңғалмаңыз. Себебі қай заманда да білім саласында осындай алдын алу жұмыстарын жүргізу маңыздылығын жоғалтқан емес.

Бесіктен соң балабақша, балабақшадан соң бала тәрбиесі мектепте жалғасады. Ал мектептер балаларға қандай тәрбие беруде? Бұл сұрақ алдымен ата-ана көкейінде жиі қойылатыны белгілі. Рас, сапалы білім беру, түрлі пәндік олимпиадаларға қатыстыру, спорттық сайыстарға тарту сияқты білім беру орындарының берері көп.

Тіпті соңғы жылдары мектеп оқушыларын сыбайлас жемқорлықтан аулақ болуға шақыратын шаралардың көбейе түскендігі де жасырын емес. Жастары белсенді елдің ертеңі жарқын екендігін ескерсек, болашағынан зор үміт күттіретіндер қоғамдағы барлық салаға атсалысып, тәуелсіздіктің тұғырлы болуы жолында аянбай еңбек етіп келеді. Мәселен, өңірімізде «Адал ұрпақ» атты ерікті мектеп клубтары құрылып, жасөспірімдерге жемқорлық, парақорлық сынды жағымсыз әдеттердің зиянын ұғындыру жұмыстары кең көлемде жүргізілуде және еріктілер клубтарының қатары көбейіп келе жатқандығы қуантады. Бүгінгі күні облыстағы 134 клубтың 60.000-ға жуық мүшесі бар. Бұл ұйымдар өскелең ұрпақты адамгершілік пен патриоттық сезімге тәрбиелеп, олардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау әрі нығайту, оқушылардың заң талаптарын сақтауға ынтасын қалыптастыру заман талабынан туындап отырған үрдіс екендігі үнемі айтылады.

Жалпы жастарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға шақыратын шаралар жиі өтеді. Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта «Жайдарман» ойындары, эссе жазу, дебат сайысы, пікірталас, семинар-тренингтер, театрландырылған қойылымдар, ашық сабақтар, сурет салу және т.б. байқаулар ұйымдастырылды. Агенттіктің аумақтық департаменті жастармен тұрақты түрде кездесу өткізіп отырады. Ал кездесудің мақсаты мемлекеттік қызметтің ерекшелігі мен қоғамда алатын орнын насихаттау, әдеп ережелері мен міндеттері жайында толық түсінік беру, елге еңбегі сіңген мемлекеттік қызметшілерді үлгі етіп, жастарды білімділікке, қызметке адалдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеуге бағытталған. Сонымен қатар бұл шаралар тек мектептерде ғана емес, жоғары оқу орындарында да жүргізілуде.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті Қазақстан теңіз университетімен бірге «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» жобасы бойынша фронт-офисі және «Адалдық дүкені» ашылды. Сонымен қатар «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесімен тағы бір «Адалдық дүкені» Агенттіктің аппарат басшысы Саян Ахметжановтың қатысуымен «Yessenov University»-де ашылған болатын.

«Sanaly urpaq» — білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлық деңгейінің қысқаруына, болашақ ұрпақтың ой-өрісін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, азаматтардың мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыруға бағытталған жоба. Ал «Адалдық дүкені» жұмысы өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесі бойынша ұйымдастырылған. Уәкілетті органның көздегені жастарды өздерінің жарқын болашағын «Жемқорлыққа жол жоқ!» ұранымен сыбайластықты болдырмайтын және парақорлыққа мүлде төзбейтін мәдениетті қалыптастыра білетін ел болуға тәрбиелеу.

Нұргүл ЖАННАЗАРОВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы

Әнге арқау болған Балқадиша

Балқадиша...

Бұл бір ауыз сөз санамызға сәуле түсірсе, ең алдымен, әуезге толы Ақан серінің әні ойға оралады. Ел аузында шырқалып жүрген, өз биігінен түспеген «Балқадиша» әнінің кейіпкері кім еді?

20-30 жылдары қазақтың көп әні жаңа социалистік қоғамның насихат құралына айналып, о бастағы сөзінен, мән-мағынасынан ажырады. Үкілі Ыбырайдың «Толқын» әні – «Елім бар колхоз болып дүрілдеген», «Ақбаян» әні – «Ой, Ленин, Қараңғыда көп елің» болып өзгерсе, «Балқадиша» әні әйел теңсіздігін шектеген ән боп шыға келеді. Бұл жөнінде көп қырлы дарын иесі, сезімі сергек, сырлы сазгер Ілия Жақанов өзінің «Жүрек пернесі» атты лирикалық эсселер жинағында ғажап суреттейді.

«Дегенде Балқадиша, Балқадиша,
Күйеуің сексен бесте, шал Қадиша»...

Иә, жоғарыда атап өткен әйел теңсіздігін шектеудің көрінісі осы екі жолдан-ақ анық байқалады. Балқадишаның келін боп түскен жері – Көкшетау уәлаяты, Зерендідегі Қойайдар ауылы. Кейін бұл ауыл Сәберлі, Кенжетай атты ауылдармен қосылып, Кеңөткел колхозы аталады. Соғыс жылдары Зерендінің Кеңөткелінде ән сапарымен келген бір әнші «Балқадишаны» бұрмалаған сөзімен айтыпты. Сонда залда отырған Балқадиша: «Мына жазған не деп отыр?» деп биязы ғана мінезімен мұңая басын шайқаған екен. Сол жерде отырған ақсақал: «Аққудың көгілдіріндей үлбіреген Балқадиша өз сүйгеніне қосылды» деп үн қатыпты.

Дәстүрлі әнші Берік Омаровтың сөзіне сүйенсек, «Балқадиша» әнін көрнекті ақын Фариза Оңғарсынова Семей өңіріне сапармен барғанда орындапты. Фариза апамыз: «Құшақтап құс жастықты жыладым...» деген теңеуді естіген соң, Ақан қатардағы азаматтың бірі емес, жігіттің төресі, ердің ері емес пе? Құс жастықты құшақтап, бүк түсіп жатқан Ақан серіні елестету мүмкін емес. «Құз жартасты құшақтап жыладым» деп орындасаң, жақсы болар еді. Кейбір әншілер «кер бестіні құшақтап жыладым...» деп орындап жүр, құлаққа жағымды естіледі» депті. Бұл жағдайды «Егемен Қазақстан» газетінен (20 ақпан, 2017 жылы) «Фариза ақынның аманаты» (авторы Азамат Қасым) атты шағын мақаладан оқып, қайран қалып едім. Иә, бұл шағын кездесудің өзі үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр. «Аманатқа қиянат жасама» деген қазақи қағиданың бір көрінісі емес пе?

Масабай мен Ыбырай құда болып, қызы Балқадишаны Сүлейменге ұзатады. Балқадишаның шын есімі – Төкен. Әкесі Ыбырай үш рет үйленген. Бәйбішесі Жықыштан Балқадиша және Сейітбаттал туған. Балқадиша өмірге екі ұл, үш қыз әкелген.

Орыс зерттеушісі, Шоқанның досы Потанин: «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді» деп жазған. Ал неміс музыканты А.Эйхгорн: «Қазақтардың қарапайым саздары мен сөздері айналадағы табиғатпен үндесе келе, оның сырт өмірден алған әсерін табиғи қалпында беріп, сезімдерін ешбір қалтқысыз баяндайды» деген болатын. Иә, Ақан сері сыршыл сезімін бұл әнде қалтқысыз баяндайды. Балқадиша әні 90 шумақтан тұрған. 1988 жылы Қайролла Жүзбасовтың құрастыруымен «Өнер» баспасынан жарық көрген еңбекте «Балқадиша» әнінің үш нұсқасы берілген. Жоғарыда аталған бірді-екілі кемшіліктерді қалыпқа келтіріп, орындаушылар орындаса, келер ұрпақтың төлтума мәдениетін білуге бастар даңғыл жол болары сөзсіз. Иә, «Балқадиша» әні әлі де қазақтың аспанында қалықтай береді. Біз бұған сенеміз...

Әділбек ӨМІРЗАҚОВ
АТЫРАУ

МЕРЕЙ

Философия ғылымының тарихы қаншалықты терең болса, оның мазмұны да, көтерер жүгі де соншалықты терең әрі ауқымды. Осындай қиын да күрделі салада қызмет атқару, зейінді шәкірттер даярлай жүріп, сүбелі еңбектер жазу – елдің даму болашағына қосылған зор үлес. Бұл орайда біз бүгінде танымал ғалым, білікті басшы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Философия» кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымының докторы, профессор, мерейлі алпыстың асқарына жетіп отырған Гүлжиһан Нұрышева жайында ой қозғауды жөн көрдік. Себебі жақсының жақсылығын айту қашанда парыз.

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

Ғалымның өмірбаянына зер салсақ, бүгінгі дәрежеге дейін көптеген ғылыми баспалдақтардан өткенін байқаймыз. Студенттік жылдар, маман болып қалыптасу кезеңдері, ой әлеміне құлаш ұру... бәрі де күні кешегідей сияқты еді. Алты ұлдың ішіндегі жалғыз қыз Гүлжиһан мектептен соң әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін философия мамандығы бойынша тәмамдап, аспирантура, докторантураға түсіп, сәтімен кандидаттық, докторлық диссертацияларын қорғады. Атырау педагогикалық институты, Алматы педагогикалық университеті сияқты іргелі оқу орындарында қызмет етіп, ұзақ жылдар Қазақстан-Британ техникалық университетінің философия кафедрасын басқарды.

Гүлжиһан Жұмабайқызы туралы айтқанда «Ұлы даланың пассионарий қызы» деген теңеу тіл ұшына оралады. Себебі ол осындай теңеуге әбден лайық тұлға. Бір ойшылдың «Адамның өмірін оның қандай принциптерді ұстанатынына қарап баға беру керек» деп айтқаны бар еді. Бұл орайда кейіпкеріміздің өмірлік ұстанымы, шығармашылық бастамашылдығы айқын, ол – бабалар аманатына адалдық, елге қызмет ету. «Бала кезімізде кітапты таласа оқыдық» дейді мерейтой иесі. Кітапқа құмар бала даналыққа неге құмар болмасын. Ал философия дегеніміздің өзі даналыққа құмарлық. Қолынан кітабы түспеген сол бір бүлдіршін қыз өз мектебін қалыптастырған ұстаз ретінде ұлт мұраты жолында еңбек етіп келеді.

ҚазҰУ-дың философия кафедрасын басқарған алғашқы күндерден-ақ оқу-ағарту жұмыстарының сапалы жүзеге асырылуына мән берді. Дәрістердің өз деңгейінде берілуі, тиісті әдістемелік шараларды үйлестіру, іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеулерге көңіл бөлу сынды қат-қабат шаруалар жүйелігі мен нәтижелілігін көрсетті. Соңғы жылдары кафедра көрсеткіштерінің айтарлықтай жақсаруы осының дәлелі дер едік.

Тәжірибелі менеджер, басқарушы ретінде демократиялық дәстүрді негізге алып, ұжымдағы мәжілістерде әріптестердің жеткен жетістіктерін тілге тиек ету, жас мамандарға сенім артып, оларды қолдаудан аянып қалған емес. Соның бәрінде өзіне тән басшылық мәдениеті, іскерлігі, ғалымдық болмысы баршамызға үлгі-өнеге.

Білім алудың талабы – үздіксіз іздену, талмай еңбек ету екенін жақсы білеміз. Бұл ретте Гүлжиһан Жұмабайқызының білім сапасына келгенде қоятын талабы биік. Сабаққа дайындығы осал болған студент, ғылыми жұмысын тиянақты атқармаған магистрант, докторант әділетті бағадан айналып өте алмайды. Өйткені талап барлығына бірдей. «Бармақ бастылық, көз қыстылыққа» жол бермейтін принципшіл басшы қашанда турашылдық жолын ұстанады. Есесіне кафедра қабырғасынан түлеп шыққан мамандар еңбек нарығында өз орындарын тауып, бәсекеге қабілетті болып шығады.

Біздің болашағымыз – білімді ұрпақ. Білімді ұрпақ өздігінен қалыптаспайды. Осы бағытта толассыз атқарылып жататын әдістемелік шаралардың саны шексіз: типтік бағдарламалар, оқу құралдарын дайындау, жоқ болса өзге тілден тәржімалау, әдістемелік семинарлар, тағысын тағы. Білікті маман осының бәрін жоспарлап, қадағалап әрі жеке жүктемені де орындап үлгереді. Гүлжиһан Жұмабайқызының қазақ тілінде жазылған «Адам өмірінің философиялық мәні», «Өмірдің мәні: философиялық-антропологиялық талдау», «Фридрих Ницшенің философиясы мен өмірі туралы очерктер» монографияларын, «Философия», «Философия тарихы», «Философиялық антропология», «Ғылыми таным философиясы», «Еропалық Орта ғасыр және Қайта Өркендеу философиясы» және тағы басқа оқулықтары мазмұн жағынан да, жазылу стилі жағынан да алдыңғы қатардан көрініп жүрген дүниелер. Қазіргі заманғы сандық технологиялар саласындағы жаңалықтарды қолдана отырып, «Философия», «әл-Фараби философиясы» пәндері бойынша әзірлеген онлайн дәрістер топтамасы да үздіксіз ізденіспен келген қарымды еңбегінің бір парасы дер едік.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 оқулық» жобасы бойынша шетелдік философтар Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы», Энтони Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы» оқулықтарын ағылшын тілінен қазақшалады. Сонымен қатар Гүлжиһан Жұмабайқызының республикалық және шетелдік ғылыми басылымдардағы мақалалары, баспасөз бен фейсбуктегі парақшасындағы жарияланымдары бір кафедраның ғана емес, бүкіл философия әлемінің жүгін арқалап келеді.

Бір айта кетерлігі, келешекте жақсы маман болуды армандайтын студенттер қауымы ғалым ұстазының шығармашылығын, адами қасиеттерін үлгі тұтып, мақтан етеді.

Қазақ тілінің философия саласындағы терминологияның қалыптасуына да бір кісідей еңбек сіңіріп келе жатқан Г.Нұрышеваның «Мәдени мұра», «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 оқулық» бағдарламалары аясында тәржімалаған кітаптары аз емес. Бүгінде ол кісінің арманы әлі де бір жүйеге түсе алмай келе жатқан философиялық ұғымдардың қазақша сөздігін жасау.

«Қазақ философиясын түсінуге өреңіз жетпесе, ол қазақ философиясы жоқ дегенді білдірмейді». Кезінде осындай сөздермен қазақ философиясын биік мінберден қорғаған ұстазы, кеңестік интернационализм, ал шындығында тоталитарлық саясат кезінде Қазақ ұлттық философиясы туралы алғаш айтқан О.Сегізбаевты қазақша сөйлетуге күш салды. Ешбір төлемақысыз үш жылға созылған аударма нәтижесі автордың «Қазақ философиясының тарихы» атты еңбегінің қазақ тілінде жарық көруімен, соған орай ұйымдастырылған тұсаукесермен және ғылыми конференциямен аяқталды. Әркім өз бабасынан қайраткер жасап, жеке тұлғаның даңқын асыруға күш салған қазіргі заманда Гүлжиһан Жұмабайқызының ұлт философиясын ардақтаған, алайда көзден-көңілден таса қалып бара жатқан ғалым мұрасын сақтауға, шынайы қайраткерді елге танытуға бағытталған «Ұстаз рухына деген тағзым» шарасы Қазақстандағы философтар мен философиялық қатынастарға жаңа дәстүр ендірді.

Гүлжиһан Жұмабайқызы үшін философия – атақ-даңқ, марапатқа бастайтын жол емес. Ұлттың руханиятын жалғастыратын, сақтайтын, ұрпақ қолына тапсырылуға тиіс қасиетті мұра. Менменсу, асылды бағаламау оның болмысына жат. Ешқашан ешкімге кеуде керген емес, дақпырт үшін ғылыми жұмыспен айналысқан емес.

Кейіпкеріміз – сүйікті жар, ардақты ана екенін айта кеткеніміз жөн. Бірде шәкірттері ұстаздан: «Жақсы адамды қалай білуге болады?» деп сұрапты. «Ол туралы қалдырылған пікірлерге немесе ол адамның кімге ұқсайтынына қарап ештеңе айта алмаймыз. Тек қана – ол бар жерде пайда болатын атмосфераға қарап білеміз» деп жауап береді тәлімгер. Ата-анасының үлгісімен жақсы тәрбие ғана емес, терең білім алған перзенттерінің арқасында жолдасымен бірге Норвегия, Италия, Испания, Франция сияқты елдерге саяхаттау – жақсы бала тәрбиелеудің жемісі. Ондай сапарларда ой туады, «Норвегияға барғанда» сияқты мақалалар ғана емес, өзге елден арнайы келіп ұлттық нақыштағы дастарқаннан дәм татып, күй тыңдап, қайталанбас көркімен, сұлулығымен таңдай қақтыратын әсем Алатауымыздың табиғатын тамашалауды мақсат ететін шетелдік қонақтар түрінде жалғасып жатады. «Елмен қатынасың ойдағыдай болу үшін екі нәрсең болсын: жылы лебізің және бар болса, бөлісер наның» деген қонақжай халықпыз. Ондайда үй тірлігіне ептілігі, етін асып, қазысы мен бауырсағын пісіріп, келген қонақты күтіп-баптап, дастарқанын жайнатып қоятын қабілетін қайтерсіз.

Осындай қарым-қатынас, әріптестік байланыс кафедра мүшелері арасында да орын алған: жасы үлкен-кіші болғанына қарамастан барлығы бір үйдің баласындай еңбек етуде. Өзара сыйластық пен құрмет ахуалы қалыптасқандығын атап айтуға болады. Гүлжиһан Жұмабайқызын ұжымымыздың атынан мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, шығармашылық табыс тілейміз.

Ақмарал СЫРҒАҚБАЕВА,
философия ғылымының докторы

Гауһар ӘБДІРАСЫЛОВА,
философия ғылымының кандидаты

ЖЕЛІДЕГІ ӘЛЕМ

facebook

Түркі жұртының қарашаңырағы – бізбіз!

Мұхтар ӘУЕЗОВ:

...орыс тілінен қазақтың тілі әлдеқайда бай, икемді, ырғақты, мағыналы, әсем, ықшам, әуезді. Екі тілді салыстыруға болмайды, қай жағынан алғанда да біздің тіліміз артық!

***

Тәңірінің қалауымен тарих тағдыры ежелгі жүз сан руды шалқар далаға бұршақша шашып жіберіп, тобымен тоғыстырып, әбден араластырып барып, қойны-қонышын толтыра қайта жинаған. Арғы заманнан даңқты аталарының тікелей мұрагері болып табылатын қазақ халқының ана тілінің бірлігі, түр тұтастығының үйлестігі, әдет-ғұрпының ортақтығы және соған орай өзіндік менталитет осы ұлттық ұлыстар аясында ұйысқан сан ғасырлық қалтқысыз аралас ұрпақтан-ұрпаққа өткен туыстық жалғастықтың нәтижесі. Бұрын да айтқанбыз, әлем тарихында дәл қазақ сияқты ежелден-ақ берік қалыптасқан біртұтас ұлт некен-саяқ, тіпті жоқ та шығар. Түркі жұртының қарашаңырағы – бізбіз! Алтын орданың жұртында біз отырмыз!

Жарқын СӘЛЕНҰЛЫ

Репиндікі не құдірет?

Илья Репинді білмейтін адам кемде-кем шығар. Бала күнімнен атына қанық осы суретші жайлы кеше бір қызық мәлімет оқыдым.

Оған сенсек, Репин живописten бөлек, өз замандастарының суретін бір адамдай-ақ бейнелеп баққан шебер екен. Бірақ ең сұмдығы сол, ол портретін салған адам көп ұзамай дүние сала берген...сала берген. Ол турасында жазушы Корней Чуковский: «Егер мен сәл де болса ырымшыл адам болсам, оған суретімді ешуақытта салғызбаған болар едім. Өйткені, ол бейнесін суретке түсірген адамдардың бәрі көп өтпей-ақ бақилық болады. Мусоргскиді салды – өлді. Писемскиді салды – ол да өлді. Одан кейін Пирогов...Мерси д'Аржанто...кете береді. Третьяков үшін Тютчевті салуға енді кірісе бергені сол еді, ол да сол айда ауырып, артынша қайтыс болды» дейді. Бұл әңгімені тыңдап отырған сықақшы О.Л.д'Ор: «Ақыры мұндай құдіретіңіз бар екен, Илья Ефимович, құдай тілеуіңізді берсін, енді Столыпинді салыңызшы» депті жалынышты кейіп жасап. Ол Столыпиннің біраз жұрттың жек көрінішін оятқан премьер-министр болып тұрған кезі болса керек, жұрт қыран-топан күлкіге батады. Арада бірнеше айдан кейін Репиннің өзі Чуковскиге: «Ана сықақшыңыз әулие адам-ау деймін. Мен Саратов думасының тапсырысымен Столыпиннің портретін салуға кетіп барам» дейді. Содан не керек, Репин Столыпиннің портретін аяқтап болар-болмастан премьер-министр Киевке аттанып кетеді. Және оны сол жерде атып өлтіреді. Кейіннен жазушы, ақын һәм сыншы В.М.Гаршиннің суретін салған екен – ол да биіктен секіріп, әбден қиналып өледі. 1903 жылы Репин «Мемлекеттік кеңестің салтанатты жиыны» атты үлкен картина салып бітіреді. Ал осы картинада бейнеленген шенеуніктердің дені 1905 жылы болған бірінші орыс революциясы кезінде опат болады.

P.S. Суретте сол Репиннің өз шеберханасында түскен сәті бейнеленген, 1914 жыл.

Дәурен БЕРІКҚАЖЫ

Брокеньерлер жазасыз қалмау керек

Кеше Қарағанды облысының Нұра ауданында «Охотзоопром» республикалық мекемесінің инспекторы Ерлан Нұрғалиевтың браконьерлер шабуылынан қаза тапқаны туралы суық хабар тарады. Инспектор Нұра ауданында киіктер мен сирек кездесетін жануарларды қорғау шарасы кезінде браконьерлер қолынан ауыр жараланған. Аурухананың жансақтау бөлімінде бір күннен астам комада жатып, 15 қаңтар күні таңертең қайтыс болғаны туралы Ауыл шаруашылығы министрлігі ақпар таратты.

Өз қызметіне адал, ізгі ниетті адамдар көбінесе оңбай кеткен пенделердің қуғыны мен қысымында жүретіні бар.

Өз міндетін адал атқарып жүрген азаматты жазым еткен браконьерлер жазасыз кетпеуі тиіс!

Бұл ағамды батыр деп танимын.

Ұларбек ДӘЛЕЙҰЛЫ

...өзгелердің қолында

Қазақстандағы күллі ресторан-дәмхана жүйесі, ойын-сауық орындары өзге ұлт өкілдерінің қолында. Басқа қалалардан нақты мысал келтіре алмаспын, бірақ Қарағандыда «Древний Рим», «Урарту» болса, бір Алматының өзінен «Эребуни», «Спарта», «Апшерон», «Ахиска», «Шотибури», «Ани», «Алазани», «Ламази», «Батуми» секілді ондаған кафе-ресторандар табылады. Атауынан көрініп тұрғандай, бұлардың бәрінің иелері – кавказдықтар. Олар жергілікті билік орындарының әбден «аузын майлап» қойған, мұрттарын балта шаппайды. Алматыдан қазақ ас-тағамдарын әзірлейтін кафе табу қиын, ал грузин, армян, әзербайжан, түрік, күрд тағамдарын ұсынатын әлгі дәмханалар көрінген жерде самсап тұр. Осының өзі үлкен мәселе...

Сәкен СЫБАНБАЙ

Полиция мәдениеті



2015 жылы Эйндховен қаласында 5 баланың анасын жедел жәрдем алып кетеді. Қанында глюкоза азайған (гипогликемия).

Жергілікті билік балаларға қарайтын адам іздеп жатқанда екі полицей үйдегі балаларға тамақ пісіріп, ыдысын жуып кетіпті.

Салыстырғым келмейді, бірақ қазіргі реформаның соңында елдегі полицейлердің қарым-қатынасы осындай дәрежеге жетсе.

Бірақ ол үшін қоғам да сондай болуы керек-ау...

Нұрмұхамед БАЙҒАРАЕВ

БҰЛ ҚАЛАЙ ДЕП ҚАЛМАҒЫН?

(Сықақ)

Асау сезім – от-жалынға шарпылып,
Бұл ғаламда мен ғана деп шарқ ұрып,
Парқын білмей асық пенен жасықтың,
«Әлсіздерді» адам демей алқынып,
Мың құбылып, жүз құлпырып, қарпылып,
Тұнық суды лайлағаныма өкінем.
Мәнсіз, нәрсіз, албырт, кермек күндердің
Шылауында жырғағаныма өкінем.
Бүркіт, сұңқар, лашын, бұлбұл, садаға деп сандуғаш,
Қара құсты қыран санап жырлағаныма өкінем.
Аты да Алтын алтын қызды мұңайтып,
Уәдеде тұрмағаныма өкінем.
Болысқансып айта салған біреуге
Жел сөзімді бұлдағаныма өкінем.
Бәсін білмей байлауы жоқ уақытты
Өз-өзімнен ұрлағаныма өкінем.
Абыз емес, ата да емес ақылгөй,
Ібілісті тыңдағаныма өкінем.
Бұл мен, не ол, бәлкім басқа, бәрібір,
Ал, бірақ та, сенің де бар ізі қалған бармағың.
А...а...ай, ақ сайтанға қор боп, жем боп, жүнделген
Сәл намәрттау, сәл тасырлау, табансыздау тарланым.
Ұшарын жел, қонарын сай білмеген,
«Қара басқан, қаңғырған» хас қаңбағым.
Енді жылап, шаш жұлсаң да, бет тырнап,
Дәмеленбе, оралмайды, келе алмайды қалпына
қара нөсер, ботана су шайып кеткен салмағың.
Әйтсе де, әй, бағланым,
Есің кіріп, есе қайтсын дер болсаң,
Иманды ойла, ибаны ойла, шүкір ет,
Кешегі қырт, бүгінгі шырт, ақылға мүлт, салқарын,
Шырқап өскен, шықпас естен, сәнқой сәмбі талдарым.
Құдайсыздық жолда ысталып, арсандаған аңғалым,
Ақсақалдық дарымаған арланым,
Қазына боп мандытпаған ардағым,
Ашық болсын, абат болсын алдарың.
Неге екенін Алла білер, әйтеуір,
Өздеріңсің сүйенерім, бар бағым.
... Сондықтан да өздеріңе сақал-мұртсыз,
қайран асыл шалдарым,
зәрсіз, зілсіз, қылжақ қалжың арнадым.
Ішің білсін аржағын,
Бұл қалай деп қалмағын!..

Зәкір АСАБАЕВ

АЙБЫН

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің құрылғанына 26 жыл толуына орай Боралдай кентінде орналасқан 2177 әскери бөлімінің тәрбие, әлеуметтік-құқықтық және идеологиялық жұмыстар бөлімі (ТӘҚжИЖ), Іле аудандық әкімшілігінің ішкі саясат бөлімі және аудандық кітапханасының қызметкерлерімен бірлесе отырып, жергілікті тұрғындар арасында Шекара қызметінің имиджін көтеру, оларды патриоттыққа тәрбиелеу және Шекара қызметінің тарихымен таныстыру мақсатында «Шекарамыздың беріктігі – ел тыныштығының кепілі» деген атаумен дөңгелек үстел өткізді.

ШЕКАРА БЕРІКТІГІ – ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің құрылу тарихы туралы әскери бөлім командирінің орынбасары – бөлім бастығы подполковник Серік Толеуханов баяндап, шекарашылардың Отан алдындағы қызметінің маңыздылығы мен ерекшеліктерін атап өтті. Сондай-ақ Боралдай елді мекенінде орналасқан шекарашы – авиаторлардың тарихы, әскери бөлімнің әскери ұшқыштарымен Ұлы Отан соғысы, Ауған соғысы жылдары көрсеткен ерліктері туралы баяндалды. Әр ұйымның өкілдері ҚР ҰҚК Шекара қызметі күнімен әскери бөлімнің командирін, жеке құрамды Шекарашылар күнімен құттықтап өз тілектерін білдірді. Аудандық кітапхана меңгерушісімен кітапхана атынан әскери бөлімге «Жетісу» өңірінің ескерткіштері және мұражайлары туралы естелік кітап сыйға тартылды.

Ана тілін сүюді сезінбеген сарбаз, Отанға деген сезіміне де сендіре алмақ емес. Қат-қабат түрлі тапсырмалардың талайында жүргенмен әскери бөлімдерде, отбасы құндылығы, тілге, салт-дәстүрге деген құрметті биіктету мақсатында түрлі шаралар өткізіліп тұрады. Оның бір айғағы – 2177 әскери бөлімінде «Сержанттар күні» байқауына арналған іс-шаралар өткізілді. Офицердің бірінші көмекшісі ретінде сержанттардың абыройы мен мәртебесін көтеру мақсатында өткізілген бұл сайысқа гарнизон бөлімшелерінен өз бақтарын сынауға үміткерлер шығып, өнерлерін көрсетті. Үш аталымнан тұрған байқауда сержанттар бар күштерін, ынта-жігерін сала сайысқа түсті. «Шекаралық шеберлік» аталымында сержанттарымыз дене дайындығы бойынша жоспарды тапсыра келе, оқу пәндерінен де тест сұрақтарына жауап берді. Сауалдар шеңберіне шекара қызметінің тактикасы, Қарулы күштердің Жарғысы, арнайы дайындық пәндерінен дайындалған пікірлер мен сауалдар саяды. Оның ішінде «Менің елім» – аталымында мемлекеттік құрылымның негізі, еліміздің заманауи тарихы, мемлекетімізбен жүргізіліп жатқан сыртқы және ішкі саясаттары бойынша тест сұрақтары таратылды.

«Мемлекеттік тіл» атауы бойынша «ҚР ҰҚК Шекара қызметі Мемлекеттік шекара күзетінде» тақырыбында шығарма жазу тапсырылды. Бұл номинацияда сержанттар өз ана тілінде шығарма жазып, мемлекеттік тілдің мәртебесін айқындай түсті. Құрылған қазылар алқасының шешімімен 2177 әскери бөлімінің «Үздік сержанты» атағын коменданттық ротаның аға атқышы, ефрейтор Айдын Бүркітбаев жеңіп алып, бағалы сыйлықпен марапатталды. Бөлім командирінің бұйрығымен ефрейтор А.Бүркітбаев туралы мәліметтер бөлімнің құрмет кітабына енгізілді. Екінші орын байланыс және радиотехникалық қамтамасыз ету ротасының радио және сымды байланыстар взводының радиоторап бастығы, сержант Ержан Абсеитовқа беріліп, үшінші орынды авиациялық техникалық бөлімі, жөндеу және пайдалану тобының механик жүргізушісі, қатардағы жауынгер Сипат Әділбай иемденді.

2177 әскери бөлімі еліміздің және Ресей Федерациясының жоғарғы әскери авиациялық оқу орындарының 2018 жылғы түлектерін қарсы алды. Әртүрлі оқу орындарынан келген жас лейтенанттар авиациялық базада бас қосып, Шекара қызметінің күнделікті қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттерімен танысты. Жас лейтенанттармен оқу-әдістемелік жиын өткізіліп, жиын барысында Шекара қызметінің авиациялық қызметінің ерекшеліктері жайында сабақтар өткізілді. Тиісті киім-кешек үлесімен қамтылып, медициналық байқаудан өтті. Авиациялық базаның командирі, полковник Е.Смағұлов жас лейтенанттарға ақ жол, алдағы қызметтеріне табыс тіледі. Салтанатты түрде әскери бөлімнің жас түлектері жауынгерлік тумен танысып, әскери бөлімнің мұражайына саяхат жасады. Бөлім кітапханашысы М.Полунова жас лейтенанттарды мұражайдың әр жәдігерінің тарихын тереңнен қозғап, әскери бөлімнің жауынгерлік және даңқты жолдары туралы әңгімеледі. Жиын соңында «Жас лейтенант күні» шарасы өткізіліп, бөлім командирінің орынбасары – бөлім бастығы, подполковник С.Толеухановтың басқаруымен офицерлер Алматы қаласының меймандостығымен танысуға шықты. «Медеу» мұз айдыны, 28 Панфиловшылар паркі, Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайында болып, қызмет атқаратын әскери бөлім орналасқан жердің тарихымен танысты.

С.ҚАЛЫМОВ,
2177 әскери бөлім
бастығының орынбасары

ҒАЛАМ сарынынан ескен туыстық үн

Бір атадан тараған адамзат бастауы туралы дін тұжырымы кесімді. Бұл жер бетіндегі қараорман халықтың туыстығын, нәсілдік біртектілігін, түптеп келгенде, гуманизм мұратын алға шығаратын ізгі идея. Ал ғылыми тұжырымдар әлі бір жүйеге келе алмаған шашыранды пікірлер түрінде жүр. Біразы Ч.Дарвиннің эволюциялық даму ілімінің физиологиялық, нәсілдік, моральдік-саяси негізсіздігін дәлелдеді. Сөйтті де, Адам тарихының бастауын ғарыш келімсектерінен, тіпті қиялдағы бір әлемдерден іздеп кетті. (Соңғысы материалистік қисынға табан тірегенімен, хикмети тұжырымға келіңкірейді). Осы күні ми зеңдірер сан жорамал көп. Ендеше, діни ілім айтатын – дүние, Адам жаралуының әпсаналық астарында табан тірер ақиқаттар жатқанын қалай пайымдай аламыз? Сондайлық ақиқат өзегіне жету бізге әлі алыс сияқты. Ал хикмет сөзі қысқа тұжырған Топансу мен адамзаттың «екінші» өмір бастауына кірпияз ғылым, дегенмен, біртіндеп жақын келді. Бүгін өмір сүріп жатқан бізге сол, «екінші» өмір бастауы мәндірек боп тұр, арғысына, әзірге, салауат дей тұрайық.

Ғылым Жердегі тіршіліктің жаңа кезеңіне 13 мың жыл межені жиі айтады. Бұл соңғы мұз басу дәуірімен байланыстырылады. Сірә, «мұз дәуірі» Топансумен бірге орнаған суықтық түрінде келсе керек. Ол көп аумақты қамтығанымен, кей ғылыми жорамал айтатындай, бүкіл Жер шарын түгел шармап алмаған. Тоңда қалған кей артефактылар (мамонт, басқа да тіршілік қалдықтары) сол суда тұншығып, мұзда қатып сақталған белгілер. «Все было стерто с лица Земли...» деп түйеді орыс ғұламалары мұз дәуірі туралы. Және мұны топансуға қатыссыз түрде айтады. Солай, Жер бетіндегі өркениет пен тіршіліктен тұлдыр қалдырмаған бір үскірік жүрген. Демек, сонау алыс 15-20, 30-50 мың жылдардан әріден табылып жатқан кей өркениет жәдігерлері – қиял жетпес ілгергі кереметтердің куәлері деу керек...

Ендеше, мұз бен судан аман қалып, мезолит дәуірі соңының жабайы пендесі түрінде «екінші» рет өмір бастаған адамдар кімдер еді? Олар қай атажұртта жер басты? Қай тілде сөйледі? Бұл ретте кесімді хикмети сөз Нұх пайғамбар, оның құтқарушы кемесі, құтқарылған өмір, Жөді, Арарат, Қазықұрт тауларына сілтейді... Ал эволюция жолындағы ғылым қисындарына, соңғы кезде, күйреген континенттер, солардан жер-жерге көшкен протохалықтар туралы қызық жорамалдар қосылды. Бұлар біршама негізді дәйектермен демелген. Бірақ күмәнді жақтары да баршылық. Мысалы, Тынық мұхитта – Му континенті, Үнді мұхитында – Лемурия, Атлант мұхитында – Атлантида, Солтүстік мұхитта – Гиперборея күйреп, су астына кетеді. Шамамен, бәрі бір мезгілде. Осы апаттар «парады» көңілге күмән ұялатады. Мұхит басы бір-бір континенттен жұта берген. Бұл қисынға бақса, Жер домалағы өз орбитасынан шығып, ғарышқа қаңғып не шашылып кетуі керек еді... Соған қарағанда, аңыздарды дәйектеушілердің кей тарихи дақпырттарды өрбітуі көбірек болған ба? Мұзды мұхитта, Еуразияның шельфтік аралдар тізбегі болмаса, су астынан континент нобайы байқалмайды. Кемі 4-6 мың метр ұшанда жатқан Тынық, Үнді, Атлант мұхиттарының сейсмобелдеуі (плиталар түйісі) болмаса, континенттер нобайы оларда да жоқ. Ал әлгі оқиғалар 12-15 мың жыл шамасы ғана бұрын болған – Жер тарихындағы «секундтардай» ғана мерзім... Тағы бір қисынсыздық: ежелгі халықтардың бірі саналатын арийлер Оңтүстік-Шығыс Азияның нуы-суы, тау-тасын мыңдаған шақырым көктеп өтіп, Үндістанның батысына жетіп дем басқан болады... Аңыздарға сүйенген бергі ғұламалар (мейлі, ол Саис абыздарынан сыр тартқан Платон болсын, Платон да, түптеп келгенде, пенде) жорамалдары табиғи ежелгі жазба деректерге қарағанда, субъективті, «қоспалы», демек, шындықтан қиыстау болуы мүмкін. (Әрқайсысының өз қисынынан туған субъектив центризмдер ежелден болған ғой). Қалай дегенде де, сонау ықылымда әркім әрқилы жорамалда баян еткен бір ұлы апат болғаны анық.

Осы бедерде, бізге хикмет ұсынатын тарих біршама дәйектілігімен көңіл тұрақтатады. Арғы тарихта Адам Ата пенде боп, жер басқан Сарандиб биігі, Хауа Анамен бір-бірін 300 жыл іздеп, Арафат тауында қауышуы бар. Топансу алдындағы адам ұрпағынан төрт пайғамбар ғана мәлім... Мәндісі – бүгінгі адамзаттың «екінші» тарих бастауы дедік. Расында да, жоғарыдағы 4 мұхиттағы апаттарды жоққа шығармайтын ғаламдық Топансу оқиғасы сол ілім баяндаған сипатта болған. Оның үлкен тұжырымы – Нұх пайғамбар кемесінде құтқарылған тіршілік. Ендеше, жұмбағы әлі кілттеулі Қазықұрт (Қазық жұрт!) рухи еңсесі биіктеп, рөлі ғаламдық ауқымға көтерілуі тиіс. Біздің сенім бойынша, бұл миссияға «таласушы» басқа заңғарлар нұсқасында табан тірер орнықты дәлел жоқ. Хикмети ілімдегі Жөді де, Библиядағы Арарат та бұл таумен «таласа» алмайды немесе олар осы Қазықұрттың өзі болар?.. Қазықұртпен іргелес өмір өзектері Сырдария мен Әмудария – өмір-дария миссиясына ие болады. («Өзен жағалағанның өзегі талмайды», сірә, әлмисақтан қалған тәмсіл немесе «Сырдан ұшқан құс Әмуге үй шатырларына қона жеткен» дегенде тым көне мәлімет бар). Адамзаттың «екінші» өмірі осы жерлерден бастау алып, ғаламшарға тараған деу қисынды. Кейінгі, Тигр-Ефрат, Үнді-Ганг, Ніл, Хуанхэ-Янцзы, Амазония өркениеттері – сол бастаудан тараған бұтақтар, сонау өзендік өркениет дәстүрін дамытушылар. Олар ендігі Атажұрт болмысын ұмытқан, уақыт пен оқиғалар тезінен өткен; діл, тіл, дін адам танымастай өзгерген. Әйтеуір, бізге мәлім айтулы өркениеттердің бәрі 5-7 мың жылдан бері. Демек, мәлім өркениеттердің бәрі «екінші» тарих құрсағынан туып жатыр.

Ежелгі адамның жазу таңбалары әлемде шашылған тас парақ – пиктограммалар. Ал ғылыми тұжырымда, жүйелі айқындық алғаны осыдан 5400 жыл бұрынғы көнешумер жазуы. Оның нақтыланғаны 4500 жыл бұрынғы «Гильгамеш». (Ниневия тақтайшалары). Екінші орында көне Мысыр жазулары – 5200 жыл. Көне Қытай жазуларына – 4000 жыл және олар осы күнге өлмей жетті. Финикия таңбаларына – 3900 жыл. Ал «Авеста» жазуы туралы мәліметтер әрқилы. Оның ресми дінге айналған 2700 жылдық тарихы бір десек, енді бір жорамалда осыдан 4000 жылдан арыға сілтейтін элементтер бар. Сонда ол Шумер, Мысырдан кейін 3-ші орынға тұрады. Десек те, осыдан 4800 жыл (бір деректе 3900 жыл) ілгеріде өркендеген Арқайым, Сынтасты қалалары («Қалалар Еліндегі» елеулі мекендер), онан да әрірек 7000 жылдан астам Тәңірілік өркениет, жылқы түлігінің осы далада адамға үйірсектеуі, озық-технологиялық өмір белгілері мына далада жатқан тым көне тарихқа ой тартады. Әрине, ғылымның жүгінері – артефакт. Мына кең даладан сонау палеотарихқа дәйек табылуы әлі де уақыт еншісінде сияқты. Ендеше, дала тілі, дала жазуы (дала өркениеті сияқты) терең қазып, аса мұқият анықтауды қажет етіп жатқан феномен. Батыс центризімінің жыртысын жыртушы, әлемдік ауқымдағы білікті ғұлама, Г.Киссинжер, «Тұран – өркениеттердің түп Отаны» деп бекер мойындамаған.

Бізге мәлім ең ежелгі ел – шумерия. Оның алдында олар кімдер еді? Қайда өмір сүрді? Қайдан келді? Адамзаттың сол бір көне көші қалай, қайда бет алды?.. Ежелгі «көштер» шаң көтере жосылған жосын қозғалыс емес, адам тіршілік кеңістігін игерген стихиялы жайылыс түріндегі өмір үдерісі болған. Аңшылықтан дамыған мал шаруашылығы үшін мұндай қозғалыс өмір тәсілі еді. (Әрине, тарих үркіншіліктерін де жоққа шығаруға болмас). Қос өзен жеріне бір текті халықтың шығыстан келгенін Библия куәландырады. «На всей земле был один язык и одно наречие. Двинувшись с Востока, они нашли в земле Сеннаар равнину и поселились там.» (Библия. Быт. 1-9). Мұндағы «Шығыс» сілтемесі Месопотамия үшін – сол, «екінші» өмір бесігі Тұран, іргелес Шығыс Иран, әйтеуір, солтүстік бетте жатқан Арарат тауы немесе басқа терістік өлкелер емес. «Сеннаар» – «шумердің» экзоэтнонимі деген де пікір бар. Тарих жоқтан тумайды.

Ежелгі шумер тіліндегі түркілік тек бүгінде біршама дәлелденді. Өркениеттер басында тұрған шумер тілімен біздің тіл үндестігі (туыстығы) өткен ғасырдың 70-жылдарынан зерттеулер мен пікірлер талқысында қайнап-піскен тұжырым. (О.Сүлейменов, «Азия» және сол бағытта еңбектер. Пікірлерге дәлел ретінде болмаса, ол ойларды қайталап жату артық). Ал енді, алыс жұрттар мен тарихтардағы үндес, мазмұндас сөздер туыстық белгісі емей, не болуы мүмкін? Кездейсоқтық емес, заңдылық қисыны сол. Жер ғаламшарына тараған түп тегі бір өмір бастауына сілтеме осыдан туындайды.

Тигр-Евфрат табиғаты – Сыр-Әму сыпатына келеді, «Қосөзен» өркениеті Сыр-Әму дәстүрінің жалғасы деуге үлкен негіз бар. Кейін аккад, бабыл, арамей дәуірлері боп өрлеген ежелгі қос өзен дәстүрі сонда жалғаса өркендеген. Ал Ніл өркениеті шумерден Қызыл теңізге қарай, Палестина, Синай асып, ары тараған бір бұтақ деу қисынды. Онан терiскей – Финикия, Еуропаның ежелгі өркениеттерінің бастаулары (Миной, Микен) шаң бере бастайды. Ғалым А.Нарымбаеваның «Аркаим – очаг мировой цивилизации, созданный прототюрками» кітабында (2007, Алматы) бұл бағыттар ауқымды қамтылған.

Мойындалған тіл туыстығы негізінде туыстық, тектің жанды тамырлары жатқанын аңдамау мүмкін емес. Ең ежелгі халықтардан бізге бір мәлімі – арийлер. Ғылымда олар Ұлы Дала, Орталық Азияға көп қатыссыз түрде айтылады. Орағыта беретін бір тарих пен жағрафия. Үнді, Иран, еуропалық алман жұртының, Қап тауы халықтарының кей өкілдері, сосын, жақында ғана ашылған солтүстік Қазақстан шетіндегі Арқайым қаласы соған дәлел... Ал Тұран жері, Ворукаша (Арал) жағасында туғаны шындыққа келген дала пайғамбары Заратуштра тек арий шежіресін («Авеста», гаттар) баян еткен. Ал «Авеста» атақты «Рамаяна», «Ригведа», «Махабхаратаның» атасы ретінде мойындалған дүние. Ендеше не қисын?.. Көп стереотип қатарында мынадай да сірі көзқарас бар: Арийлер батыстан шығысқа (Үнді, Иранға) қарай көшкен. Енді бір жорамалда олар Шығыс Азиядан Үндістан түбегінің солтүстік-батысына жетіп, дем басқан. Екі жорамалдың да қисын сұрақтарына жауап бере алмайтын тұстары баршылық. Ал ол халық Ұлы Даланы өткелектей көшпей, осы жерде өсіп-өніп, Батыс-Шығысқа тараған болса ше? Бұл сұрақ қалыптасқан стандарттарға тым тосын. Әрине, ғылым Тибет, Үнді, Ирандағы немесе Батыстағы айқынырақ арий артефактыларына қол артады. Бірақ арий өркениеті ежелгі Отанынан гөрі, осы, соңғы мекендерде елеулі өркендеуге жеткен (себебі, көшші халықтарда пассионарлық қуаты зор болады) немесе ежелгі Отанындағы олардың терең мұрасы әлі ашылмай жатқан болса ше? Кеше ғана дүниеге мәлім болған сенсациялық Арқайым осыған меңземей ме?

«Авеста». Әлемнің біраз жұрты өзіне тарта меншіктеп келген ұлы туынды. Осыны түркі тілдеріне қатысты зерттеу кемшіндігі көп айтылды. Және бұл бағытта мазмұнды зерттеу жұмыстары жүре бастады. (Т.Еңсегенов, ««Авеста» – түркілерге ортақ мұра». С.Оспанов, «... Заратуштра қалай деді?») Мәселені осылай қою біраз шындық бетін ашқандай. Бізге мәлім «Авестадан» «гат (хат), дэв (дәу, дию), ажидахака (аждаһа), дужахва (дозақ), мазда (лаула, жан)» сөздері аудармасыз-ақ түсінікті сөйлеп тұрған жоқ па? Аталған авторлар бұлардан ары, «Авеста, фраваш, братрештұр...» сөздерінің түркілік табиғатын айтады. Осыған бізден бір деталь: осы күні Арал маңында (көршілес Қарақалпақта да, әсіресе балалар жаргонында) «әри, әрию» деген сөз бар. «Бас көтеру, қатаю, әрекетке дайын болу» дегенді білдіреді. «Арий» ұғымы да «мықты, лайықты, өркеуде» мәнді. (Қытай «шаньюі» мен қазақ «шәниюін» еске алайық...) Алғаусыз үндестік және мағыналық ұқсастық көзге ұрып тұр. Ал енді Арал жағасына әлгі сөз қиян Оңтүстік Азиядан, әлде Алманиядан келді деуге негіз бар ма? Жоқ. Анығында, асылдың сынығындай, кереметпен сақталып қалған осы архижәдігер сөз ежелгі тарих тамырлы. (Зерттелетін сөз). Жоғарыдағы Даланы «орағытқан» тарихтардың шын түптабиғаты осылай ашыла бастайды. Мұнан шығар тұжырым: әлемдік жауһар туынды, кей ғалымдарымыз айтып жүргендей, «түркіге ортақ» дүние емес – түркі текті туынды! Бұл ретте, сол кез іргесі жақын Иранда түркі сөзі мол болып (ффузия), шығармадағы түркілік реңк сонан деу қисынсыз. Және десеңіз, «Авестаның» отын қайта жаққан Әбілқасым Фирдоуси өлмес «Шахнаманы» тұрандық ақын Дакикидің 1000 өлеңінен дамытқанын еске алайық... «Авеста»» өзіне иман келтірген, тарихи дерегі мәлімсіздеу Шығыс Иран билеушісі Кави Виштаспаның ынтасымен тұтас бір империяның дініне айналды. Көп өңдеу, сол ортаға бейімдеу, редакциялаудан өтті. Бәлкім, Виштаспа және үмбеттер ынтасы тұсында дала пайғамбары өмірде жоқ. Әлде, Тұрандағы ағайындарының ұзақ азапты қуғынынан кейін, діндерде болатын жаңа мазхабшылар ісіндей өзіндік өңдеулерге қарсы болмаған. Әйтеуір, «Авеста» көп тезден өткен. Ең соңында Александр Македонскийдің өрт отына тап болған. Сонан қалған «Зенд Авеста» тәпсірін «Авестаның» алқындысы деуіміздің мәні сол. (Тереңдете зерттелетін бағыт).

Кезінде «Ананербе» деген атпен ізденіске шыққан бір топ, сірә, қатты адасқан. Арий отаны мен қасиеттерін олар Тибеттен емес, мына кең даладан пісенттеп іздеуі керек еді. Бірақ ол ғұламалықтар үшін біздің дала сол кез аяқ жетпес алыс, қол жетпес аңсар болған...

Ал 4000 мың жыл ілгері тарихта жатқан қытай, б.д.д. 4-5 ғасырдағы ғұндар тасқынынан ұлы қорғанмен бөлектенгені болмаса, жағрафия тұрғысынан ұлы далаға тым жақын, қоңсы жұрт. Оның да ежелгі жазбаларында Хуанхэ-Янцзы алабына «батыстан келген» арғы аталары туралы дерек бар деседі. (Зерттеу қажет ететін мәлімет).

4.7 - 3.6 мың жылдық Миной, Микен мәдениетінен бастау алатын «жастау» Еуропа өркениеті және «тым жас» Америка өркениетінің тарихы осы дәстүрлердің бергі тармақтары.

Тиграхауда, хаомаварга, парадарайя сақтары, кейін «түркі» аталған біздің түп аталарымыздан бұрынырақ (көп бұрын) өмір сүрген Ұлы Даладағы (Атажұрттағы) халықтың негізі мен болмысын қапысыз пайымдау қиын. Мына ашық далада мәнді зат-айғақтар өшіп кеткен немесе әлі қол жетімсіз жерлерде жатыр. Кешегі 70 жылдық құрсаулы тарих даланы бұл тұрғыда мешеулікте қалдырғаны анық... Адамдар мәйегіндегі ДНК кереметтің де өзгеретіні айтылып жүр... Әйтсе де, уақыт тұңғиығына сәуле түсіретін тірі құбылыстар бар. Соның бірі – адамзаттың тіл әлемі, рухани, материалдық дәстүрлер тамырластығы. Тіл әлемге тарау үдерісінде ірге бөлектеп, мыңжылдықтар деформациясына көп ұшыраса да, өзінің түп негізінен белгілер сақтай алған, жады өлмес, негізін уақытқа алдырмас қасиетті, жанды құбылыс. Сонысымен ол аса құнды тарих куәгері, тарихи дерек.

Туыстық белгісін сақтаған тілдер – тіл әлеміндегі бір әлем. Француз Р.Шатобрианның «Атала» романында Солтүстік Америка үндістері Хауа Ананы – «Атаен(е)сік» атайды. Түркіше (қазақша) сайрап тұрған осы сөз (сөзқұрам) Атамыздың қасында әйелдік міндетін атқарған Хауа Ана рөлін қапысыз меңзеп тұр емес пе? Ежелгі өркениет Финикияда әкені – «баба», шешені – «ам...» атаған. «Амазон» – «амазат, азат әйел заты». (Ой толымдылығы үшін пікірімізде кездесетін бұндай мысалды вульгаризм демеу керек). Еуропа «жүрегінде» орын тепкен ең ежелгі халық кельттер (б.д.д 1 мыңжылдық) қасқыр бейнелі соғыс кернейлерін – «карник», жаманшылықты «вай» («ойбай» – жамандық одағайы) деген. Түркі, қазақтың «төбе, тепесі» – «тепетль» (Океания), «тепе» (Орталық Америка) боп тараған. Африкадағы Килиманжар – мына даладағы Мұңалжар, Кракатау – Қаратау үндес. «Жол» асуы Үнді-Непал Гималайында тұр. Біз осы кезге шейін ағылшын текті қабылдап келген «Канада» үндістердің «қоныс, қонар жер» сөзі екен. «Бұғы» – «қары(қар)бұға» делінеді. Бұларға қазақы түсінік қажет пе? Америка үндістері (жалпы, оларды «үндіс» атау қиянат, «протосақтар» десе сол жобаға жақын), Орталық, Оңтүстік Америка тіліндегі туыс табиғатты сөздер молынан дәлелденуде. Осылар біздің ғылымның бүгінгі бір ізденіс саласы деп сенеміз. Мақала мақсаты – оларды қайталай тізу емес.

Бүгінгі әлемнің тіл әлемі. Сол қалыңнан бізге асыл сынығындай құнды сарындар жетеді. Зерде аямыз қамтыған төмендегі мысалдар: іргесі тым бөлек, әлеми мәртебесі биік ағылшын тілінен: «Уайт» (транскрипция – кең, ауқымды («ақ» мәнінен бөлек) – «байтақ» (қаз. – кең, ауқымды), «талк (тр-ция. – сөз, сөйлеу), толковать (орыс. түсіндіру)» – «талқы» (қаз. – талқылау, сөйлеу), «амур, амурные дела» – ...ұр, махаббатпен айналысу», «севейдж» (жабайы, табиғи) – «жабайы», «бейби» (сәби) – «бөпе», «голд», «золото» (орыс.) – «алтын», «солт», «соль» (орыс) – «сілті, тұз», «эрос, эрот...» – «әурет, абұйыр, ұятты жер», «ватер», «вода» (орыс) – «су» (мұнда «батыру, батыратын» деген функциональдімағыналық үндестік) мысалдарындағы жақындық көзге ұрып тұр.

Тағы бір алыс тармақ – герман-кельт-роман тобы тілінің түп-туыстығы да дәлелденуде. Үлкен еңбек (жалпы, жоғарыдағы көп ойларға жолдас және үндес), салмақты зерттеу жазушы, ғалым Қойшығара Салғараұлының «Жер-жаһанда арғы атаңның ізі бар» кітабы (Астана. 2015 ж). Бұл еңбекте толымды дерек, дәйек, мысал көп. Ал тамыры ежелде жатқан алман тіліндегі бүгінгі кей сөз ұқсастығына келсек: (жоғарыдағы еңбектер қамтуынан тыс) «лекер» – «лекер», «герр», «герман» – «ер адам», «хальт» – «қалт (тұру)», «унтер» – «өндір (жас, кіші)» сөздері немесе «Курт», «Конрад» есімдері көзге жылы ұшырап тұр емес пе? Осы мысал өздерін арий жұртының тіке ізбасары санайтын алман жұртының ежелгі тарихына тағы бір жол сілтейді.

Үндіарий семьясы, роман тобына жататын испан, француз немесе Шығыс жақтағы қытай-тибет, жапон тілдеріндегі туыстық сыры – бір дүние. Әрине, тілдер қасиетін тереңірек салыстыра бағамдау үшін атаулы тілдің ортасында жүру, кем дегенде, соның маманы болу мақұл. Бір тіл 5000 жыл шамасында адам танығысыз өзгереді екен. (С.Оспанов. «Заратуштра...») Әлемде осы күні 31 тіл семьясы, 69 тіл тобы бар. ТМД аумағының өзінде 6 тіл семьясы, 19 тіл тобы бар. Қалың қауым ішінде қойсан, папуас, айн сияқты, сан-тарау бұтақтар өрбіткен бізге мәлімсіздеу сөз саптау қаншама. Жіті назар осылардан көп қазына табар еді. (Мақсатты түрде зерделенетін бағыттар). Тіл ғылымындағы белгілі-белгісіз жайттарды осылайша тізудегі мақсат – адамзат тарихының түп ақиқатын іздеу. Бұл талаптың алдында – осы, Ататіл факторынан туындайтын – Атажұрт, Ата дін ақиқаттары бой көтеріп тұрмақ.

Асылы, ислам дәуірінде енген саяси-қоғамдық әлеуетті араб, иран сөздері, кейінгі тарихтардың әлімжеттік «измдері» болмаса, Жібек жолының дәуірлі кезінде де қазақ тіліне шет сөздер көптеп кірген деу негізсіз. Қазақ тілі, негізі, өз діліне, дәстүріне берік, адал тіл. Ал ежелгі тарихта өркениеттер, дәстүрлер және тілдердің тарау векторы, негізінен, Ұлы Даладан тепсініп жату заңдылығы, біздіңше, жоғарыдағыдай.

Тіл мәселесінен өзге бір деталь: осы даладан табылған қола дәуірінің мүсін әлпеті (А.Нарымбаева. «Аркаим...») сонау мұхит түкпіріндегі Пасха аралының әйгілі сұлбалары үлгісі сияқты...

«...Көп түрік енші алысып тарасқанда, Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?» деген Мағжан өлеңіндегі ой іргесін арғы уақыттарға кеңейтіп, арғы мыңжылдықтарға ат қою қажеттігі ендігі тарихымызда аса ділгір. Ұлы Даладан ұлы шерулер мыңдаған жыл бұрын әлемге тарай бастаған. Көштер (көшпенділер) дәстүрі тым тереңде. Осы ретті біраз ойларымызды негіздей алсақ, заманауи ділгір сұрақтарға жауаптардың мәнді жаңа легі ашылардай. (Әлем ауқымды батыл ізденістер жолы қажет). Ең бастысы, қиян қалған көне замандарда осы даладан тарап, кейін әлем өркениеттерінің саналуан үлгілерін өмірге келтірген нешеме жұрттардың қара шаңырақ жәдігерлері, не десе де, осы шаңырақта қалды. Бүгінгі адамзаттың түп отаны – Ұлы Дала.

Әлем тілдерінен біздің зердеміз аясына түскен, аз, өте аз шамалы туыстық нышандары, сонан шығар ой жоғарыдағыдай. Біздің талап: сезгенбілгенді ортаға салу, болашақта қызықты ізденістердің жаңа бағыттарын аша ма деген бір үміт, жазушы өресі жеткен ойлар.

Жекелеген халықтардың алуан нанымсенімдерінен жоғарырақ, сол сенімдердің бастауында тұрған бір Ата дін болуы мүмкіндігін де пайымдау аса мәнді... Классикалық дін – бір Жаратушыға иман келтіру шартына негізделген. 7 мың жылдық тарихы бар делінетін Тәңірі діні, міне, осы шартқа жауап берген ғана емес, соның бастау-көзін ашып тұрған феномен. Ежелгі өмір өрісі, тіл, дін – бір-бірімен тамырлас кешенді құбылыс. Арийлер заманының Тәңірі діні кейінгі тарихтарда будда, кришна, иудей, христиан, ислам діндері боп өркенді-өрелі бұтақтарға тармақталды. Біздің тұжырымдаушы, қорытындылаушы дін постулатын еске ала отырып, Тәңірі дінін біздің көзіміз жеткен Тарих көкжиегіндегі ең ежелгі дін, діндердің атасы деп айтуға уәж үлкен. Бір Жаратушыға, Оның періштелеріне, Пайғамбарларына, Қиямет Күніне иман келтірген барлық канондық діндерді тұжырымдаушы абзал дініміз мұны жоққа шығармас.

Бала кезімізде ертегі нәмінде айтатын көнелер сөзінде «қиямет-қайым болғанда, он сегіз мың ғаламды бір тарының қауызына сыйғызармын» деген Жаратушы кереметін еститінбіз. Жай, ертегі еді... Енді бүгінгі ғылым «мына ғарыш түпсіз вакуумдағы бір нүкте жарылысынан пайда болып, сұрапыл қозғалыста, секундтың миллиардтан бір бөлігінде осыншама кеңістікке тарап үлгерді» деген сенсациялық тұжырымға келді. Ендеше, сол ғарыштың бір тарының қауызына қайта барып сыйып кетпесіне кім кепіл?.. Ең мәндісі, ертегі деп жүрген көп жайт ақиқат тұғырына қонақтады. Осы қисын бір текті адамзат туралы ойды да шындық тұғырына орнықтыруды ғылымнан да, саналы ойдан да талап етіп тұр.

Өркениеттер туыстығын сезіну әлемде барақатты өмірге бастар жол. Осы күні дәйек-негізі аз болса да, дүниеде Атажұрт, Ата халық, Ата дін мәртебесіне таласқан том-том кітаптар жарық көріп жатыр. (Кей көңілдер аспанға негізсіз ұмтылады). Бұл жайт, кейде, ақиқат ізін қисынмен іздеушілерді ыңғайсыздыққа қалдырады. Жеңіл сән қуу, еркіндіктің балалық ауруы деген сияқты...

Ұлы Дала, Тұран – Қара шаңырақ қасиетін ұстаған киелі мекен. Ата шаңыраққа саналы ұлдар тәу еткен, оны кие тұтқан. Ата тіл қасиеті де сондай. Ата дін қасиеті де сондай. Анығы, азаттық ауанында, өзімізді де, төрімізді де тым зор санамай, тек шындыққа жүгіне, ақиқатқа қол тапсырсақ, мына кең дала жұртының әлем қауымдастығы алдындағы мәртебесі биік болар сыңайлы. Бүкіл ғалам «Атажұрт» деп, бұл далаға тәу ете жосылып келеді деп отырған біз жоқ. Біздің мұрат Ұлы Дала кереметінің ғажап қырлары ашылар сәттерді жақындату.

Сайлаубай ЖҰБАТЫРҰЛЫ

Мархабат БАЙҒҰТ

ҚОШ БОЛ, кітап...



(Әңгіме)

Ассалаумағалейкум, алтыннан ардақты, күмістен салмақты нағашы көке!

Менің кітап кеміргіш әкем, сіздің хат жазғыш жездеңіз осылай бастаушы еді ғой. Шамамен. Жездеңіз мына жаман жиеніңізді нағашысына тартады, жазушы болады деуші еді. Кітаптарыңызды ауылдың әр үйіне таратып беретін. Әпкеңіз баспа бетіне шыққан суреттеріңізді аялай сипап отыратын.

Жүз жиырма төрт үйлі Үйгентас ауылы аудан бойынша, ал ауданымыз уәлаят көлемінде көркем әдебиетті ең көп оқитын елді мекендер еді ғой. Байтағыңыз бүкіл Сы-Сы-Сырда бірінші орын алатын. Кітап оқудан.

Көке, жиеніңіз тартпады. Сізге. Кеше кешірілмес қылмыс жасадым. Мен. Бүгін қолыма қалам алдым. Алдыма ақ қағаз жайдым. Ең алғашқы және ең соңғы шығармам осы шығар, нағашы. Басынан бастайыншы. Бәрін.

Жездеңіз кітап кеміріп, клуб меңгерушісі болып өтті. Өмірден. Шаруаға қыры болмай, қырып алуға қырым ет байламай, қу дүние шіркінді түк те ойламай, желгектеніп жүре беретінін жақсы білетінсіз. Мандолин тартып, Шәмшінің әндерін шырқайтын. Әйтеуір тік жағасының сырты кестеленген ақ жейдесін кір шалдырмайтын. Әпкеңіздің арқасында, әрине. Екеуі қатты ғашық болғанын да білесіз. Бір-біріне. Әкеміз Теріс өзені, әпкеңіз Арыс өзені басталар тұстарда туып-өскен дә-ә. Арыс пен Теріс арасында махаббат хаттары ерсілі-қарсылы ұшқан да-а. Қалықтап. Қанат қағып.

Қос ғашықтың қалай қосылғанын қалжыңдап көп айтатынсыз. Әпкеңіздің орнына қыз болып хат өрнектегеніңізді де жасырмайтынсыз. Өзіңіз.

Әкем мен шешем қаншама қиындықтарды қалқоз халқымен бірге бастарынан кешті. Жеті қыз бен екі ұлды жетілдіру жеңіл емес-ті. Клуб меңгерушісі кітап оқып жатса, келіншегі кетпен шапса, тұрмыс қалай оңалсын?! Сонда-дағы қабақтарын шытпайтын. Жездеңіз бен әпкеңіз.

Кітап оқудың қызығымен бәрін ұмытатынбыз. Біз. Баршамыз. Ол жылдары сіз жиірек келетінсіз. Жүз жиырма төрт үйлі Үйгентастың күллі жұрты қайрандана қарап қалатын. Тірі жазушыны көріп. Жиі-жиі сұрайтын. Сізді. Кітаптарыңызды.

Өтпелі дейтұғын өзгешелеу кезең жетті. Жеті қыздың жан-жаққа ұзатылып үлгергенін қарасаңызшы. Елдің бәрі ерекше тең деп есептелер ескі заманда. Қалқоз тарамай тұрғанда.

Үлкен жиеніңіз Таразда тұрақтаған. Қоржын там, бірер ірі қара мен отыз шақты қой және солар қыстайтын қиқы-жиқы қора қара шаңырақтың иесі ретінде маған бұйырған. Әпкеңіз әлектеніп, енелерінен енді бөлінген қозы отарын қабылдаған. Орта мектепті жаңа бітірген мені көмекшілікке алып, азаптың арбасына жеккен.

Жекешелендіру жаппай жүріп кеп-кеп берген. Аңыз айтқыш, пікір пайымдағыш, кітап оқығыш үйгентастықтар қалқозды қаз-қалпында қалдыру керек дескен. Күңкілдескен. Ондай-ондай ойлар орындалмасқа ойысқан. Егістіктер еншіленген. Шабындықтар шекараланған. Жайылымдар жайбағысталған. Алайда тау баурайларындағы қысқы қораларды меншіктеу қиынға соққан. «Жер дауынан да, жесір дауынан да қой қораларды бөлу ауыр болды-ау!» дескен тарихи романдарды тапжылмай оқуға әдеттенген әлеуметіңіз.

Балбұлақтың басындағы қораны бөлмекке кәмәсия келген. Оншақты үміткердің арасындағы айтыс-тартыс алыс-жұлысқа айнала жаздап, Үйгентастағы үйаралық ахуал кей құрылықтардағы халықаралық жағдайлардан бетер шиеленіскен. Кәмәсия мүшелері қатты сасқан. Біреулері жалбыз жұлып, екіншілері андыз сындырып иіскеген боп, жанжалдың бейбіт түрде басылуын Жаратушы Иеден жалбарына тілескендей-тұғын.

Пенде шіркіндердің әулекі әрекеттеріне қиналған мөлдір бастаулар жалт-жұлт жалтақтасады-ай. Кенет, көке, қайдан, қалай тауып ала қойғанын қайдам, сіздің әпкеңіз қолындағы он алтыншы калибрлі, ескі мылтығынан аспанға оқ атты.

Айғай-шу сап тыйылды. Өмір бойы кетпен шабумен, қалқоздың қойын бағумен, сақпаншылықпен, соңғы жылы қозыдан тоқтыға айналған қиын отардың бейнетімен буылтықтана шыныққан білектерін сыбанып, қаруын қайта көтерді. Енесінен қалған екі күміс білезігін күздің кемпіршуағына жарқ-жұрқ еткізе ентігіп, бұй деді-ау сонда әпкеңіз:

– Он шақты үміткердің қайсысы қалқозға, қой шаруашылығына менен артық еңбек сіңірдім десе, алға шықсын! Шынымен сондай адам табылса, тас қора сонікі. Табылмаса, менікі! Жалғандыққа жол бергенді бірден атып тастаймын! Кәне, шықсын!

Секундтар сыртылдады. Минуттар митыңдады. Жалбыздар тербелді. Андыздар шайқалды. Он минөттей уақытта он шақты таласкердің бірде-біреуі тырп етпеді. Әпкеңіз тағы да:

– Таланға түсіп, таражға кеткен қалқозды қирандыға айналдырған басшыларың тұрсыңдар, қосшыларың тұрсыңдар. Кәмәсияларың келіпті. Қырық мыңға жуық қойды бартерге деп... Жеп... Жұтып қойғандар кімдер?! А-а-а-а?! Кімде-е-ер?!.. Айтатын адам бар ма?! – деді.

«Кімде-е-ер?!.. А-а-а-а?! Де-е-ер?!..» деген жаңғырық тау-тастарды, сай-салаларды аралап кете барған.

Ақырында, ағатай, Балбұлақтың басындағы байырғы қора бізге тиген.

Сіз келмейтінге кеттіңіз, көке. Неге өйттіңіз? Дей алмаспын. Жазушылардың жағдайы нашарлаған. Нағашыларыңа қиын. Десетін. Кейбір кісілер. Бара алмадық біз-дағы. Той-томалақтарда асығыс амандасып, аз-кем ғана жөн сұрасып, асығыс түрде қоштасатынбыз. Үйгентас ауылының тұрғындары тірі жазушының бірі хақында тіс жармайтынға айналған.

Клуб меңгерушісі кітап кеміруінен танбады. Ойпаңдағы үйімізде ой үстінде жатады. Қалқозда істеп көрмеген. Өмір бойы ауылдық кеңеске қарасты клубтың қызметінде жүрген. Шырылдауық шегірткеше әндетіп-әуендетіп, әдебиет дейтұғын әлдененің өнбес те өшпес әңгімесін шерте әпенделеніп, секеңдеп жүре беріпті. Сіздің жездеңіз, біздің әкеміз жөніндегі қоғамдық пікір осылайша аунап түскен. Осынау себептерден ол кісіге жекешелендіру тұсында түк те тимеген. Өзі де ұмтылмаған. Қалдаяқовтың қайығында кітап оқып жата беретін.

Күндердің күнінде клуб та жекешеленді. Әлдебіреулер тиын-сиынға сатып алып, бұзып әкетісті. Премьер-министріңіздің оңтайландыру саясаты ойран салды. Білесіз оны. Ауылдық кітапхана мектеп кітапханасына қосылды. Ауыл кітапханасының мүлік-мүкәмалы мектепке сыймастан, мыңдаған кітаптар өртелді. Боралдай бұлақтары басталар тұста саз бар еді ғой, нағашы. Міне, сол сазды түбекте кітаптар үш күн, үш түн бойы жанып жатыпты. Ең сорақысы сол, жаңа бастаған кітаптарға жаны ашыған жалғыз адам табылмапты. Таудан, Балбұлақтың басынан түнделетіп жеткенімде ше, көкетай, қарауыта қабарған күлтөбені ғана көрдім.

Жездеңіз клуб пен кітапхана күйігін көтере алмаған. Ішіп кеткен. Үш-төрт күндей үн-түнсіз бүктетіліп жатқан. Тағы да төрт-бес күндей шырт ұйқысынан шошып оянып, әлденелерді алақтай айтып жүрді. «Кітап өртенген жерден өре түрегелген бірдеңелер жабыла жүгіріп, қуып берді. Зорға құтылдым...» дейтін.

Ақырында айқара ашылған көркем кітапты бетіне басқан күйі бақилық болды. Жерлеуге жетіп үлгердіңіз ғой. Өзіңіз. Бір түнеп, қатты қайғырып, қайтып кеттіңіз.

Үйгентаста кітап оқу күрт кесілген. Тоқсан жетінші жылғы қыста тауда да, бауда да ағаш сирегенін білесіз. Тоқсан сегізінші жылдың қақаған қысында үйгентастықтар кітаптарының жарым-жартысын отқа тамызық етіскен. Екі мыңыншы жылыңыздан бастап үлкен-үлкен шаһарларыңыздағы ірі-ірі олигархтарыңыз, байбағландарыңыз мейрамханалары мен мейманханаларының, басқа да басты-басты ғимараттарының ішкі интерьерлеріне өзгеше өзгерістер енгізді емес пе? Құрылыс материалы ретінде кітап сорлыны сорлатып пайдаланбаққа көшті ғой солар. Қызық-ай. Тұтас қабырғалардың тұла бойына, тұтас дуалдарына дестелей нығыздап кітап қалап қояды. Аттары да, авторлары да, бедерлері мен бәдіздері де көрінбейді. Ішкі жақтарында іштен тынады. Сондай сән, мықты мода белең алып, бәсеке басталған. Бүгінде мүлде үдеп кетті ғой, көке. Мыңдаған, миллиондаған кітаптар құрылыс материалы боп тұрыпты.

Үйгентастың ғана емес, өзге ауылдар мен аймақтардың кітаптары темір көліктерге тиеліп, Таразға, тағы да талай-талай қалаларға тартқан. Алғашқыда аздап-аздап тартынғандар табылған. Біздің ауылда. Төлем мөлшері еселенген соң, қатардағы қарапайымдарды былай қойып, мұғалімдерге дейін кітап атаулыдан мақұрымданған. Мектеп кітапханасы да ойсырай ортайған.

Сөйте-сөйте Үйгентастағы жүз жиырма төрт үйдің түгелге жуығынан көркем әдеби кітапты емге таба алмастай ахуал қалыптасқан.

Оқырман да қалмаған. Жездеңізден кейінгі үш-төрт жылда белсенді оқырмандардың бірінен соң бірі қайтыс болғанын қарасаңызшы, қайран-ай!

Ауылдастармен аралық алшақтап бара жатты. Бірте-бірте бұл жұртыңыз көпе-көрнеу келемеждеп-кекетпекке көшкен. Сіздің жиеніңізді. Кекесін кернеген. Саналарды. Санасыздарды. Оқымақты доғарғандар ақымақтанбаққа кеткен. Шынымен-ақ, көркем кітап оқу, ақын-жазушылар туралы айту, өлең мен әңгіме, хикаяттар мен романдар хақында пікірлеспек ерсі саналар кезенейлі кезең де келіп жеткен. Еліңізге. Оның ішінде Үйгентасыңызға.

Жылдар жылжыды. Сулар сусыды. Кітаптан көз жазып қалғандар топастана түсті. Жалғыз қалдым. Оқырман ретінде. Көке! Көркем дүниелердің сәулесін сезе алмайтындарды жездеңіз қатты мүсіркеуші еді ғой. Мүсәпір санайтын. Ендігі тобырлар, досжарандарыма дейін, мына мені мүсәпір көріп, қашқақтайды. Өзіңіз де өмір бойы меңзеп-мәністеп, мейірімді жүдетіп, жоғалтып алмауға үндеп келесіз ғой. Қорқыныштарым мен қауіптерім қалыңдап, қабыздап бара жатты, нағашы. Құлақтарыма шаншу боп қадалып, ысқыра ышқынатын шуыл үдеген. Мейірім мен махаббат, сезімталдық күн өткен сайын жүдеп-жадап бара жатқандай, жездеңізше шошынатын кездерім көбейді.

Балбұлақтың басынан ойпаңдағы Үйгентасқа түспестен, тұйықтанып жүрдім. Оңашалықты қалаймын. Кітапқа құнығып бас қоямын. Клуб меңгерушісінің орнына өзімді қойсам, жүрек шіркін шаншиды-ай. Жаным жаншылады-ай. Хал-күйімді тереңнен түйсінетін қайран шешем, сіздің сезгір әпкеңіз жаныма жалау болып желбірейді-ай. Келініне, немерелеріне ақылын айтады. Сәби көріп, басымнан сипайды. Көптен бері анашымның ақ жүзіне анықтап қарамаған екем. Қасымда жүрсе де. Қу тірлік деп жүріп. Кітап кеміріп жүріп. Кенет әпкеңіздің бетінде әжім шиырларынан сау-тамтық қалмағанын, қатты қартайып кеткенін көріп, селк ете түстім. Самайларынан уыс-уыс ақ шаш төгіліп, жанарлары тұманытып тұрыпты. Әкеден өлідей, шешеден тірідей қаншалықты алыстағанымды аңғардым, аға.

Таңданыстан теңсетілдім, көке. Алайда анашымның соншалықты шаршап-шалдыққаны, менің көзіме қартайып көрінгені былайғыларға түк те білінбейтін. «Фермер апа» деп қызығатындар көп. Қой қораны қарумен қаратып алып, байып кетті деп қызғанатындар да аз емес. Сіздің әпкеңізді Үйгентастағы қатарластарынан әлдеқайда жас көрінеді десетін. Кім білсін-ай, кім білсін. Бәлкім, басқа кейуаналар біздің шешемізден де қаттырақ қартайған шығар. Біз пақырларыңыз оны сезбейтін шығармыз.

Кімнің қартайып, кімнің жасарғанын қайдам, әйтеуір әдебиет кітаптарынсыз қалған, оқудан, ойланбақтан аулақтанған адамдар аса қорқынышты еді. Айтаққа арсылдап, айла мен алаяқтыққа біржолата бой алдырғандар, айналаға аңғарып емес, аларып қарайтын қараулар басымданғандай.

Қой бағып жүріп, ой баға бермек те бірдеңеге апарып соқтырады екен дә, көке. Қасқырлар қатты басынатын болды. Қорадағы қойдан қалағандарын арқалап әкететінге айналды. Тараздағы жиеніңізбен ақылдасып, қораны қаттырақ нығайттық. Қараңғы түнде кіре алмаған қасқырлар шаңқай түсте тиісетін әдіс тапқан. Мыңшақты маңыраманы самал саулап тұратын Бүйрекбеткейге иіріп, келініңіздің мәнерлеп пісіретін мәнтісінен кейін кітап оқу әдетім еді, көке. Қасқырлар оны да көп көрді-ау. Жойқын жыртқыштар үйлері кітапсызданған үйгентастықтармен үйлесім тапты. Жаудай шапты. Жиеніңізге. Тапа-тал түсте тамақтағанын тамақтап, арқалағанын арқалап әкете баратын болды.

Бір жолы түскі тамақтан кейін кітап қызығын қия алмай, екі сағаттай кідірістеп, Бүйрекбеткейге атпен шықтым. Тоғыз қасқыр тоғыз қойды тістелей сүйреген күйі жықпылдарға сіңіп үлгерді. Қуып жету де, тауып ату да мүмкін емес еді. Атып та көрдім-ау ақырында.

Тағы бірде түстеніп алып, кітап оқығам. Қасқырлар қайта-қайта шаба бермес, неғыпты сонша. Деп. Қыратта жусатып кеткен қойыма жетсем, талайы тамақталып жатыр. Бір дәу қара қойымды қолдан сойғандай етіп, етін тазалап жеп, терісін жайып, басымен бірге қалдырған. Қасекендер. Көрмесең, сенбейсің. «Қойдың басын өзің-ақ жей ғой, жазушының жиені» деп, мазақтап кеткендей. Шыдай алмай, аңдымаққа бел байладым. Мылтық қолда, оқшантай белде. Түскі тамаққа бармастан, бұғып отырғам. Тобылғының түбінде. Тоғызы шыққан. Бүйрекбеткейге қарата бүлкіл қағар қарсаңда қарсы алдымда топтанғанын қараңыз. Жүрек атқақтап, алқымға тірелді. Қасекендерде қылаудай қауіп жоқ сияқты. «Қаншама қиянат жасадық саған, адами зат. Ал енді бізді ат!» Десетіндей.

Аттым-ау, обалы нешік. Көздеп тұрып-ақ басқандай ем. Қосауыздың қос шүріппесін. Біреуіне де тимеді ғой. Тимеді. Тигізе алмадым, аға. Тоғыз қасқыр титтей де аспай-саспай, асықпай-аптықпай, өзгеше өнер көрсетіп, ирелең соқпақтармен билей жарысып, биіктеп бара жатты. Адами затпыз ғой біз, көке. Түлкіні қу деп ойлаймыз. Сұм деп айтамыз. Жазасыздар сіздер. Сөйтіп. Шындығына келсек, түлкілеріңіз қулық-сұмдық жөнінен қасекендердің қасында жіп есе алмасқа кеткелі қаш-ша-ан...

Үлкен қаладағы үлкен жиеніңіз қызын ұзатты ғой, көке. Ойы-ба-ай, аға, жаңа құдаларымыз Қазақстаныңыз бойынша құрылыс материалдарын саудалайтын бизнесмендердің бірегейлері болып шықты. Тараз түгілім, Алматыдағы алып «Строймаркеттердің» бірталайы біздің құдалардікі екен дә-ә-ә. Құдалыққа барғанда көріп, талып түсе жаздадық. Оларды біз де шақырдық. Боралдай басындағы кітап өртелген сазды түбекте күттік. Балбұлаққа апардық. Қысқы қораларымыз, мың шақты маңырамамыз, жүз шақты жылқымыз көңілдеріне қонды, көке. Әбиір болды ғой. Деді. Әпкеңіз. Құдалар кеткен соң қатты жылады. Қуаныштан, әрине.

Міне, айналайын ағатайым, көптен бері көріспей-біліспей кеткен көкешім, ұзақ-сонарға созылған хатымды аяқтауға таядым.

Жиеніңіз кешірілмес қылмыс жасады деп ем ғой. Үшбу хатымның басында. Иә-иә, қылмыскермін мен. Құдалықтарды әбден атқарып болған соң, ары да ойландым, бері де ойландым. Толғаныска түстім, көке. Есептеп кеп-кеп қарасам, бір жылдың ішінде тұп-тура елу қойымды қасқырға жегізіппін. Осы бір жылыңызда ше, елу кітап оқыппын. Қалған кітаптың өзі де сол еді. Елу ғана.

Түпкілікті шешімге бекіндім. Елу кітапты жаңа «Джип» көлігімнің артына арттым. Боралдай өзенінің ағысы күшейетін, құлди-құлама тұсына жетіп тоқтадым. Кітаптарды ақырындап жерге түсірдім. Күзгі көкке жайып тастап, қимағандай қарап біраз отырдым.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» дейтұғын қызғылтым кітабынан бастадым. Аққөбіктене сарқыраған суға лақтырдым.

Қош бол, кітап...

Бір батты. Бір шықты. «Ақбілек». Шыркөбелек қақты қайран кітап. Асау ағыс асығып ала жөнелді. Ақбілек қыз сыңсығандай. Аянышты дауыс естілгендей. Бір-бірлеп лақтырамын. Мұхтар Әуезов. «Қилы заман». Ғабит Мүсірепов. «Этнографиялық әңгіме». Әбдіжәміл Нұрпейісов. «Қан мен тер». Әбіш Кекілбаев. «Шыңырау». Шерхан Мұртаза. «Ай мен Айша». Мұхтар Мағауин. «Көк кептер». Сайын Мұратбеков. «Көкорай». Дулат Исабеков. «Тіршілік». Оралхан Бөкей. «Кербұғы». Төлен Әбдікұлы. «Оң қол». Бексұлтан Нұржекеев. «Бір өкініш, бір үміт». Несіпбек Дәутайұлы. «Айғыркісі». Тұрсынжан Шапай... Нұрғали Ораз... Бір қарасам, сіздің де кітаптарыңыз... Көке-е-е-е!

Прозаның шаруасы бітті. Поэзияға қол салдым. Қол салғанда, мол салдым. Бес-алты кітапты лақтырған сайын үзіліс жасаймын. Айқайлап жылаймын. Өксимін. Өкіремін-ай. Өкінемін-ау. Бәрібір, алған беттен қайтқым жоқ.

Қош бол, кітап... Ең соңғы оқырман мен едім. Дедім. Үйгентастағы.

Бүгіннен бастап басқаландым, аға. Бәлкім, топастанған тобырдың бір мүшесімін. Мүмкін, қоғамдастарымның қатарына қосылдым. Енді олар қашқақтамас. Кекетпес. Сотым – сізсіз. Көке. Қылмыс жасағаным рас.

P.S. Баяғы шығармаларыңызда постскриптумды жиі қолданатынсыз. Мен де сөйтейін. Елу кітапты суға ағызып қайтқанымды әпкеңіз біліп қойды. Өзінен-өзі күбірледі. «Мына таудың арғы бетінен Арыс, бергі бетінен Теріс басталады ғой. Екеуінің ортасында тірі пенделердің көзіне көрінбейтін үшінші өзен бар. Десетін. Бағзыдағылар баян ететін. Сенің кітаптарың сол өзенмен ағып отырып пейішке кірер... Әкеңе жетер...» Деді әпкеңіз. Мұңайып.

Түнде түс көрдім, көке. Менің марқұм әкем, сіздің жездеңіз жұмақта, хор қыздарының ортасында суға ағып кеткен кітаптарды кептір-е-еп, құрғате-еп, құныға оқы-ы-ы-ып отырыпты.

Дұғай да дұғай сәлеммен,
қылмыскер жиеніңіз Қойшыман.

2016 жылғы қазан.
Балбұлақтың басындағы қора.

КӨЗІНІҢ ҚАРАШЫҒЫНДАЙ

ҚАЗАҚЫ ТАЗЫ – ҚАЗЫНАМЫЗ

(Басы 1-бетте)

Шынымды айтсам не деп жауап қатарымды білмедім... Расында біз той тойлаудан, түрлі басқосуларға барудан, ән айтып, концерт тамашалаудан, арзан күлкіге қарық болудан, біреудің өмірін сөз етуден, суреттен суретке түсуден қолымыз тимей жүргенде, Қазақстанның бір немісі жалғыз өзі қазақ тазысының, қазақы төбеттің жоғын жоқтап, жан ұшыра шырылдап жүр... Бельгер деген қазақ әдебиетіне, мәдениетіне, қазақтың тағдырына жаны ашыған бір немісті білуші едік. Міне, енді қазақтың жоғын жоқтаған екінші немісті көріп отырмын. Өз саласының жетік маманы екен, бұл кісінің үйреткен иттері халықаралық жарыстарда жүлделі орындар алыпты.

– Екі ұлым қазақ тілінде таза сөйлейді, заман солардыкі ғой. Осы саланың ортасында жүргендіктен, қазақ тазысының тағдырына бейжай қарай алмадым, уайымдаймын, инфаркт те алдым, – дейді жанын қоярға жер таппай...

Әгәрәки, ғайыптан тайып оларға тіл бітсе:

«Оу, адамдар! Ием-ау, сендерге үш мың жыл адал қызмет еттік, аштықтан сақтадық, саятшылықта қанжығаларыңды талай майладық, мал-жаныңа қарауыл болдық, «қазақтың тазысы» мен «қазақы төбет» деген атымыз бар, бізді неге ұмыттыңдар? Жаңғырудың бір саласын бізге бағыттасаңыздар, бізді құқықтық қорғауға алсаңдар, әлемдік көрмелерге бізбен мерейленудің реті келіп-ақ тұр емес пе? Пирамидадағы папирустардан түркінің Тазысы туралы жазбалар шықса не дейсіздер? Біздің тұқым азып барады ғой... Неге сонша түңілдіңдер? Ит те болсақ біз осы Тұран топырағының бір мүшесі емеспіз бе? Талайдың қанжығасын қандап едік, енді өзіміз өзгенің бөстергісінде кеткеніміз бе? Ата-бабаларыңмен бірге жасап келе жатқан жеті қазынаның бірі – мен! Ауланнан ақсақ тана жоғалса атқа қонасыздар, біз де жоқтауға лайық едік қой... Сіздер рухы асқақ, көкбөрінің ұрпағы атанған елден емессіз бе?!» дер ме еді, бәлки?..

Владимир Владимирұлын мұқият тыңдадым. Бар айтқаным: «Қолымнан келгенінше халыққа жеткізейін, елге айтайын, осы мәселені тиісті деңгейде көтере алады-ау деген ұлт жанашырларына жеткізейін, депутаттарға айтайын, Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының президенті Бекболат Тілеуханға жеткізейін, қанша дегенмен ер-азаматтар ғой. Қазақта «Нар жолында жүк қалмас» деген сөз бар. Бір реті болар...» дедім.

Ойым он сан... Айтарымды айтқаныммен, бұл мәселеге жаны ашитын, оны тиісті деңгейде көтеретін тұлғалар бар ма?

P.S. ...2018 жылғы 23 қараша күні Бекболат Тілеухан Ұлттық арнаға жаңа жылдық түсірілімге келетінін естіп қатты қуандым. Ағамыздың жолын түн ауғанша күтіп, кездесіп, мәселені түсіндіріп, қазақтың тазысы мен төбеті туралы мақалаларды қолына ұстатып, Владимир Владимирұлы Экктің байланыс телефондарын бердім. Тым-тырыс...
Ағайын, қазақтың тазысы мен төбетінің мәртебесін заң жүзінде қорғайық. Ит жылын босағадан кеше ғана шығарып салып тұрып иттерге иттік істемейік. Хандар мен билеріміз төріне оздырған Тазының тағдыры қатты алаңдатады...

Жаңылхан МӘМЕЖАНҚЫЗЫ,
«Қазақстан» ұлттық арнасының продюсері

БІЗДІҢ КУРС

Өнерлі отбасында туған соң, менен тек актер не режиссер шығуы керек екенін санама сіңдіріп қойған. Тек Нарынқол ауданы Қайнар ауылынан мектепті бітіріп келген кезімде бірден ол институтқа түсе алмадым. Себебі мектепті алтын медальмен аяқтадым да, біздің аттестат пен медаль кешігіп келді. Ал Театр және көркемсурет институтының емтиханы шілденің басында басталып кететін. Іш құса болып қашанғы жатасың, ақыры, ата-анам көндіріп, басқа институтқа тапсыруға тура келді. «Нархоздан» (Алматы халық шаруашылығы институты) бір-ақ шықтым! Алтын медаль иесі ретінде бір емтиханды беске тапсырып, түстім де кеттім. Үш жыл сонда оқыдым. Достарымды, бірге оқыған қыздарды театрға сүйрелеп, олардың біразын кәнігі «театрал» жасадым. Олар көргеніне тамсанып шығады, мен күрсініп, күңіреніп шығамын. «Мен де осы сахнада жүрер едім ғой, мына жерде не істеп жүрмін?» деген өкініш өзегімді өртейді...

Асқар НАЙМАНТАЕВ:

«НАРХОЗДАН» өнерге әрең ауыстым...

«Нархоздағы» достар – Шымкентте Жаңабай Сойбеков облыстық Қаржы мекемесінің бас маманы, Маңғыстауда Әлібек Қиынов, Рахмет Жалғасбаев жеке кәсіпкерлер, Жаркентте Бейсен – әкімшілікте, Алматыда Аманқұл Садыров – Мемлекеттік Кіріс комитетінде басшы, Эльмира Идрисова мен Есенбай Исламов университеттің проректорлары, Оралда Эльмира Тілепбергенова «ҚазТрансОйл»-да қызметте жүр.

Студент шақтың қызығы да, қиындығы да қатар жүреді ғой. «Нархозда» Аманқұл студсовет болып, Кеңес өкіметі дүрілдеп тұрған кездің өзінде бізді шақырып, бір қызық бастама бастаған. «Нархоздың» жатақханасында «Қазақша дискотека» өткіздік. Ана тілімізді асқақтату былай тұрсын, қазақ тілінде сөйлеу арман болған кездері Аманқұлдың бұл бастамасы бомба болатын. Сол шара студент жастар арасында қолдау тауып, дүркіреп өткен еді. Бедел деген бетке емес, ақыл-парасатқа беріледі. Аманқұл әлі күнге достың да, туыстың да ортасында беделді, ақылшы, тіпті кейде көшбасшы. Сол кездегі абыройына осы уақытқа дейін дақ түсірмей, облыс көлемінде біраз аудандарда басшылық қызмет жасап жүр.

3-КУРСТА ТЕАТРҒА РЕЖИССЕР БОЛДЫМ

«Жазмыштан озмыш жоқ» дегендей, 1984 жылы кенеттен әкем қайтыс болды. Мен академиялық демалыс алып, ауылға келдім. Себебі жалғыз баламын, шешем ғана қалды, жанында болайын деп шештім. Келе сала сол әкем сан жыл басқарған Нарынқол халық театрына режиссер болдым. Мектеп сахнасында бірнеше спектакль қойып, ауыл-елге шамам келетінін бала кезде дәлелдеп қойғасын болар, мені баласынбай қабылдады. Театр және көркемсурет институтына режиссерлыққа тапсырып көруді ойлап, бардым. Қазақстанның халық артистері Асқар Тоқпанов пен Маман Байсеркеұлы қабылдап жатыр екен. Менің білімімді, ойлау, көру қабілетімді Асқар аға жақсы бағалады. Сол жылы түсіп те кетер ме едім, құрғыр құжаттарды «Нархоздан» ала алмадым... Мойным салбырап, ауылға қайттым. Келесі жылы «Нархоздағы» деканым Виктор Даикович Ли мырзаға жалынып, «түсе алмасам қайта келіп оқуды жалғастырамын» деп уәде беріп, құжатты «шілде айының 11-іне дейін беруге рұқсат» деген қолхатын алып, армандаған жеріме тапсырдым.

Өнерлі отбасы мен өнердің ортасынан келген мен үшін «театр және кино актері» мамандығына түсу аса қиын болған жоқ. Жалпы біздің кезімізде ол институтқа түсу қиын болатын. Жүзден жүйрік алынатын еді. Ол институтқа түсерде сахнаға бейімділігіңмен бірге оқыған білімің, өнер жайлы түйсік-түсінігің қоса сынға түсетін еді. Бала кезімнен үйіміз әлем әдебиетімен бірге театр, кино, сурет өнері жайлы кітап, журнал, газеттерге толы болды. Менің оқыған, білген, тоқығаным қабылдап отырған ұстаздарды таңдандырды, әрине. Соның өзі көп көмек болды. Ол үшін әкем Әбдіғалым Наймантаевқа рақмет! Менің оқып, білгендерім соның жиған-тергені ғой.

КСРО халық артисі Хадиша Бөкеева апайым өте сабырлы, қатал, мейірімді, талапшыл, жадырап отырып жаныңды суырып алатын қайталанбас Ұлы ұстаз ғой. «Балақай, надандықтың да шегі болу керек қой» деген ол кісінің ең ауыр сөзі еді. Оны естігенше өлгенің артық. Соны айтқызбауға тырысатынбыз.

Театр және көрсемсурет институты мен «Нархоздағы» достарды бір-бірімен таныстырып, достардың санын көбейтуге тырыстым. Көпшіл студент болдым. Екі оқу орнындағы курстастар арасындағы достық байланысымыз әлі де үзілген жоқ. Ал өнерді бірге оқығандардан студенттік кезден жанымда жүрген Отаралы Көлжан, Павлодар театрының белді актрисасы Гүлжанат Омарова, танымал киноактриса Гүлнар Байбосынова. Гүлнардың қазір жеке кино түсіретін орталығы бар, біраз дүниеге демеуші болып жүр.

Театр институтындағы курстастарымның ішінде қыздардан көріксіз деп ешкімді айта алмайтын едік. Ұстазымыз Тұңғышбай аға Жаманқұлов осы күнге дейін «Сұлудың бәрін сүзгіден өткізіп отырып, таңдап алған асыл қазыналарым менің!» деп мақтанады.

«ЖЕЛТОҚСАНДА» МІНЕЗ КӨРСЕТТІК...

Біз кеңес дәуірінің құлдыраған шағына дөп келген ұрпақпыз. Әр кезде күліп отырып еске алар сәттеріміз көп. Уақыт өте келе күлкіміз күрсініске, сағыныш пен өкінішке айналады екен. Бірге оқыған біраз достан айрылып қалдық. Бүгінде старостамыз болған Алтынбек Абылқасов, Оразбек Қасымбеков сынды азаматтар қатарымызда жоқ. Біздің студенттік жылдарымыз атышулы «Желтоқсан» оқиғасымен қатар келді. Үгіттің басы, жазылған транспоранттар біздің институттың жатақханасынан шыққанын бүкіл ел біледі қазір. Мәскеу мен Киевтен келген КГБ тергеушілері біздің жатақханада айлап жатып, тергеді, соттады. Ізімізге түсті. Біз жастығымыздан ғана айрылып қалған жоқпыз, сенімнен де, үміттен де айрылдық. Күмәншіл, кінәмшіл болып кеттік. Сол кезде жеген соққының салдары ішіме түйін болып қан ұйып, тоғыз жылдан кейін үлкен гематомаға айналып, ота жасап, жаным әрең қалды. Біздің қызығымызды ұрлаған ызғарлы үш күннің үсігі бойымызды әлі тітіркендіріп жүр. Қызымыз да, ұлымыз да осы «Желтоқсанда» мінез көрсеттік, курсымыздан бір жігіт сотталды, бір қыз оқудан шықты, мен комсомолдан шықтым, оқудан кетпеуіме сол кездегі ректорымыз Сәкен Дәрженов пен Тұңғышбай ағам себеп болды.

Біздің буын сіздердің айдарда көбіне өмірлік серіктерімен студент кезде танысып, табысқанын айтып жатады екен. Мен де жұбайым Майраны студент кезде жолықтырдым. Ол «Нархозда» бірге оқыған досымның бірі Эльмира Тілепбергенованың сіңлісі еді. Әпкесіне демалыс кезінде келіп жүрген кішкене ғана аппақ қыз болатын. 1984 жылдың 8 наурызында «Нархоздағы» қыздарды мерекесімен құттықтап, дастарқан жайдық. «Жайдық» деген аты ғана ғой, қыздар жайды, біздікі тасып беру. Сол күні Майраны алғаш рет көрдім... «Кішкентай аппақ қызды» қорықпасын деп, басында әпкесінің досы ретінде шығарып салып жүргем, ақыры өзіміздің үйге шығарып салыппын ғой. Әпкесі Эльмирамен әлі күнге дос ретінде сырласамыз. Кейде сіңлісін де тыңдамай қоятын кездеріміз бар. Бүгінде шүкір, Ділбар және Бекнар деген бір қыз, бір ұлымыз бар.

Дайындаған
Ақбота МҰСАБЕКҚЫЗЫ

ҚҰРАҚ КӨРПЕ

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Салқын кездегі сырқаттар

Қыс күшіне мінді. Боранды, аязды бұл мезгілдің ілестіре келетін өзіне тән сырқаттары да бар. Бір сөзбен оларды суықтан болатын аурулар әйтпесе жай ғана салқын тию деп атайды.

Салқын тию жұқпалы, ғылым тілімен айтқанда – инфекция. Байқамаған адам оны басқаларға таратады. Сондықтан науқас инфекцияға ұшырағанын әп дегеннен-ақ ажыратуға тиіс. Ондайда адамның түшкіруі жиілейді, жөтеледі, тамағы ауырады. Ол індетке шалдықтыратын қоздырғыш – вирус. Олардың жалпы саны 200-ге жуық. Сол себепті де бір адам салқын тиіп жылына бірнеше рет ауыра береді. Салқын тию сырқаттарының ішіндегі ең жиі кездесетіндері өңештің, өкпе тармақшаларының, тамақ пен таңдайдың қабынуы (трахеит, бронхит, пролонгит, т.б.). Бұл сырқаттар медицинада, бір сөзбен, жоғары тыныс жолының жедел вирусты инфекциялары (ОРВИ) деп аталады. Бір-бірінен аздаған айырмашылығы болғанымен, бұл кеселдердің белгілері ортақ.

ҚЫР-СЫРЫ МОЛ ДҮНИЕ

Кездейсоқтық па, әлде...

Пирамидалар қай кезде болсын бүкіл дүниежүзі ғалымдарының назарын аударып келді. Өз заманында Плиний де: «Пирамидалардың даңқы бүкіл әлемге жайылды» деп жазған еді.

Содан бері мыңдаған жылдар өтсе де, бүгінде сол пікірге қосылуға тура келуде. Қайта пирамидалар қазіргі біздің түсінігіміздей емес, олардың жасы әлдеқайда кәрі әрі оларды салудың мақсаты да басқаша деген пікірлер нығайып келеді.

Ресми ғылым Гизадағы Ұлы пирамиданы біздің ғасырымызға дейінгі 2520 жылдар шамасында мазар ретінде салынған деп дәлелдейді. Бірақ оның тұрған орны мен аумағы да Хеопс пирамидасының жер бетіндегі құпиясы ашылмаған ең жұмбақ құрылыстардың бірі екенін дәлелдейді. Себебі нақтылы жүргізілген есептерге қарағанда, пирамида жер шарын тура екі жарты шарға бөліп тұрған сызықтың дәл үстінде орналасқандығы айқындалды. Бұл кездейсоқтық па немесе құрылысшылардың асқан даналығымен тәжірибесінің нәтижесі ме?

ҚЫЛҚАЛАМ

Линогравюра

Суретші бейнелемек көрінісін линолеумге салады. Ол үшін линолеум алдын ала жуып тазартылып, құрғатылған болуы керек. Сурет әбден дайын болған кезде, штрихели деп аталатын қашаумен қияды.

Ағаштағыдай, линолеумге де кейін қарамен боялатын жерлерге тимейді де, ақпен боялатын жердің бір қабатын әбден қырнап, алып тастайды.

Сурет әбден ойылып шыққаннан кейін типография бояуы жағылып, үстінен қағаз төсеп, линография тақтасына апарып тезге салады.

Белгілі қылқалам шебері И.Голицынның «Балконда» атты линогравюрасында таңғы шыңылтыр ауада түнде жауған ақша қар көздің жауын алып жарқырап жатыр. Қыстың аязды күнінің жым-жырт тыныштығын айтпай-ақ сезіп тұрғандайсың. Өне бойын қырау басып мүлгіп тұрған ағаштар соны білдіргендей.

ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ

Сусыз тіршілік жоқ

Жан-жануарлардың барлығы шөлін қандыру үшін су ішеді. Алайда олардың су ішу тәсілі сан алуан. Тұяқты сүт қоректілер суды сораптап ішеді.

Еріндерін жиырып алып, аузында кішкене ғана саңылау қалатын болғандықтан ұрты keріледі де, аузына мол су сиятын болады. Мысалы, зебра немесе бизон бір ұрттағанда аузына жарты литр суды бірақ толтырады. Алайда жыртқыштар суды жалап ішеді. Жолбарыстардың шөлін қандыруға 4 литр су қажет. Сондықтан сусаған жолбарыс ол суды ішу үшін тілімен 800 рет жалайды.

Тілімен сорып ішетін де жануарлар бар. Құмырсқа жегіш суды ұзын тілінің көмегімен ішеді. Ол үшін құмырсқажегіштер жарты метрлік тілін суға малып қойып, суды тілімен сорады. Кеміргіштердің көпшілігі-ақ суды тілімен сорып ішеді.

Қолымен немесе құйрығымен шөлін қандыратын да сүт қоректілер бар. Маймылдардың көпшілігі күні бойы үш-төрт стақан суға шөлін қандыра алады. Сондықтан павиан, макака құйрықтарын суға малады да, құйрығына жұққан суды сорады. Ал гиббон шөлдеген кезде ағаш бұтағынан суға қарай қолын созып жіберіп, оны суға малады да, суланған саусақтарын сорады. Бамбук аюы да табанын суға малып алып, табанына жұққан суды жалап ішеді.

Суды аузымен қарпып ішетін де аңдар бар. Сондай жануардың бірі – камшат. Камшат су ішінде аузын барынша ашып, суды қарпып-қарпып алып ішеді.

Әзірлеген Нұрлан ҚҰМАР

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Жүрсін ЕРМАННЫҢ көптомдығының тұсаукесері өтеді

Ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, М.Мақатаев атындағы сыйлықтың екі мәрте иегері, Айтыс ақындары мен жыршы, термешілердің Халықаралық одағының басқарма төрағасы Жүрсін Ерман Молдашұлының бес томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Бұл көп томдық ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен басылып шықты.

Ақынның бұған дейін «Жанартау», «Арайлы күн, армысың!», «Ұлытауға бардың ба...», «Құдіретке жүгіну», «Екі тізгін, бір шылбыр», «Құстың көлеңкесі», «Ырғай», «Арнадым сізге», «Көктөбедегі кездесулер», «Алыстан және жақыннан», «Асыл Ажар», «Ұларың қайда Ұлытау» атты кітаптары жарық көрген.

Көрнекті ақынның бес томдық шығармалар жинағының тұсаукесері Алматы қаласындағы Ұлттық кітапханада 25 қаңтар күні сағат 15:00-де өтеді.

КӨЗАЙЫМ

«Хабар» арнасы жаңа жылда көрерменін тағы бір қызықты телехикаямен қуантты. «Келінжан» деп аталатын комедияда ауылдағы келіндердің өмірі суреттеледі. 26 бөлімді туындының режиссері – Ернар Нұрғалиев.
Картинаның оқиға желісі бойынша Күлімхан апайдың үш ұлы бар. Олардың кішісі спортшы, бір айға жарысқа кетпек. Сол себепті жарын ауылға тастап, анасына аманат етеді. Қалада өскен жас келін ауылда тұрғысы келмейді, дегенмен, абысындары мен енесіне ұнау үшін ерте тұрып, сиыр сауады, дәмді етіп тамақ әзірлегісі келеді, ауланы тазалайды, алайда бәрі де сәтсіз.

«КЕЛІНЖАН» көрерменге жол тартты

– Бұл жерде ұзақ жылдар бойы отасқан отбасының өмірі мен жаңадан отбасылы болған келіннің бейнесін ала отырып, қазақы отбасындағы күнделікті тіршілікті, олардың араларындағы дау-дамайдың қалай шешіліп жатқандығын, кез келген мәселеде кімнің соңғы сөзді айтатындығын, өзіміздің халыққа тән қасиеттердің барлығын көрсеткіміз келді. Бәріміз ауылдан шықтық, бәріміздің жанымызда, қанымызда ауыл өмірі сақтаулы. Оны ұмыту мүмкін емес. Заман өзгергенмен, қазақ өзгерген жоқ, – дейді продюсер Гүлнұр Мамасарипова.

Сериал экранға шыққан күннен бастап көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп үлгерді. Туынды ойнақы, кез келген көрермен үшін түсінікті әрі жеңіл жазылған. «Кино деген өмір ғой. Сондықтан актерлердің әңгімесін, сөздерін ауыз екі тілде жазуға тырыстық. Біз өмірде әдеби тілде сөйлемейміз ғой, бәріміз де оқығанбыз, классикалық дүниелерді білеміз дегеннің өзінде де біздің күнделікті қолданатын лексиконымыз бар. Мен көбінде сериалдарымды сол лексиконның шеңберінде жасауға тырысамын, өйткені біздің көрерменіміз кім? Бұл өзіміз сияқты қарапайым қазақстандықтар. Олар өмірде қалай сөйлейді? Пікірлерін қалай білдіреді, соның барлығын назарда ұстауға тырысамын» деп ойын жалғастырды Гүлнұр Мамасарипова.

Картинадағы басты кейіпкер Күлімхан апаның рөлін – «Қалеки» театрының актрисасы, ҚР еңбексіңірген қайраткері Лейло Бекназар-Ханинга сомдайды. «Хабар» телеарнасының көрермендері актрисаны «Ана жүрегі» телесериалы арқылы жақсы таниды. «Мұндай ауылдан шыққан апалардың образын өмірімде бірінші рет сомдауым. Театрда да мұндай образды сомдаған емеспін. Дегенмен, ауылдағы апаларым есіме түсіп, әрқайсысының өмірде жасаған қызықты қылықтарын жинақтап, өзімнің кейіпкеріме салдым. Жүріс-тұрысы, отырысы, қарауы, даналығы, ақылдылығы, бәрін-бәрін жинақтап алдым» дейді актриса Лейло Бекназар-Ханинга.

Сонымен қатар сериалда Назар Сұлтанбаев, Сара Амангелді, Дариға Бадықова, Нұргүл Мыңбаева, Дәулет Өсербаев, Рустем Жанаманов, Сәуіржан Төлеш сынды актерлер ойнайды. Олай болса дүйсенбі-жұма күндері сағат 18.45-те «Хабар» телеарнасынан «Келінжан» телесериалын тамашалаңыздар!

Гүлнұр ДОСБОЛ

ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ
Құрылтайшы және шығарушы: «ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Бас директор – Редакторлар кеңесінің төрағасы
Шәмшидин ПАТТЕЕВ
қабылдау бөлмесі 272-87-30
kaz_gazeta@mail.ru
www.kazgazeta.kz

ANA TILI
- Бас редактор **Жанарбек ӘШІМЖАН**
- Бас редактордың бірінші орынбасары **Нұрперзент ДОМБАЙ**
- Бас редактордың орынбасары **Дәуіржан ТӨЛЕБАЕВ**

Бөлім редакторлары:
Әсел САРҚЫТОВА – Тіл мәселелері және этнография
Ақбота ҚУАТОВА – Білім, ғылым және мәдениет
Бағдагүл БАЛАУБАЕВА – Әлеуметтік мәселелер және ақпарат

«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдіктері:
Толымбек ӘБДІРАЙЫМ 8 701 345 7938 (Астана)
Жанғабыл ҚАБАҚБАЕВ 8 771 769 6322 (Ақтөбе обл.)
Батырбек МЫРЗАБЕКОВ 8 (7102) 90-19-73 (Қарағанды обл.)
Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ 8 (7292) 40-41-01 (Маңғыстау обл.)

(А) материалдың жариялану ақысы төленген

Меншікті тілшілер:
Ғазиз ЕСЕМБАЕВ (Астана) 8 7016048029
Өтеген НӘУКИЕВ (Атырау) 8 701 518 46 81
Орал ШӘРІПБАЕВ (Семей) 8 705 661 14 33
Оразалы ЖАҚСАНОВ (Қостанай) 8 777 230 71 84
Жарқын ӨТЕШОВА (Мәскеу) Zharkyn-1@yandex.ru

Фототілші Азамат ҚҰСАЙЫНОВ
Беттеуші Нұржан АСАНОВ
Корректорлар Алмагүл ҰЛТАНБЕКОВА, Мақпал САҒЫНДЫҚ
Хатшы-референт Назгүл БЕЙСЕМБАЕВА

Қоғамдық негіздегі кеңесшілер:
Ғарифолла ӘНЕС – филология ғылымының докторы
Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ – филология ғылымының докторы, профессор
Аягүл МИРАЗОВА – педагог-ұстаз, Қазақстанның Еңбек Ері
Талас ОМАРБЕКОВ – тарих ғылымының докторы, профессор

- Апталық Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 28 наурызда №17007-Г куәлігі берілді.
- Газет аптасына бір рет шығады.
- «Ана тілі» газетінде жарияланған материалдардың авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-ға тиесілі, жарнаманың мәтіні мен тіліне редакция жауапты емес.
- «Ана тілінде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газет авторларынан мақалалардың 3 беттен (14 кегль) аспауын, электрондық нұсқасымен қоса әкелуін сұраймыз. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, қолжазба кері қайтарылмайды.
- Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында жасалды. Индекс 65367. Офсеттік басылым.
- Газет: Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 үй. «Дәуір» РПБК ЖШС-нда, Тел: 273-12-04;

Тапсырыс №1602

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
050013, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 175, 4-қабат

РЕДАКЦИЯ ТЕЛЕФОНДАРЫ:
2-72-49-78 (қаб.бөлмесі/факс)
Бөлім редакторлары: 267-40-07
E-mail: anatili_gazeti@mail.ru

Таралымы 16310

Кезекші редактор **Бағдагүл БАЛАУБАЕВА**